	1.Ауа – райын бақылау Мақсаты: Ауа райындағы өзгерістерді аңғаруға және айтуға үйрету. Желдің бағытын қалай білу керектігін түсіндіру. Өз ойларын толық жеткізе білуге үйрету. 2.Қимылды ойындар: «Кім өз жалаушасына тез жетеді?» «Қуаласпақ» Мақсаты: Икемділікке баулу. Жеке жұмыс: Жұмбақ жаттау Бар ма, жоқ па оны анық білмейсің, 3.Еңбек: Ауладағы гүлдерге су құю. Көркем сөз: Жаңбыр, жаңбыр жау – жау, Көк белеңді сау – сау. 4 Жеке жұмыс қаптарды қашықтыққа лақтыру. 5.Еркін ойындар	1.Желді бақылау Мақсаты: Жел туралы мағлұмат беру, желдің түрлерімен таныстыру. 2.Қимылды ойын: «Аққу - қаздар» Мақсаты: Ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру, сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту. Ойын шарты: Құсшы құстарды жем жеуге босатады да, былай дейді: - Аққу – қаздар 2 жем жедіңдер ме? - Су іштіңдер ме? - Құстар жауап береді. Балалардың ішінен бірін қасқыр етіп сайлайды. Құсшы: Сақ болыңдар, аш қасқыр! келеді - деп дауыстайды. Аққу - қаздар иелеріне қарай ұшулары керек. Ал, аш қасқыр болса құстарды ұстап алып жеуге тырысады.	1.Ағаштың жапырақтарын салыстыра бақылау. Мақсаты: Ағаштардың түрлеріне қарай жапырақтарының да әртүрлі болатындығын көрсету. Аққайың ағашының жапырағымен таныстыру. Оны емен ағашының жапырағымен салыстыра отырып, айырмашылықтарын айтуға үйрету. Ағаштың пайдасы туралы өз ойларын жеткізе білуге баулу. 2.Қимылды ойын: «Шеңберге дәл түсір» «Өз ағашыңды тап» Мақсаты: Дене қимылдарын дамыту. Жеке жұмыс. 3 – 4 баламен маршпен дұрыс жүруді үйрету. 3.Еңбек. Ауладағы бұтақтарды жинау.	1.Ағашты бақылау. Мақсаты: Ағаш туралы мағлұмат беру, ағаштардың жыл мезгіліне байланысты құбылыстарын түсіндіру. Тақпақ жаттау: Қымыздық теремін, Көп қызық көремін. Апама сәукеле Гүлдерден өремін. 2.Қимылды ұлттық ойын: «Арқан тарту» Мақсаты: Ұлттық ойынды жаңғырту, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Ойын шартын бұзбай ойнауға үйрету. Ойын шарты: Балалар екі топқа бөлініп, арқанның екі ұшынан ұстап, белгіленген меже бойынша күш сынасып тартысады. Берілген межеден асып кеткен топ жеңіледі. Оларды өздеріне тартып алған топ мәреге жетеді. Сөйтіп ойын кезекпен жалғасын табады.	1.Гүлдерді бақылау. Мақсаты: Балаларға гүл туралы мағлұмат беру. Тақпақты жаттау: Гүл өсір сен бағыңда, Тұрсын көздің жауын ап. Бүршік жарған шағында, Үзе көрме жұлып ап. 2.Қимылды ойын: «Тығылмақ» Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа, қызығушылыққа тәрбиелеу. Ойын шарты: Санамақ арқылы бір бала тығылған балаларды іздеуші болып тағайындалады. Ал, басқалары тығылады. Тәрбиеші 10 - ға дейін санап болғанша, іздеуші бала көзін жұмып тұрады. Осы сәтте қалған балалар тығылып үлгерулері керек.

		Ұсталған аққу - қаздар, қасқырға көмектеседі. Сөйтіп аққу - қаздар азайып, біткенше ойын жалғасады. 3.Еңбек: Гүлдерге су құю. Мақсаты: Тазалыққа, бірлікке, еңбекқорлыққа баулу. Керекті құралдар: Күрек, су, шелек. 4. Жеке жұмыс. тақпақтар, мақал-мәтелдерді бекіту 5.Еркін ойындар	Көркем сөз. Жапырақтар, жапырақтар. Күз болғанда сарғаяды. Ал қазір тұр алдымызда, Жап-жасыл боп бояуы. 4.Жеке жұмыс. заттарды көлемі бойынша топтастыру. 5.Еркін ойындар	3.Еңбек: Ағаштарға су құю, арам шөптерін жұлу. Мақсаты: Ағаштарға қамқорлық көрсетуге баулу. (су құю, бұтақтарын сындырмауға үйрету) Керекті құралдар: Күрек, шелек, су. 4.Жеке жұмыс заттарды тустері бойынша топтастыру. 5.Еркін ойындар	Бірінші болып табылған бала, издесуге көмектеседі. Осылай ойын жалғасын таба береді. 3.Еңбек: Гүл егу Мақсаты: Гүлді өсіре білуге, табиғатты қорғауға, гүл табиғаттың бір бөлшегі екенін түсіндіру. Керекті құралдар: Гүл тұқымы, күрек, шелек, су. 4.Жеке жұмыс қадамды алмасырып жүру. 5.Еркін ойындар
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен шешуін қадағалау , топқа киетін аяқ киімдерін киюі және т. б.				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту, сүлгіні іліп қою,) Тамақтану (өз орнын отыру, дұрыс отыру, ас құралдарын дұрыс ұстау, тамақты ұқыпты ішу, сөйлеспеу, Алғыс айту)				
Күндізгі ұйқы	«Әлди-әлди» әнін тыңдату	Ертегі аудио таспадан қою	Бесік жырын тыңдату	Ертегі айтып беру	Ән тыңдату
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Күндізгі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары, Жалпақтабандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жолмен жүру)				
	Майтабанның алдын алу. (2 минут) Мысық сияқты аяқтың ұшымен шеңбермен жүру, екі аяқпен секіру, жүру орнымызға қарай жүгіру.	Аяқ ұшымен тұру Керуеттің ұасында тұру, Өкшелерді екі жақта, аяқ ұшымен тұру. Біріміз бірге еңкейейік.	Демалу жаттығулары Жел соқты уууу уууу уууу Жапырақтар желмен ұшты шшш шшш шшшшш Салқын сумен қолымызды бетімізді жуамыз.	Балалар төсекте жатып, бастарын оңға, солға бұрады. қолды екі жаққа созу, жұдырықтап жұму.велосипед тебу. Қолтырауын болып, бір қырынан төсек үстінде аяқ қолды созу.	Тыныс алу жаттығуы: Ку - ка - ру, ку - ка - ри – ку, ку - ка - ри - ку. Табанды шынықтыру массаждары: «Балапандар серуенге шықты» шик - шик - шик.
Бесін ас	Бесін ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі) балалардың тамаққа назарын аудару, мәдени тамақтануға тарту.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, басқа әрекеттер)	"Топ болайық" қимыл жаттығуы. Мақсаты: топта және сапта жүруге бейімдеу арқылы тақпақ жаттау. Алдымызда ұзынша, Жайылып тұр жолақша. Топ-топ басайық, Бірге жылдам барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп.	"Саусақтар" атты мультфильмін көру. Мақсаты: балаларды мультфильмді көріп, саусақтармен белгілі тәртіпте қимылдауға, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру.	Үстел-үсті ойыны: «Ойна да үйрен» Мақсаты: балалардың түстер, геометриялық пішіндер туралы білімдерін жетілдіру, баланың тілін, ойын, танымдық қабілетін дамыту. Балалар үстел үстінде өздеріне ұнаған суретерді алып, оның түсіне байланысты қарындашты	Қимылды ойын: Пойыз: Ду-ду! Ду-ду! Мен жүремін, Мен жүремін!-деп шулайды, Ал вагондар зулайды. Тақ-тақ-тақ! Тақ-тақ-тақ! Тақ-тақ-тақ! Тақ-тақ-тақ! Ұшақ болып, балалар, Ұшамыз биікке, биікке. Жоғары қарай тартыламыз, Енді жерге қонамыз, Қолымызды төмен түсіреміз.	"Шарлар дөңгелекте" Мақсаты: алақанның ортасымен ермексазды домалақтау. Түрлі түсті шарлар жасау. (мүсіндеу)

			және ол зат қандай геометриялық пішінге ұқсайтынын тауып айтады, құрастырады	Балалар бірінің артына бірі пойыз сияқты тұрады. Жұдырықтарымен айналдырады. Алқандарымен шапалқтайды. Аяқтарының ұшына тұрып қолдарын жоғары төмен көтереді	
Балалармен жеке жұмыс (Баланың жеке даму картасы)	Балалармен бастанқы бақылау жүргізу				
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау. Ретімен киіну(ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау.				
	Ауа-райы құбылыстарын және табиғи объектілерді бақылау (қоршаған ортамен танысу, танымдық және зерттеу әрекеті), әңгімелесу (сөйлеуді дамыту), ересектердің көмегімен ұйымдастырылған спорттық, қимылды және ұлттық ойындар (дене белсенділігі), еңбек әрекеті				
Серуен	Картотека№17	Картотека№18	Картотека№19	Картотека№20	Картотека№21
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен шешу, өлеңдерді, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, санау және т. б. (көркем сөз, ойын әрекеті)				
Кешкі ас	Кешкі ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау (<i>мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі</i>) балалардың тамаққа назарын аудару, мәдени тамақтануға тарту (<i>сөйлеуді дамыту</i>)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, үстел үсті ойыны, бейнелеу әрекеті, кітап қарау басқа әрекеттер)	Топта балалардың арасында достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындары ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. (пазлдар, т.б)				
	Дидактикалық ойыны «Зат неге ұқсайды?» Мақсаты: геометриялық денелер мен фигуралар туралы білімдерін бекіту; айналадағы заттардың геометриялық пішінін ажырата білу дағдыларын дамыту.	Сюжетті ойын: «Шаштараз» Мақсаты: балаларды шаштараз ойынымен таныстыра отырып, шаштарын үнемі тарап әдемілеп жүруге үйрету. Шаш өрудің әр түрлі үлгісін көрсету. Әсемдікке, әдемілікке баулу.	«Кілемшені жөнде» дидактикалық ойыны Мақсаты: берілген екі сенсорлық қасиеттің нысандары - пішіні мен өлшемін таңдау, өзін-өзі тексеру үшін қолдану және қою дағдыларын қалыптастыру қабілеттерін бекіту; геометриялық фигуралар туралы білімдерін бекіту.	Сюжетті ойын: «Дүкен» Мақсаты: сатушының рөлін ойнай білу біліктілікке үйрету. Қызығушылықтарын арттыру. Бір - біріне деген қамқорлыққа тәрбиелеу.	Дидактикалық ойыны «Айырмашылығын тап» Мақсаты: балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба білуге; өз ойын айта білуге үйрету; ақыл - ойларын дамыту; шыдамдылыққа, досының жауабын тыңдай білуге дағдыландыру.
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгіме, баланың тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап беру, кеңестер беру.				

Тексерілді:



Тәрбиелеу- білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: №37 «Бәйтерек» бөбекжай-бақшасы

Топ: «Балапан» кіші топ

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 02-06 Қазан айы 2023 оқу жылы

Күнтәртібі	Дүйсенбі 02.10.2023	Сейсенбі 03.10.2023	Сәрсенбі 04.10.2023	Бейсенбі 05.10.2023	Жұма 06.10.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен денсаулық, күнделікті үй режимі, тәрбие, даму және оның жетістіктері туралы әңгімелер, баланың тамаққа тәбеті, жыл мезгілдеріне арналған киім туралы кеңестер. Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға күн тәртібін сақтау туралы; баланың денсаулығы мінез-құлық ережелері туралы еске салу. Отбасылық тәрбие мәселелері бойынша жеке консультациялар. Ата-аналарға кеңес: «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру» «Ересектердің көмегімен өзін ретке келтіру дағдыларын қалыптастыру» туралы ата-аналармен жеке әңгімелесу. Жеке гигиена дағдыларын қалыптастыру туралы ата-аналармен жеке әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Жануарларды орналастыр» Мақсаты: Балаларды тақтада және қағаз бетінде бағытты таба білуге үйрету.	Не қалай дауыстайды? Мақсаты: Құстардың сайраған дыбыстарын тыңдату арқылы әр құстың дыбысын ажырата білуге үйрету.	Дид.ойын: «Түлкіні құрастыр» Мақсаты: Түлкі туралы түсінік беру. Түлкінің дене бөліктері жайында түсіндіріп, оны құрастыруда дене бөліктерін жасауда қағазды дұрыс пайдалануға үйрету. Ұқыптылыққа, еңбексүйгіштік ке, шапшаңдылыққа тәрбиелеу.	«Ненің баласы?» Мақсаты: Балалардың «үлкен», «кіші» ұғымдары туралы түсініктерін бекіту; жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін кеңейту.	Дид.ойын: «Кірпінің саңырауқұлақтарын тап» Мақсаты: негізгі түстерді ажырата, атай білуге үйрету. Шапшаңдылыққа, ептілікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Ойын барысы: негізгі түстерді қамтыған кірпінің саңырауқұлақтарын, әр қайсысының түсі бойынша жинап, тауып орналастыру.
Таңертеңгі жаттығу	Қазан айына арналған таңғы жаттығу кешені №1 Кіріспе бөлімі: Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау. Шеңбер бойымен «аюға» ұқсап жүру. Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүгіру. «Үйшік» «Биік те, аласа да емес» Б.қ. н.т. 1-3- қолды жоғары көтереміз; Б.қ. «Үйшікте кім тұрады?» Б.қ. тік тұру, қол белде, аяқ алшақ; 1-2- оңға бұрылу; 3-4- б.қ. 5-6- солға бұрылу; 7-8- б.қ. «Аласа үйшікте кім тұрады?» Б.қ. т.с. 1-2- отырып, қолды еденге қою; 3-4- б.қ. «Үйшікте аңдар тұрады» Б.қ. аяқ сәл алшақ, қол белде, орнында аңдар қимылын имитациялау;				

	«Жеңіл жүру» Шеңбер бойымен жүру				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту, сүлгіні іліп қою, көркем сөзді қолдану. Тамақтану (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас құралдарын дұрыс ұстау, тамақты ұқыпты ішу, сөйлеспеу, Алғыс айту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Көңілді музыканы видео арқылы тамашалап, қимылдарын бірге жасату.				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Қимылды ойын: «Түлкі мен балапандар» Мақсаты: шапшаңдық пен мұқияттылыққа тәрбиелеу. Тура жолмен, сызықтармен шектелген жіптің бойымен жүруге дағдыландыру. Ойын шарты: Бұл ойынға балалар 7-8 ден бөлініп ойнайды. Топ ішінде бір баланы «түлкі» етіп сайлап, қалған балаларды балапандар деп әрқайсысына бетперде кигізіп ойын ойналады. Ойында балапандар түлкі кейіпкеріне ұсталып қалмауы үшін,тәрбиеші көмегімен белгі бойынша ойынды бастап аяқтауы тиіс. Балалар шапшаң кең бөлмені айнала қашуы тиіс. <i>(физикалық,таным, коммуникативтік, шығармашылық, әлеуметтік дағдыны дамыту)</i>	Дене шынықтыру Қимылды ойын: «Қу түлкі» Мақсаты: балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу. Заттарға шығу, тұру, қолдарын жоғары көтеріп, түсіру, заттардан немесе құрсаудан құрсауға аттап өгуді үйрету. Ойын шарты: Балалар бір-біріне бір адымдай ара қашықтықта тұрады (шеңбер жасап). Балалар көздерін жұмып тұрады. Тәрбиеші шеңберді айналып жүріп білдіртпей бір баланы түртеді. Сол бала түлкі болады. Балалар көздерін ашып бірбіріне мұқият қарайды. Қу түлкі сен қайдасың? Үш рет айтқанда қу түлкі ортаға қолын көтеріп мен мындамын деп жүгіріп шығу керек. Барлық балалар жан-жаққа қашады. Қу түлкі ұстап алуы керек <i>(физикалық,таным, коммуникативтік, шығармашылық, әлеуметтік дағдыны дамыту)</i>	Музыка Тақырыбы: «Қалай дыбыстайды?» Мақсаты: жануарлардың дыбыстарын ажырата алуға дағдыландыру. Шарты: жануарлардың дыбыстарын тыңдатып, ненің дыбысы екененін тапқызу. <i>(физикалық,таным, коммуникативтік, шығармашылық, әлеуметтік дағдыны дамыту)</i>	Дене шынықтыру Қимылды ойын: «Аюлар мен аралар» Мақсаты: жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Тақтайдың үстімен 20 сантиметр арақашықтықта орналасқан бірнеше кедергілерден аттап жүру немесе орнында баяу айналуға қалыптасытру. Ойын шарты: Омарта алаңның бір жағында болады. Бір шетте аюдың, араның үңгірі. Ойыншылар тең емес екі топқа бөлінеді. Көпшілігі бал аралары. Белгі бойынша аралар омартадан ұшып шығып бал іздеп, шалғынға қарай ұшады. Олар ұшып кетісімен аюлар омартаға жармасып бал жейді. Тәрбиеші: « Аюлар!»-дегенде аралар омартаға қарай ұшады, ал аюлар үңгіріне қашады. Үлгере алмаған аюды аралар шағып алады. Ара шаққан аюлар келесі ойынға қатыспайды. <i>(физикалық,таным, коммуникативтік, шығармашылық, әлеуметтік дағдыны дамыту)</i>	ДЮ: «Саңырауқұлақ жинау» Мақсаты: заттарды көріп сипаттау арқылы баланың сезімталдығын дамыту, қоршаған орта жайлы білімін кеңейту. Ойын шарты: Бөлме ішінде саңырауқұлақ суреттері жасырылады. Белгілі бір уақыт белгіленеді. Балалар белгілер арқылы саңырауқұлақтарды жинау керек.Кім көп саңырауқұлақ жинаса,сол бала жеңіске жетеді. <i>(физикалық,таным, коммуникативтік, шығармашылық, әлеуметтік дағдыны дамыту)</i>
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтары мен спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу. Ретімен киіну(ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау				
Серуен	Ауа-райы құбылыстарын және табиғи объектілерді бақылау (қоршаған ортамен танысу, танымдық және зерттеу қызметі), әңгімелесу (сөйлеуді дамыту), ересектердің көмегімен ұйымдастырылған спорттық, қозғалмалы және ұлттық ойындар (дене белсенділігі), еңбек қызметі.				
	№1 Бақылау 1.Жаңбырды бақылау. Мақсаты: Жаңбырды бақылай отырып, оның	№2 Бақылау 1.Бұлтты бақылау. Мақсаты: Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін:	№3 Бақылау 1.Жылы жаққа қайтқан тырналарды бақылау. Мақсаты: күзде	№4 Бақылау 1.Желді бақылау. Мақсаты: Желдің түрлерімен	№5 Бақылау 1.Көшедегі машиналарды бақылау. Мақсаты: Көшедегі

	бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру. Мысалы: жай жаңбыр, өткінші жаңбыр, нөсер жаңбыр. Сұрақтар: - Жаңбырдың дыбысын саламыз ба? - Жаңбыр неден жауады? 2.Еңбек: Ағаш түптерін қопсыту. Мақсаты: балаларды еңбек сүйгештікке тәрбиелеу, өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауын қадағалау. 3.Қимылдық ойын: «Сұр қоян». Ойын барысы: ойыншылардың біреуі қоян болады. Барлық қалған балалар дөңгеленіп тұрады. Қоян дөңгелектің ортасынан орын алады. Балалар тәрбиешімен бірге мынадай өлең айтады: Бармақ болып тоғайға сұр көжек, Жуынып жатыр бүгжеңдеп: Тұмсығын жуды, Құйрығын жуды, Құлағына жуды-түртінді, Құп-құрғақ боп сүртінді. Қоян өзіне байланысты қимылдардың бәрін жасайды: тұмсығын, құйрығын , құлағын жуады, бәрін сүртеді. Қос аяқтап кіріп, дөңгеленіп тұрғандардың біреуіне жақындай береді (қонаққа келе жатыр). 4.Жеке жұмыс. кадамды алмасырып жүру. 5.Еркін ойындар	шарпы, будақ,қабатты бұлттарды ажырату. Сұрақтар: - Бұлттың түсін қандай болады? - Бұлттың пішіні қандай болады? 2.Еңбек: Ауладағы гүлдерді суару. Мақсаты: балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбелеу. 3.Қимылдық ойын: «Соқыр теке». Ойын барысы: соқыртеке кең бөлмеде, аулада ойнауға болатын қызықты ойын. Шеңбер сызылып, оның ортасына көзі байланған «соқыртеке» жіберіледі. Қалғандары оны «соқыртеке бақ-бақ», - деп мазактап түртіп қашады. Бірақ олар шеңберден шығып кетпеуі тиіс. Егер соқыртеке ойыншылардың бірін ұстап алса, даусына қарап оның атын айтады. Дәл тапса ұсталған адамның көзі байланып «соқыртек» болады. Ойыншылардың көзі байлаулы адамды әдейі сөзбен жетектеп отырып, алдап , шұңқырға , бағанаға қарай бағыттаиды. 4.Жеке жұмыс тақпақтар, мақал-мәтелдерді бекіту Мақал «Еңбек етсең ерінбей Тояды қарның тілеңбей» 5.Еркін ойындар	тырналардың жылы жаққа кететіндігін, қыс мезгілінде тамақтың тапшылығы, аяздың қаттылығы оларға қиынға соғатындығын түсіндіру. Сұрақтар: - Тырналар күн суығанда қайда кетеді? - Тырнаның аяқтары қандай болады? 2.Еңбек: Құстарға жем сауыт жасау. Мақсаты: құстарға қамқорлық қарауға , аяушылық сезімдерін оятуға тәрбиелеу. 3.Қимылдық ойын: «Аттамақ». Мақсаты: денені шынықтыру, шапшаңдыққа , ептілікке баулу. Ойын барысы: бұл ойында үш жіпті керіп ұстап тұрады. Біріншісі төмен, оны аттап өту керек, екінші-биік, оны еңкейіп, үшіншісінен тағы да аттап өту керек. Әуелі ойыншыны алып келіп, осы жіптерден өткізіп , содан соң көзін байлап, бір айналдырып қояберу керек. 4.Жеке жұмыс суретке қарап әңгімелеу, тақпақтар, бекіту 5.Еркін ойындар	таныстыру;салқын жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел. Желдің күштілігі ауа-райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру. Сұрақтар: - Жел қайдан соғып жатыр? - Жел қалай соғады көрсетеміз ба? 2.Еңбек: «Әдемі гүлдер» Мақсаты: гүлзардағы гүлдерді суару. Өсімдіктерге қамқор болу, аялау, күту. 3.Қимылдық ойын: «Орамал тастау». Ойын барысы: орамал тастау ойыны қатысушылар араласа шеңбер құрып отырады. Ойын бастаушының қолындағы орамал шиыршықталған,ұруға ыңғайлы болады. Ойнаушылар ән немесе әңгіме айтып отырғанда бастаушы оларды сырттарынан айналып, біреуді белгілеп, оның артына қолындағы орамалды тастап кетеді. Егер қайта айналып келгенде әлгі адам өзінің сырт жағында қалған орамалды байқамаса, басқаоушы оны орамалмен ұрғылайды. Ал, егер отырған адам өзінің сыртына орамал түскенін байқаса , бастаушыны қууға тиіс. Ойыншыдан қашып жүрген бастаушы босап қалғанорынға келіп отырады. 4. Жеке жұмыс. Жалпы дамыту жаттығуларына деген қызығушылық -тарын арттыру 5.Еркін ойындар	машиналардың жүрісін бақылау. Олардың түрлерімен таныстыру. Машина адам үшін , уақытын үнемдейтіндігімен түсіндіру. Машинаға қарсы жүгірмеу, көше тәртібін құрыс сақтап жүруге үйрету. 2.Еңбек: Ағаш түптерін қопсыту, су құю. Мақсаты: Табиғатты аялай білуге, өсімдіктерге қамқор болуға үйрету. 3.Қимылдық ойын: «Ұшты-ұшты» Ойын барысы: «Осы кезде ұшты-ұшты қазан ұшты, ұшты-ұшты қабан ұшты», - дейді. Осы кезде ұшпайтын нәрсесеге қолын көтерген кісі айыпты болып есептеледі. Ұшатын және ұшпайтын нәрселер жұртты жаңылту мақсатында әдейі арба-қарға, үйрекбүйрек, кептер- кепсер, көже-шөже, іркіт- бүркіт болып айтылады. Есек ұшты, есік ұшты, етік ұшты, бесік ұшты деп ұзақ айтылып келіп, шөмеле ұшты, бөдене ұшты деп жаңылыстыруға болады. 4.Жеке жұмыс. Такпақ Қимас әнге салады Құстар қайтып барады «Қош болындар дегендей, Қанаттарын қағады. 5.Еркін ойындар.
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен шешуін қадағалау , топқа киетін аяқ киімдерін киюі және т. б.				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту, сүлгіні іліп қою,)				

	Тамақтану (өз орнын отыру, дұрыс отыру, ас құралдарын дұрыс ұстау, тамақты ұқыпты ішу, сөйлеспеу, Алғыс айту)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау: «Үлкендерді сыйлау» Әңгіме	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау: «Ана мен бала» Музыка	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау: «Үш аю» ертегі	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау: «Бала, бала, балақан» Музыка	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау: «Тыныш ырғақты музыка»
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Күндізгі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары, Жалпақтабандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жолмен жүру)				
	Демалу жаттығулары Жел соқты уууу уууу уууу Жапырақтар желмен ұшты шшш шшш шшшш Салқын сумен қолымызды бетімізді жуамыз.	Тыныс алу жаттығуы: Ку - ка - ру, ку - ка - ри – ку, ку - ка - ри - ку. Табанды шынықтыру массаждары: «Балапандар серуенге шықты» шик - шик - шик.	Майтабанның алдын алу. (2 минут) Мысық сияқты аяқтың ұшымен шеңбермен жүру, екі аяқпен секіру, жүру орнымызға қарай жүгіру	Балалар төсекте жатып, бастарын оңға, солға бұрады. қолды екі жаққа созу, жұдырықтап жұму.велосипед тебу. Қолтырауын болып, бір қырынан төсек үстінде аяқ қолды созу.	Аяқ ұшымен тұру Керуеттің ұасында тұру, Өкшелерді екі жақта, аяқ ұшымен тұру. Біріміз бірге еңкейейік.
Бесін ас	Бесін ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау (<i>мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі</i>) балалардың тамаққа назарын аудару, мәдени тамақтануға тарту.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, басқа әрекеттер)	«Қуыршаққа қонаққа бару» ойыны Мақсаты: балаларды әдептілікке, сыпайы болуға үйрету,сөздік қорларын дамыту. (<i>таным, коммуникативтік, шығармашылық дағдыны дамыту</i>)	«Мынау қай пішін? » дидактикалық ойыны Мақсаты: пішіндерді анықтау және атай білуге дағдыландыру. (<i>таным, коммуникативтік, шығармашылық дағдыны дамыту</i>)	Саусақ жаттығуы: «Тамшылар» Мақсаты: сөз бен алақан, саусақ қозғалысын үйлестіруді үйрету. (<i>таным, коммуникативтік, шығармашылық дағдыны дамыту</i>)	«Қуыршақты тамақтандыр» ойыны Мақсаты: балаларға қуыршақпен ойнауға, тамақтануға мүмкіндік беру, қызығушылықтарын арттыру. (<i>таным, коммуникативтік, шығармашылық дағдыны дамыту</i>)	Саусақ қимылды ойын: «Өнерлі екен он саусақ» Мақсаты: саусақ, маторикасын, сөздік қорларын дамыту. (<i>таным, коммуникативтік, шығармашылық дағдыны дамыту</i>)
Балалармен жеке жұмыс (Баланың жеке даму картасы)	берілген қарапайым заттарды атайды және ойыншықтарды қолдана отырып, олармен ойнауға дағдыландыру. Ансар Амина	қарқынды өзгертіп жүруді және жүгіруді үйрету. Амир, Асылхан	өз бетінше құрастыруға және дене бөліктерін жасауда қағазды дұрыс пайдалануға үйрету Асылхан, Айсултан	заттарды тани алуға және олармен жұмыс жасай алуға, оларды суреттен тануға қалыптастыру. Айсултан Н, Амина У	жануарларға қамқорлық танытуды және оларды жақсы көруге тәрбиелеу. Айназiк, Ансар
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау. Ретімен киіну(ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау.				
Серуен	№1 кешен бойынша серуенді бекіту	№2 кешен бойынша серуенді бекіту	№3 кешен бойынша серуенді бекіту	№4 кешен бойынша серуенді бекіту	№5 кешен бойынша серуенді бекіту
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен шешу, өлеңдерді, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, санау және т. б. (көркем сөз, ойын әрекеті)				
Кешкі ас	Кешкі ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау (<i>мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі</i>) балалардың тамаққа назарын аудару, мәдени тамақтануға тарту (<i>сөйлеуді дамыту</i>)				
Балалардың дербес әрекеті	Топта балалрдың арасында достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындары ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. (пазлдар,т.б)				

(баяу қимылды, үстел үсті ойыны,бейнелеу әрекеті, кітап қарау басқа әрекеттер)	«Қандай дыбыс шығарады?» Мақсаты: суреттер арқылы, зияткерлік қабілеттерін арттыру.	«Мені қайтала» Мақсаты: ересектердің сөзін қайталай отырып, сөздік қорын молайту, тілін жаттықтыру.	«Жолда келе жатыр, кішкене аяқтар» жаттығу Мақсаты: балалардың серуенге шығарда аяқ киімін дұрыс кию қабілетін қалыптастыру.	«Біз ұқыпты жинаймыз» жаттығуы Мақсаты: заттарды шкафтан ақырын алуға үйрету, оларды еденге лақтырмауға тәрбиелеу.	«Мен өзім» жаттығуы Мақсаты: балалардың дұрыс киіну қабілетін қалыптастыру.
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгіме, баланың тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап беру, кеңестер беру.				

Тексерілді:



Тәрбиелеу- білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: **№37 «Бәйтерек» бөбекжай-бақшасы**

Топ: **«Балапан» кіші топ**

Балалардың жасы: **2 жас**

Жоспардың құрылу кезеңі: **09-13 Қазан айы 2023 оқу жылы**

Күнтәртібі	Дүйсенбі 09.10.2023	Сейсенбі 10.10.2023	Сәрсенбі 11.10.2023	Бейсенбі 12.10.2023	Жұма 13.10.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен денсаулық, күнделікті үй режимі, тәрбие, даму және оның жетістіктері туралы әңгімелер, баланың тамаққа тәбеті, жыл мезгілдеріне арналған киім туралы кеңестер.				
	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға күн тәртібін сақтау туралы; баланың денсаулығы мінез-құлық ережелері туралы еске салу. Отбасылық тәрбие мәселелері бойынша жеке консультациялар. Ата-аналарға кеңес: «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру» «Ересектердің көмегімен өзін ретке келтіру дағдыларын қалыптастыру» туралы ата-аналармен жеке әңгімелесу. Жеке гигиена дағдыларын қалыптастыру туралы ата-аналармен жеке әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Тақпақ Қорбандаған аюдың Құлпынайы көп екен. Теріп — теріп аламыз, Қалтамызға саламыз.	«Төлін тап» дидактикалық ойын Мақсаты: арқылы төлдің өзіне тән дыбысын, қимылын, мимика арқылы келтіруге үйрету. Төлдерге қамқор болуға тәрбиелеу.	«Түрлі түсті шарлар» Мақсаты: балаларға дөңгелек, сопақша пішіндерді салуға жаттықтыру, оларды әдемі етіп әр түспен бояу арқылы ой - қиялын дамыту.	«Себетке суреттерді жинау» Мақсаты: сөздерге дыбыстық талдау жасай алады	«Мені қайтала» дидактикалық ойын Мақсаты: ересектердің сөзін қайталай отырып, сөздік қорын молайту, тілін жаттықтыру.
Таңертеңгі жаттығу	Қазан айына арналған таңғы жаттығу кешені № 2 Кіріспе бөлімі: Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау. Шеңбер бойымен «аюға» ұқсап жүру. Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүгіру. «Достар» - жұптасып жүру. Шеңбер бойымен тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау «Күн шығады» 1-3- қолды алға, жоғары көтеру; Б.қ. «Күнге жылынамыз» Б.қ. қолды артқа ұстау; 1-2- қолды алға созып, алақанды ашып, саусақты қозғалту, иілу; 3-4- б.қ. «Ағаштар қозғалады» Б.қ. қол төменде; Қол жоғарыда; 2- оңға, солға иілу; 3-4-б.қ. «Шөп шабамыз» Б.қ.- қолды алға созып ұстау; 1- оңға бұрылу; 2- солға бұрылу; 3-б.қ. «Суға шомыламыз» Б.қ. – 1-4- алға еңкейіп, жүзуді имитациялау; 5-6- б.қ. «Сүнгиміз» Орнында секіру. Шеңберді бойымен жүру.				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту, сүлгіні іліп қою, көркем сөзді қолдану.				

	Тамақтану (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас құралдарын дұрыс ұстау, тамақты ұқыпты ішу, сөйлеспеу, Алғыс айту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Көңілді музыканы видео арқылы тамашалап, қимылдарын бірге жасату.				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Қимылды ойын: «Ұйқыдағы аю» Мақсаты: бұл ойынға топ балалары 2-ге бөлініп қатысады. Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге тәрбиелеу. Ойын шарты: топ ішіндегі бір баланы аю бетпердесін кигізіп лорындыққа отырғызып қояды. Балалар орманда серуендеп келе жатып,ұйқыдағы аю көреді. Аю болса балалардың шуылынан (дыбысынан) оянып кетіп,балаларды қуа жөнеледі. Ұстап алған баланы өз мекеніне отырғызуып қояды.ойын қайта жалғаса берекді. <i>(физикалық,таным, коммуникативтік, шығармашылық, әлеуметтік дағдыны дамыту)</i>	Дене шынықтыру Қимылды ойын: Допты тордан лақтыр Мақсаты: допты лақтыра білуге үйрету, топпен жарыса білуді ептілікке,шапшаңдыққа үйрету. Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Тура жолмен және сызықтардың бойымен жүруді үйрету. Ойын шарты: құрылған тордың екі жағынан бөлініп тұрады. Арақашықтығы 1-1,5 метр болуы керек. Балалар тор арқылы бір-біріне допты лақтырады. Допты жерге түсірмей қағып алып отыру керек. Тәрбиеші жерге түскен допты санап отырады. Қай топта доп көп жерге түсе сол топ жеңіледі. <i>(физикалық,таным, коммуникативтік, шығармашылық, әлеуметтік дағдыны дамыту)</i>	Музыка «Төлдерін тауып бер» Мақсаты: үй жануарлары жайлы білімдерін тиянақтау, төлдерін ажыратуға үйрету. Ойын шарты: суреттің оң жағында жануарлардың суреттері, ал сол жақта олардың төлдері. Тақтаға шыққан бала қай үй жануарын таңдап алса соның төлін енесіне қосады. <i>(физикалық,таным, коммуникативтік, шығармашылық, әлеуметтік дағдыны дамыту)</i>	Дене шынықтыру Қимылды ойын: «Аюдың апанында» Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту. Бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу. Ойын шарты: бір жақта аюдың апаны болады. Екінші жақта балалар тұратын үй болады. Тәрбиеші аюды балалардың ішінен біреуін тағайындайды. Тәрбиеші: «Балалар қидырып келіндер», - дегенде балалар үйлерінен шығып, саңырауқұлақ теріп, көбелек ұстап,орманда қидырады /еңкейеді, түзеледі, басқа қозғалыс жасайды/. <i>(физикалық,таным, коммуникативтік, шығармашылық, әлеуметтік дағдыны дамыту)</i>	ДҰО: “Үй жануарлары және олардың төлдері” Мақсаты: ойын арқылы танымдық, есте сақтау қабілетін дамыту. Балаларды үй жануарларына деген сүйіспеншілігіне арттыру арқылы үй жануарларына қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) қайталап айтуға дағдыландыру. Ойын шарты: балалар алдымыздағы тақтада әр түрлі түстермен берілген ұяшықтар бар. Осы ұяшықтардың түсі дұрыс тауып айтылса, оның артынан жасырылған үй жануарлары шығады. Үй жануарларын дұрыс тауып, төлдерін дұрыстап атап, көрсету керек . <i>(физикалық,таным, коммуникативтік, шығармашылық, әлеуметтік дағдыны дамыту)</i>
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтары мен спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу. Ретімен киіну(ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау				
Серуен	Ауа-райы құбылыстарын және табиғи объектілерді бақылау (қоршаған ортамен танысу, танымдық және зерттеу қызметі), әңгімелесу (сөйлеуді дамыту), ересектердің көмегімен ұйымдастырылған спорттық, қозғалмалы және ұлттық ойындар (дене белсенділігі), еңбек қызметі.				
	№6 1.Бақылау: Құстардың қысқы тіршілігін бақылау. Мақсаты: құстардың күзгі тіршілігін қадағалай отырып, кейбіреуінің жылы жаққаұшып кететіндігі, ал кейбіреуінің қыстап қалатындығы туралы түсінік	№7 1.Бақылау: Ауа-райын бақылау. Мақсаты: ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. 2.Еңбек: «Таза алаң».	№8 1.Бақылау: Күзгіжапырақтарды бақылау. Мақсаты: мезгілге байланысты жапырақ түстерінің өзгеруін қадағалау. 2.Еңбек: Жапырақтардан	№9 1.Бақылау: Алтын күзді бақылау. Мақсаты: күзгі алаңның назар аударып, күздің алғашқы белгілерін анықтау. Қай ағаштың жапырақтары ерте өзгеріске ұшырайтынын, түрін, түсін	№10 1.Бақылау: Жәндіктерді бақылау. Мақсаты: күзде жәндіктер қысқа қалай дайындалады? Мінекей, құмырсқаларды қараңдаршы, өз

	беру. 2.Еңбек: «Біздің ойыншықтар». Мақсаты: ойыншықтарын ұқыптап таза ұстауға, мүкияттылыққа үйрету. 3.Қимылдық ойын: «Сымсыз телефон». Ойын барысы: балалар сап түзеп тұрады. Ойын басқарушы бірінші тұрған адамға құлағына сыбырлап, сөз немесе сөйлем айтады, ол келесі көршісіне сыбырлап естіген сөзін жеткізеді, солай соңғы адамға дейін жалғасады. Ал енді ойын басқарушы соңғы адамнан бастап әлгі айтылған сөзді сұрайды. Бастапқы айтқан сөзі кейде өзгеріп кетуі мүмкін, соны қате естіп өзгерткен адам айып өтейді. 4. Жеке жұмыс. қадамды алмасырып жүру. 5.Еркін ойындар	Мақсаты: Аула сыпырушыға көмектесу. Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету. Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу. 3.Қимылдық ойын: «Тымпи-тымпи». Мақсаты: Топ болып ойнауға, рөлдердібөліп ойнауға қалыптастыру. Ойын барысы: Тымпи-тымпи ойынын бастаушы дөңгеленіп отырған ортасына шығып: «Тым-тырыс, тымпи-тымпи», - дейді. Осы сәтте қалған адамдар үндемеуге тиіс. Ортаға шыққан адам әр түрлі әзіл, сықақ, қызықты әңгімелер айтып отырғандарды күлдіруге тырысады. Белгілі уақытқа дейін өзінің осындай «өнерімен» ешкімді күлдірте алмаса, жеке адамның жанына барып , соны күлдіруге күш салады. 4.Жеке жұмыс Құрылыс материалдарын негізгі бөлшектері, пішіні, түсі,шамасы бойынша тану 5.Еркін ойындар	гүлшоғын жасау. Мақсаты: Қол икемділігін дамыта отырып, әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге талпындыру. 3.Қимылдық ойын: «Монданақ». Ойын барысы: Монданақ ойыны бойынша белдік-белбеу әйтпесе орамалды шиыршықтап алып дөңгелене отырады. Ортаға біреу шығады. Отырғандар тізерлеп: «Әне кетті монданақ,міне кетті монданақ», -деп әндетіп, ортадағы бала сырт айнала бергенде, оны соғып қалып, орамалын қайтадан жасыра қояды.Оны жасыра аллмаған ойыншы ортаға шығады. 4.Жеке жұмыс. тақпақтар, мақал- мәтелдерді бекіту 5.Еркін ойындар	ажырату. 2.Еңбек: «Таза алаң» Мақсаты: ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау. Балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу. Бастаған ісін аяғына дейін тиянақты орындауға үйрету. 3.Қимылдық ойын: «Көрші». Мақсаты: балалардың ептілікке, сезімталдық, кеңістікті бағдарлай білуге үйрете отырып, батылдық сияқты қабілеттерін одан әрі дамыту. Шапшаң қимылдап, жылдам жүгіруге үйрету. 4.Жеке жұмыс жалпы дамыту жаттығу ларына деген қызығушылығын ояту 5.Еркін ойындар	азықтарын жинап еңбектеніп жатыр. «Қыстың қамын жаз ойла». 2.Еңбек: «Біздің алаң». Мақсаты: ауладағы жапырақтарды жинау. Балалардың еңбекке ынтасын арттырып , өздігінен еңбек ете білуге үйрету. 3.Қимылдық ойын: «Итеріспек» Ойын барысы: ойын көгалда өткізіледі, үлкен шеңбер сызылады, ортаға екі ойыншы шығады.Егер бір аяқпен секіріп жүріп , екі баланың біреуі екінші аяғын жерге тигізбестен қарсыласыншеңберден итеріп шығарса жеңгені. Аяғын жерге тигізіп алса, жеңілгені. Ойын жалғаса береді. 4.Жеке жұмыс. заттарды пішіні бойынша топтастыру. 5.Еркін ойындар.
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен шешуін қадағалау , топқа киетін аяқ киімдерін киюі және т. б.				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту, сүлгіні іліп қою,) Тамақтану (өз орнын отыру, дұрыс отыру, ас құралдарын дұрыс ұстау, тамақты ұқыпты ішу, сөйлеспеу, Алғыс айту)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау « Үлкендерді сыйлау » Әңгіме	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау « Ана мен бала » музыка	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау « Үйшік » ертегі	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау « Құлыншағым » музыка	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау « Мақта қыз бен мысық » ертегі
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Күндізгі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары, Жалпақтабандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жолмен жүру)				
	Майтабанның алдын алу. (2 минут) Мысық сияқты аяқтың ұшымен шеңбермен жүру,	Тыныс алу жаттығуы: Ку - ка - ру, ку - ка - ри – ку, ку - ка - ри - ку. Табанды шынықтыру	Демалу жаттығулары Жел соқты уууу уууу уууу Жапырақтар желмен ұшты шшшш шшшш шшшшш	Балалар төсекте жатып, бастарын оңға, солға бұрады. қолды екі жаққа созу, жұдырықтап	Аяқ ұшымен тұру Керуеттің ұасында тұру,

	екі аяқпен секіру, жүру орнымызға қарай жүгіру	массаждары: «Балапандар серуенге шықты» шик - шик - шик.	Салқын сумен қолымызды бетімізді жуамыз.	жұму.велосипед тебу. Қолтырауын болып, бір қырынан төсек үстінде аяқ қолды созу.	Өкшелерді екі жақта, аяқ ұшымен тұру. Біріміз бірге еңкейейік.
Бесін ас	Бесін ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау (<i>мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі</i>) балалардың тамаққа назарын аудару, мәдени тамақтануға тарту.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, басқа әрекеттер)	«Қорбандаған аю». Дидактикалық ойын: Мақсаты: Аю туралы түсінік беру, аю образына кіру, жүрісін салу, ойын ойнау арқылы қызығушылығын дамыт	«Төлдерін ата» Мақсаты: балалар төрт түлік малдың атын атап, суреттердің ішіне олардың төлдерін табуы керек. Сиыр-бұзау, жылқы-құлын, қой-қозы, түйе-бота, ешкі- лақ	«Доп» Мақсаты: әр бала суретті толықтыру арқылы өзінің ықыласын білдіруге үйрету. Топтық жұмысқа баулу.	«Кім не жейді?» ойыны. Мақсаты: балалардың жануарлар туралы білімдерін толықтыру.	«Қай ертегіде» танымдық ойыны. Мақсаты: ойлау қабілеттерін арттыра отырып, тапқырлыққа баулу ертегілерді еске түсіруге машықтандыру
Балалармен жеке жұмыс (Баланың жеке даму картасы)	шағын әңгімелерді тыңдау арқылы қарапайым сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Асемай, Айселин,	сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) қайталап айтуға үйрету. Торегали, Амир	қарқынды өзгертіп жүруге және еңбектеп жүруге дағдыландыру. Медина Али Арлан	бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше құрастыруға және орындауға баулу. Айсултан, Айкөркем	заттарды және олармен әрекет етуді біледі және оларды суреттен тануға қалыптастыру. Айсултан Ансар
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау. Ретімен киіну(ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау.				
Серуен	№6 кешен бойынша серуенді бекіту	№7 кешен бойынша серуенді бекіту	№8 кешен бойынша серуенді бекіту	№9 кешен бойынша серуенді бекіту	№10 кешен бойынша серуенді бекіту
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен шешу, өлеңдерді, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, санау және т. б. (көркем сөз, ойын әрекеті)				
Кешкі ас	Кешкі ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау (<i>мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі</i>) балалардың тамаққа назарын аудару, мәдени тамақтануға тарту (<i>сөйлеуді дамыту</i>)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ,үстел үсті ойыны,бейнелеу әрекеті, кітап қарау басқа әрекеттер)	Топта балалардың арасында достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындары ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. (пазлдар,т.б)				
	«Доп» Мақсаты: сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Қарындашты дұрыс ұстауға үйрету.	«Пішіндер мен алақан» Мақсаты: нейрожаттығу арқылы балалардың ми қыртысының жұмысын жақсартуға ықпал ету.	«Түстер» Мақсаты: түстер туралы білімдері мен сызу жұмысын жақсарту.	«Қандай дыбыс шығарады?» Мақсаты: суреттер арқылы, зияткерлік қабілеттерін арттыру.	«Алма жемісі» Мақсаты: қол ептілігін қалыптастыру, саты туралы түсінік беру.
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгіме, баланың тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап беру, кеңестер беру.				

Тексерілді:



Тәрбиелеу- білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: №37 «Бәйтерек» бөбекжай-бақшасы

Топ: «Балапан» кіші топ

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 16-20 Қазан айы 2023 оқу жылы

-Күнтәртібі	Дүйсенбі 16.10.2023	Сейсенбі 17.10.2023	Сәрсенбі 18.10.2023	Бейсенбі 19.10.2023	Жұма 20.10.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен күнделікті үй режимі, тәрбие, жыл мезгілдеріне арналған киім туралы кеңестер.. Ата-аналарға күн тәртібін сақтау туралы; баланың денсаулығы мінез-құлық ережелері туралы еске салу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Ойын бұрышындағы ойындар, сурет салу, бояу кітаптары, үстел ойындары (жұмбақтар, домино), дизайн, кітаптарды қарау, табиғат бұрышындағы жұмыс(бөлме өсімдіктерге күтім жасау) Балалармен жеке жұмыс.				
	Үстел үсті ойыны «Бұл қай мезгілде болады?» Мақсаты: заттарды және олармен әрекеттерді атау және оларды суреттерден тани алуға үйрету.	«Саусақ жаттығуын айтқызу» Мақсаты: сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту. Ақшақарлар қалықтап, Ұшып барады асықпай. Айналып оңға ұшып, Айналып солға ұшып. Мамықтай жерге түсіп, Тыныш жатыр бізді күтіп.	«Нені жақсы көреді» Мақсаты: түрлі сенсорлық әсерлермен байыту үлгі мен ауызша нұсқауға сүйеніп, тапсырмаларды орындауға қалыптастыру.	«Әдемі үйшік» Мақсаты: құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен құрастыруға дағдыландыру.	«Жиналған ойыншықтар» Мақсаты: екі қолмен бір уақытта заттармен әрекет ету, баланың бақылауы мен түсінуіне қол жетімді өмірлік жағдайлардың үзінділерін көрсететін көрнекі заттық-ойын әрекеттерін қолдануға үйрету.
Таңертеңгі жаттығу	Таңғы жаттығу кешені №3 Кіріспе бөлімі: Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау. Шеңбер бойымен еркін жүру. Құстарға ұқсап жүру . Шеңбер бойымен адымдап жүру. Шеңбер бойымен тұру / шеңберге тұрарда себеттен екіден лента алу/ Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау «Желкенді тартамыз» Б.қ. н.т. таяқша төменде; 1-2- таяқшаны жоғары көтеру; 3-4- төмен түсіру; «Ескекпен есеміз» Б.қ. –отырып , таяқшаны тізе үстіне қою; Алға енкейіп, таяқшаны алға созу; Б.қ. «Қайықтан суды төгеміз» Б.қ. н.т. 1-2- алға енкейіп, таяқшаны еденге жеткізу; 3-4- б.қ. «Жел қайықты қозғайды»				

	Таяқшаны тігінен ұстап, айнала жүру; Шеңбер бойымен жай жүру.				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сұрту, сүлгіні іліп қою, көркем сөзді қолдану. Тамақтану (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас құралдарын дұрыс ұстау, тамақты ұқыпты ішу, сөйлеспеу, Алғыс айту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Амансың ба,Алтын күн? Амансың ба, Көк аспан? Амансың ба, Достарым? Сендерді көрсем қуанам.	Біз қандаймыз, қандаймыз Шұғылалы таңдаймыз! Күлімдеген күндейміз Еш уайымды білмейміз.	Сәлеметсіз бе апай! Сәлеметсіз бе ағай! Есенсіз бе әжей! Амансыз ба атай.	Күндей жадырап, Жұлдыздай жарқырап, Судай мөлдір таза көңілмен Бүгінгі күнімізді бастайық.	Үлкенге де сіз, Кішігеде сіз, Баршаңызға құрметпен, Бас иеміз біз.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Қимылды ойын: Өз үйінді тап Мақсаты: түстерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту; ойынның ережесін сақтауға үйрету. Ересектердің нұсқауымен түсі, өлшемі бойынша заттарды табуға қалыптастыру. Ойын барысы: Балаларға түрлі-түсті дөңгелектер таратып, түстерін атау. Белгі бойынша балалар дөңгелектерінің түсі бойынша үлкен шеңберлер жасап өз үйлерін жылдам тауып, тұра қалу. <i>(физикалық,таным, коммуникативтік, шығармашылық, әлеуметтік дағдыны дамыту)</i>	Дене шынықтыру Қимылды ойын: Тышқан мен мысық Мақсаты: балаларды шапшаң әрі шыдамды, ұйымшылдыққа үйрету. үлгі мен ауызша нұсқауға сүйеніп, тапсырмаларды орындауға дағдыландыру. Ойын шарты: бұл ойынға топ балары бәрі тегіс қатыса алады. Балаларды дөңгелене тұрғызып,ортаға тәрбиеші көмегімен тышқанмен мысық сайланады. Мысық тышқанды қуып ұстап алуы керек. Дөңгелене тұрған балалар тышқанды яғни мысықтан құтқару үшін, қақпадан тышқанды шығарып жіберіп мысықты шығармауға тырысады. перделері. <i>(физикалық, таным, коммуникативтік, шығармашылық, әлеуметтік дағдыны дамыту)</i>	Музыка Тақырыбы: «Біздің аспаптар» Мақсаты: аспаптар туралы түсініктерін кеңейту, аспаптарда ойнауға дағдыландыру. Ән айту: «Көңілді аспаптар» Ойын: «Қай аспап жоқ?» <i>(шығармашылық, таным, коммуникативтік, әлеуметтік дағдыны дамыту)</i>	Дене шынықтыру Қимылды ойын: «Әтеш айқасы» Мақсаты: белсенді қимыл қызметіне қызығушылығын, жалпы төзімділігін, жылдамдық, пәрменділік қасиеттеріне тәрбиелеу. Балаларды бейнелерді фланелеграфта қағаз бетіне қойып және құрастыруға үйрету. Ойын шарты: екі топтан екі бала ортаға тұрады, екеуі де сол аяқтарын бұрып, сол қолымен ұстап көтеріп тұрады. Оң қолдарын кеуделеріне қояды. Содан соң кәдімгі әтешке ұқсап, бір-біріне ұмтылып иық қағыстырады. Қайсысы жығылса, не бүгілген аяғын түсіріп алса ұтылады. Осылайша топ мүшелері түгел ойнап болғаннан кейін, көп ұпай жинаған топ жеңеді. <i>(физикалық, таным, коммуникативтік, шығармашылық, әлеуметтік дағдыны дамыту)</i>	Д/о: «Жақсы әдет» пен «Жаман әдет» Мақсаты: балаларды «жақсы» «жаман» сөздерінің мағынасы мен оларды орынды қолдануға үйренеді. Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге және бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу. Ойын шарты: столдың үстінде бірнеше суреттер жатыр. Сол суретті алып, суреттегі іс - әрекетің не туралы екенін айтып «жақсы» немесе «жаман» іс - әрекетін ажыратып айтады. <i>(физикалық, коммуникативтік, шығармашылық, әлеуметтік дағдыны дамыту)</i>
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтары мен спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу. Ретімен киіну(ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау				
Серуен	Ауа-райы құбылыстарын және табиғи объектілерді бақылау (қоршаған ортамен танысу, танымдық және зерттеу қызметі), әңгімелесу (сөйлеуді дамыту), ересектердің көмегімен ұйымдастырылған спорттық, қозғалмалы және ұлттық ойындар (дене белсенділігі), еңбек қызметі.				
	№11 Бақылау: 1.Тұманды бақылау. Мақсаты: күздегі тұманды бақылау , тұманның қайдан пайда болатынын түсіндіру.	№12 Бақылау: 1.Ауа-райын бақылау. Мақсаты: күннің қанша градусқа төмендегенін	№13 Бақылау: 1.Күзгі көріністі бақылау. Мақсаты: күз ерекшеліктерін айыра	№14 Бақылау: 1.Күз мезгіліндегі адамдардың киім киісін бақылау.	№15 Бақылау: 1.Жаңбырды бақылау. Мақсаты: жаңбырды бақылай отырып , оның бұлттан жауатындығы

	№2 1.Бақылау: Бұлтты бақылау. Мақсаты: Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін :шарпы, будақ,қабатты бұлттарды ажырату. 2.Еңбек:Ауладағы гүлдерді суару. Мақсаты:Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбелеу. 3.Жеке жұмыс: Аспанға ұшар бу болып Жерге қайтар су болып. (Бұлт) Мақсаты:Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау.Ойлау қабілетін арттыру. Ойын: «Кімге қандай құрал керек?» Мақсаты:Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату. Шапшаңдыққа баулу. 4.Қимылдық ойын: «Соқыр теке». Ойын барысы: Соқыртеке кең бөлмеде , аулада ойнауға болатын қызықты ойын.Шеңбер сызылып , оның ортасына көзі байланған «соқыртеке» жіберіледі.	№4 1.Бақылау: Желді бақылау. Мақсаты: Желдің түрлерімен таныстыру; салқын жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел. Желдің күштілігі ауа-райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру. 2.Еңбек:«Әдемі гүлдер» Мақсаты: Гүлзардағы гүлдерді суару. Өсімдіктерге қамқор болу, аялау, күту. 3.Жеке жұмыс: Тақпақ. «Жел» Мақсаты:Балаларға жел туралы өлең жаттату арқылы тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезіне білуге мүмкіндік туғызу. Жел улейді у-у-у. Құйын келіп билейді зу-зу-зу Қатты-қатты жел соқтығу-гу-гу, Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду. 4.Қимылдық ойын: «Айгөлек-ау, айгөлек». Мақсаты:Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату.Шапшаңдыққа баулу. Қимылдық ойын: «Орамал тастау». Ойын барысы: Орамал тастау ойыны қатысушылар араласа шеңбер құрып отырады.Ойын бастаушының қолындағы орамал шиыршықталған,	№7 1.Бақылау:Ауа-райын бақылау. Мақсаты: Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. 2.Еңбек:«Таза алаң». Мақсаты: Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу. 3.Жеке жұмыс: «Күшік». Мақсаты: Тақпақты мәнерлеп айтуға үйрету. Үреді үйшікте Аулада күшіктер Біреуі оның қап-қара, Біреуі сары ала Біреуі қардай ақ, Біреуі сұр жолақ Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ: Үреді абалап Ойын: «Қасқыр мен қаздар». Мақсаты:Топ болып ойнауға, рөлдердібөліп ойнауға қалыптастыру. 4.Қимылдық ойын: «Тымпи-тымпи». Мақсаты: Топ болып ойнауға, рөлдердібөліп ойнауға қалыптастыру. Ойын барысы: Тымпи-тымпи ойынын бастаушы дөңгеленіп отырған ортасына шығып: «Тым-тырыс, тымпи-тымпи»,- дейді.Осы сәтте қалған адамдар үндемеуге тиіс.Ортаға шыққан адам әр түрлі әзіл, сықақ, қызықты әңгімелер айтып отырғандарды күлдіруге	№8 1.Бақылау: Күзгі жапырақтарды бақылау. Мақсаты: Мезгілге байланысты жапырақ түстерінің өзгеруін қадағалау. 2.Еңбек:Жапырақтардан гүлшоғын жасау Мақсаты: Қол икемділігін дамыта отырып, әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге талпындыру. 3.Жеке жұмыс: «Күзгі жапырақ» тақпақ Қыстыңжақын қалғанын, Жапырақтар сезгендей. Желмен ұшып барады, Жерге қонып үлгермей Мақсаты: Балалардың тілдерін дамыту арқылы, сөздік қорын дамыту. Ойын: «Аю жүрген орманда». Мақсаты: Қимыл қозғалысын дамыту 4.Қимылдық ойын: «Монданақ». Ойын барысы: Монданақ ойыны бойынша белдік-белбеу әйтпесе орамалды шиыршықтап алып дөңгелене отырады. Ортаға біреу шығады.Отырғандар тізерлеп: «Әне кетті монданақ,міне кетті монданақ»,-деп әндетіп, ортадағы бала сырт айнала бергенде, оны соғып қалып, орамалын қайтадан жасыра қояды.Оны жасыра алмаған ойыншы ортаға шығады. 5.Еркін ойындар.	№11 1.Бақылау: Күнді бақылау. Мақсаты: Күн көзінің жарығын күннен тараған сәуле (жарық) оның бүкіл табиғат үшін пайдалы да қажеттілігін ашу. 2. Еңбек: Гүл шоғы. Мақсаты: Алаңдағы жапырақтарды жинап , олардан әдемі гүл шоғын жасау. 3.Жеке жұмыс: «Бағдаршам» Мақсаты: Бағдаршаммен таныстыру. Жолда жүру ережелерін түсіндіру. «Бағдаршам» Сақта көше тәртібін Бағдаршамның ал «тілін» Біліпт алдым мен де: Жасылжанса, демде Алға кетем лезде. Сары жанса , сабыр Сақтай тұрам әзір. Жанса қызылшоқтай, Қаламын кілт тоқтай. 4.Қимылдық ойын: «Таяқшадан аттап өт», «Қуаласпақ» Мақсаты: Жылдамдыққа , ептілікке баулу. Қимылдық ойын: «Үрпек төбет» Мақсаты: Тез жүгіре білуге үйрету, жылдамдыққа , батылдыққа тәрбиелеу. Ойын барысы: Балалардың біреуі төбетті бейнелейді; ол ортада отырады. 5.Еркін ойындар.

	Қалғандары оны «соқыртеке бақ-бақ»,- деп мазақтап түртіп қашады.Бірақ олар шеңберден шығып кетпеуі тиіс.Егер соқыртеке ойыншылардың бірін ұстап алса, даусына қарап оның атын айтады.Дәл тапса ұсталған адамның көзі байланып «соқыртек» болады.Ойыншылардың көзі байлаулы адамды әдейі сөзбен жетектеп отырып, алдап ,шұңқырға, бағанаға қарай бағыттайды. 5.Еркін ойындар.	ұруға ыңғайлы болады. Ойнаушылар ән немесе әңгіме айтып отырғанда бастаушы оларды сырттарынан айналып, біреуді белгілеп, оның артына қолындағы орамалды тастап кетеді.Егер қайта айналып келгенде әлгі адам өзінің сырт жағында қалған орамалды байқамаса, басқаоушы оны орамалмен ұрғылайды.Ал, егер отырған адам өзінің сыртына орамал түскенін байқаса , бастаушыны қууға тиіс.Ойыншыдан қашып жүрген бастаушы босап қалғанорынға келіп отырады. 5.Еркін ойындар.	тырысады.Белгілі уақытқа дейін өзінің осындай «өнерімен» ешкімді күлдірте алмаса, жеке адамның жанына барып , соны күлдіртуге күш салады.Әзіл-сықақтары әлсіз, әсерсіз болса, аузы-мұрнын қисайтып, түрлі қолайсыз қимылдар жасап күлдіруге әрекет етеді. Осы сәтте әлгі ойыншы үн шығармауға, ортадағы адамның сұрағына жауап бермеуге тырысады.Ал, сөйлеп , күліп қойса айыпкер саналады. 5.Еркін ойындар.		
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен шешуін қадағалау, топқа киетін аяқ киімдерін киюі және т. б.				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту, сүлгіні іліп қою,) Тамақтану (өз орнын отыру, дұрыс отыру, ас құралдарын дұрыс ұстау, тамақты ұқыпты ішу, сөйлеспеу, Алғыс айту)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Бесік жыры» музыка	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Әлди, люди» Музыка	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Балабанам» Музыка	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Бауэра» чертог	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау Ұйқын тыныш болсын балалақай әуен
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Күндізгі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары, Жалпақтабандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жолмен жүру)				
	Майтабанның алдын алу. (2 минут) Мысық сияқты аяқтың ұшымен шеңбермен жүру, екі аяқпен секіру, жүру орнымызға қарай жүгіру.	Аяқ ұшымен тұру Керуеттің ұасында тұру, Өкшелерді екі жақта, аяқ ұшымен тұру. Біріміз бірге еңкейсейік.	Демалу жаттығулары Жел соқты уууу уууу уууу Жапырақтар желмен ұшты шшш шшш шшшш Салқын сумен қолымызды бетімізді жуамыз.	Балалар төсекте жатып, бастарын оңға, солға бұрады. қолды екі жаққа созу, жұдырықтап жұму.велосипед тебу. Қолтырауын болып, бір қырынан төсек үстінде аяқ қолды созу.	Тыныс алу жаттығуы: Ку - ка - ру, ку - ка - ри – ку, ку - ка - ри - ку. Табанды шынықтыру массаждары: «Балапандар серуенге шықты» шик - шик - шик.
Бесін ас	Бесін ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі) балалардың тамаққа назарын аудару, мәдени тамақтануға тарту.				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, басқа әрекеттер)	Дид.ойын: «Көлеңкесін тап» Мақсаты: Балаларды әр ойыншықтың көлеңкесін тауып орналастыруға үйрету. Тілдерін дамыту. Ойыншықтарды сипаттап, күтіп, ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.	Сюжетті ойын: «Отбасы» Мақсаты: Отбасы мүшелерін білу, олардың отбасында атқаратын қызметін үйрету. Үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу. Бауырмалдыққа, мейірбандыққа баулу. Өздеріне берген рөлдерді дұрыс орындап, тату ойнауға тәрбиелеу.	Дид.ойын: «Үйді құрастыр» Мақсаты: Әртүрлі геометриялық пішіндерден үйлерді құрастыруды үйрету. Үйдің бөліктері қандай геометриялық пішінге ұқсайтынын айтуға үйрету. Есте сақтау қабілеттерін жетілдіру. Шапшаңдылыққа, аңғарымпаздыққа тәрбиелеу.	Саусақ қимылды ойын: «Мысық» Міндеті: саусақ, маторикасын, сөздік қорларын дамыту <i>танымдық, іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті).</i>	Дид.ойын: «Гүлдерді ата» Мақсаты: Гүлдердің түрлерімен таныстыру. Гүлдердің түр – түстерін ажырата білуге баулу.. Сөздік қорын молайту. Гүлдердің түр – түстерін есте сақтау, қабылдау, ойлау сезімдерін дамыту. Тұған еліннің табиғатына, гүлдер мен өсімдіктерге қамқорлық көрсетуге, күтуге, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.
Балалармен жеке жұмыс (Баланың жеке даму картасы)	балаларға заттарды және олармен әрекет ету арқылы оларды суреттен тануға ойлау және көру арқылы ойларын дамыту. Ансар Амина	Балаларға шағын тақпақтарды қайталап айтуға және отбасы мүшелерін атап және сыйлай білуге үйрету. Амир Данияр Медина Н	балаларға ересектердің сөзін тыңдауға және өз бетінше құрастыру арқылы балалардың тілін, ой-өрісін дамыту. Талгат Т Торегали	Балалардың үй жануарларын даусынан тани білуін және таныс шығармаларды көрнекіліксіз атай алуға үйрету. Димаш Данияр Айселин	балалардың пішіні мен түсі бойынша ұқсас біртекті заттарды топтастыруға және бақшада, далада, өсетін гүлдерді дұрыс тауып орнына орналастыруға дағдыландыру. Торегадли Мансур
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау. Ретімен киіну(ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау.				
Серуен	№2 кешен бойынша серуенді бекіту	№4 кешен бойынша серуенді бекіту	№7 кешен бойынша серуенді бекіту	№8 кешен бойынша серуенді бекіту	№11 кешен бойынша серуенді бекіту
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен шешу, өлеңдерді, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, санау және т. б. (көркем сөз, ойын әрекеті)				
Кешкі ас	Кешкі ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау (<i>мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі</i>) балалардың тамаққа назарын аудару, мәдени тамақтануға тарту (<i>сөйлеуді дамыту</i>)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ,үстел үсті ойыны,бейнелеу әрекеті, кітап қарау басқа әрекеттер)	Топта балалрдың арасында достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындары ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. (пазлдар,т.б)				
	Әр түрлі балалар іс-әрекеті түрінде жүзеге асырылады (ойын, қозғалыс, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) 1. Қимылды ойын: «Тышқан мен мысық» 2. Ұлттық ойын: «Түрлі-түсті асықтар» 3.Ертегі оқу, кітап қарау 4. Үстел үсті ойыны: «Жануарлар»				
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгіме, баланың тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап беру, кеңестер беру.				

Тексерілді:



Тәрбиелеу- білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: №37 «Бәйтерек» бөбекжай-бақшасы

Топ: «Балапан» кіші топ

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 13-17 Қараша айы 2023 оқу жылы

Күнтәртібі	Дүйсенбі 13.11.2023	Сейсенбі 14.11.2023	Сәрсенбі 15.11.2023	Бейсенбі 16.11.2023	Жұма 17.11.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен денсаулық, күнделікті үй режимі, тәрбие, даму және оның жетістіктері туралы әңгімелер, баланың тамаққа тәбеті, жыл мезгілдеріне арналған киім туралы кеңестер.				
	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға күн тәртібін сақтау туралы; баланың денсаулығы мінез-құлық ережелері туралы еске салу. Отбасылық тәрбие мәселелері бойынша жеке консультациялар. Ата-аналарға кеңес: «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру» «Ересектердің көмегімен өзін ретке келтіру дағдыларын қалыптастыру» туралы ата-аналармен жеке әңгімелесу. Жеке гигиена дағдыларын қалыптастыру туралы ата-аналармен жеке әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Қуыр, қуыр, қуырмаш» ойыны Міндеті: балалардың қарым-қатынасын қалыптастыру. (танымдық, физикалық дағдыны дамыту)	«Бауда, әлде бақшада?» Міндеті: Көкеністер мен жемістерді атай білуге үйрету. (коммуникативтік, танымдық дағдыны дамыту)	«Зат неге ұқсайды?» Міндеті: Бөлме ішіндегі заттарды атай білуге үйрету. (танымдық, коммуникативтік дағдыны дамыту)	«Көлеңкесін тап» Міндеті: жануарларды ажырату және атау, көлеңкесіне қарай орналастыру. (коммуникативтік, физикалық дағдыны дамыту)	«Менің балабақшам» ойыны Міндеті: суреттер арқылы білімдерін толықтыру. (әлеуметтік, шығармашылық)
Таңертеңгі жаттығу	Қараша айына арналған таңғы жаттығу кешені №1				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту, сүлгіні іліп қою, көркем сөзді қолдану. Тамақтану (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас құралдарын дұрыс ұстау, тамақты ұқыпты ішу, сөйлеспеу, Алғыс айту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Көңілді музыканы видео арқылы тамашалап, қимылдарын бірге жасату.				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Қимылды ойын: « Ұшты-ұшты » Мақсаты: Ненің ұшатынын, ненің ұшпайтынын, аңғарымпаздыққа тәрбиелейді. Шарты: Ойынды үй ішінде де сыртта да ойнауға болады. Ойынға қатысушыларға бастаушының сөзін қалт жібермей бағып отыру шарт. Ұшатын құс не зат айтылса, қолдарын жоғары көтереді де , ұшпайтын зат	Дене шынықтыру Қимылды ойын: «Қояндар» Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Шарты: Залдың бір шетіне 5-6 үйшіктер сызылады. Олардың алдына орындықтар қойылады. Қарсы бетте күзетшінің үйі бар. Үй мен қояндар күркесі арасында ойнайтын алаңдар болады.	Музыка Тақырыбы: «Менің отбасым» Мақсаты: ойын арқылы көңілді, көңілсіз әуендерді ажыратуға, сезінуге баулу. Ән айту: «Топ - топ балапан» Ырғақтық қимыл: «Топ - топ балапан» биі. (шығармашылық, физикалық дағдыны дамыту)	Дене шынықтыру Қимылды ойын: “Допты қуып жет ” Мақсаты: балаларды шыдамды, сабырлы қалыпта берілген белгіні тыңдауға, тез жүгіруге, түсетерін көлемін ажырата білуге баулу. Шарты: бұл ойынға 5-6 бала, тәрбиеші басқаруымен қатыса алады. Тәрбиеші доптарды	ДЮ: «Біздің көңіл - күйіміз» Мақсаты: балаларды суреттегі бет- әлпет бойынша ым мен мимикаға байланысты көңіл күйді ажырата білуге үйрету. Көңіл күйді білдіретін сөздерді дұрыс айтқызу. Шарты: бет- әлпеттің мимикасына қарап, көңіл күйді білдіретін сөздерді бөліп айтады. Сөйлем

	айтылса тырп етпей отырады. Қателескен бала айып тартып тақпақ айтады не ән салады. Екі рет жаңылса айып шарты, ұлғая түседі. Бастаушы Ойынды былай жүргізеді. Ұшты-ұшты сұңқар ұшты (қол көтереді) Ұшты-ұшты қарға ұшты (қол көтереді) Ұшты-ұшты арба ұшты Осылайша жүргізілген ойында жаңылмаған ойыншы жеңеді. Жүгіру. Бірқалыпты, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен, аяқтың ұшымен жүреді . (физикалық, коммуникативтік, танымдық дағдыны дамыту)	Қояндар күркелерінде жүресінен отырады. Күзетші күркелерінен қояндарды жайылысқа шығарады. Қояндар секіреді, билейді, ойнайды. Тәрбиеші « түлкі» келіп қалар үйлеріңе қайтындар дегенде үйлеріне орындық астынан еңбектей өтеді. Ойынға шыққанда да орындық астынан еңбектей шығады. Ойынға шық дегенше күркелерінде отыра береді. белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20 метр дейін) шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру; (физикалық, коммуникативтік, танымдық дағдыны дамыту)		себетке салып алып,балалрдың алдына домалатып жібереді.»Допты қуып жет»деген белгі бойынша ,балалар допты ұстап алып тәрбиеші ұстап тұрған себетке салуы керек. бағытты өзгертіп, шашырап, 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше ауысу. (физикалық, коммуникативтік, танымдық дағдыны дамыту)	құрайды, әр түрлі көңіл күйді білдіретін сәттерді салу. Күліп тұрған бала Ренжіп тұрған бала Аузын ашып тұрған бала Аузын томпайтып тұрған бала т,б суреттер. (коммуникативтік, шығармашылық, әлеуметтік, физикалық дағдыны дамыту)
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтары мен спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу. Ретімен киіну(ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау				
Серуен	Ауа-райы құбылыстарын және табиғи объектілерді бақылау (қоршаған ортамен танысу, танымдық және зерттеу қызметі), әңгімелесу (сөйлеуді дамыту), ересектердің көмегімен ұйымдастырылған спорттық, қозғалмалы және ұлттық ойындар (дене белсенділігі), еңбек қызметі.				
	№1 кешен 1.Ауа – райын бақылау Мақсаты: Ауа райындағы өзгерістерді аңғаруға және айтуға үйрету. Желдің бағытын қалай білу керектігін түсіндіру. Өз ойларын толық жеткізе білуге үйрету. 2.Қимылды ойындар: «Кім өз жалаушасына тез жетеді?» «Қуаласпақ» Мақсаты: Икемділікке баулу. Жеке жұмыс: Жұмбақ жаттау Бар ма, жоқ па оны анық білмейсің, 3.Еңбек: Ауладағы гүлдердің тұқымын жинау..	№2 кешен 1.Желді бақылау Мақсаты: Жел туралы мағлұмат беру, желдің түрлерімен таныстыру. 2.Қимылды ойын: «Акку - қаздар» Мақсаты: Ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру, сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту. Ойын шарты: Құсшы құстарды жем жеуге босатады да, былай дейді: - Акку – қаздар 2 жем жедіңдер ме? - Су іштіңдер ме? - Құстар жауап береді. Балалардың ішінен бірін қасқыр етіп сайлайды. Құсшы: Сақ болындар, аш	№3 кешен 1.Ағаштың жапырақтарын салыстыра бақылау. Мақсаты: Ағаштардың түрлеріне қарай жапырақтарының да әртүрлі болатындығын көрсету. Аққайың ағашының жапырағымен таныстыру. Оны емен ағашының жапырағымен салыстыра отырып, айырмашылықтарын айтуға үйрету. Ағаштың пайдасы туралы өз ойларын жеткізе білуге баулу. 2.Қимылды ойын: «Шеңберге дәл түсір» «Өз ағашыңды тап»	№4 кешен 1.Ағашты бақылау. Мақсаты: Ағаш туралы мағлұмат беру, ағаштардың жыл мезгіліне байланысты құбылыстарын түсіндіру. Тақпақ жаттау: Қымыздық теремін, Көп қызық көремін. Апама сәукеле Гүлдерден өремін. 2.Қимылды ұлттық ойын: «Арқан тарту» Мақсаты: Ұлттық ойынды жаңғырту, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Ойын шартын бұзбай ойнауға үйрету. Ойын шарты: Балалар екі топқа бөлініп, арқанның екі ұшынан ұстап, белгіленген	№5 кешен 1.Гүлдерді бақылау. Мақсаты: Балаларға гүл туралы мағлұмат беру. Тақпақты жаттау: Гүл өсір сен бағыңда, Тұрсын көздің жауын ап. Бүршік жарған шағында, Үзе көрме жұлып ап. 2.Қимылды ойын: «Тығылмақ» Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа, қызығушылыққа тәрбиелеу. Ойын шарты: Санамақ арқылы бір бала тығылған балаларды іздеуші болып тағайындалады. Ал, басқалары тығылады. Тәрбиеші 10 - ға дейін

	Көркем сөз: Жаңбыр, жаңбыр жау – жау, Көк белеңді сау – сау. 4.Жеке жұмыс заттарды көлемі бойынша топтастыру. <i>(ойын, танымдық, коммуникативтік қызмет)</i> 5.Еркін ойындар	қасқыр! келеді - деп дауыстайды. Акку - қаздар иелеріне қарай ұшулары керек. Ал, аш қасқыр болса құстарды ұстап алып жеуге тырысады. Ұсталған аққу - қаздар, қасқырға көмектеседі. Сөйтіп аққу - қаздар азайып, біткенше ойын жалғасады. Еңбек: Гүлдерге су құю. Мақсаты: Тазалыққа, бірлікке, еңбекқорлыққа баулу. Керекті құралдар: Күрек, су, шелек. 4. Жеке жұмыс. жұптасып жүру бағытты өзгерте отырып жүру. <i>(қозғалыс қызметі)</i> тақпақтар, мақал- мәтелдерді бекіту <i>(коммуникативтік қызмет)</i> . 5.Еркін ойындар.	Мақсаты: Дене кимылдарын дамыту. Жеке жұмыс. 3 – 4 баламен маршпен дұрыс жүруді үйрету. 3.Еңбек. Ауладағы бұтақтарды жинау. Көркем сөз. Жапырақтар, жапырақтар. Күз болғанда сарғаяды. Ал қазір тұр алдымызда, Жап-жасыл боп бояуы. 4 Жеке жұмыс бұрылу оңға солға, қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру <i>(қозғалыс қызметі)</i> 5.Еркін ойындар	меже бойынша күш сынасып тартысады. Берілген межеден асып кеткен топ жеңіледі. Оларды өздеріне тартып алған топ мәреге жетеді. Сөйтіп ойын кезекпен жалғасын табады. 3.Еңбек: Ағаштарға су құю, арам шөптерін жұлу. Мақсаты: Ағаштарға қамқорлық көрсетуге баулу. (су құю, бұтақтарын сындырмауға үйрету) Керекті құралдар: Күрек, шелек, су. 4.Жеке жұмыс. Заттарды түстері бойынша топтастыру. <i>(ойын, танымдық, коммуникативтік қызмет)</i> 5.Еркін ойындар.	санап болғанша, іздеуші бала көзін жұмып тұрады. Осы сәтте қалған балалар тығылып үлгерулері керек. Бірінші болып табылған бала, іздесуге көмектеседі. Осылай ойын жалғасын таба береді. 3.Еңбек: Гүл егу Мақсаты: Гүлді өсіре білуге, табиғатты қорғауға, гүл табиғаттың бір бөлшегі екенін түсіндіру. Керекті құралдар: Гүл тұқымы, күрек, шелек, су. 4.Жеке жұмыс тақпақтар, мақал-мәтелдерді бекіту <i>(коммуникативтік қызмет)</i> 5.Еркін ойындар
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен шешуін қадағалау , топқа киетін аяқ киімдерін киюі және т. б.				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту, сүлгіні іліп қою,) Тамақтану (өз орнын отыру, дұрыс отыру, ас құралдарын дұрыс ұстау, тамақты ұқыпты ішу, сөйлеспеу, Алғыс айту)				
Күндізгі ұйқы	«Әлди-әлди» әнін тыңдату	Ертегі айтып беру: «Ерте, ерте, ертеде»	Бесік жырын тыңдату.	Ертегі айтып беру: «Ұйқыдағы ханшайым»	Ән тыңдату. «Тыныш ырғақты музыка»
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Күндізгі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары, Жалпақтабандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жолмен жүру)				
	Майтабанның алдын алу. (2 минут) Мысық сияқты аяқтың ұшымен шеңбермен жүру, екі аяқпен секіру, жүру орнымызға қарай жүгіру.	Аяқ ұшымен тұру Керуеттің ұасында тұру, Өкшелерді екі жақта, аяқ ұшымен тұру. Біріміз бірге еңкейейік.	Демалу жаттығулары Жел соқты уууу уууу уууу Жапырақтар желмен ұшты шшш шшш шшшшш Салқын сумен қолымызды бетімізді жуамыз.	Балалар төсекте жатып, бастарын оңға, солға бұрады. қолды екі жаққа созу, жұдырықтап жұму.велосипед тебу. Қолтырауын болып, бір қырынан төсек үстінде аяқ қолды созу.	Тыныс алу жаттығуы: Ку - ка - ру, ку - ка - ри – ку, ку - ка - ри - ку. Табанды шынықтыру массаждары: «Балапандар серуенге шықты» шик - шик - шик.
Бесін ас	Бесін ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау <i>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі)</i> балалардың тамаққа назарын аудару, мәдени тамақтануға тарту.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары,	"Топ болайық" қимыл жаттығуы. Мақсаты: Топта және сапта жүруге бейімдеу арқылы тақпақ жаттау. Алдымызда	"Саусақтар" атты мультфильмін көру. Мақсаты: Балаларды мультфильмді көріп, саусақтармен белгілі тәртіпте қимылдауға, әннің	Үстел-үсті ойыны: «Ойна да үйрен» Мақсаты: Балалардың түстер, геометриялық пішіндер туралы білімдерін	Қимылды ойын: Пойыз: Ду-ду! Ду-ду! Мен жүремін, Мен жүремін!-деп шулайды, Ал вагондар зулайды.	"Шарлар дөңгелекте" Мақсаты: Алақанның ортасымен ермексазды домалақтау. Түрлі түсті шарлар жасау. (мүсіндеу)

бейнелеу әрекеті, басқа әрекеттер)	ұзынша, Жайылып тұр жолақша. Топ-топ басайық, Бірге жылдам барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп.	сөздерін қайталауға қызықтыру.	жетілдіру, баланың тілін, ойын, танымдық қабілетін дамыту. Балалар үстел үстінде өздеріне ұнаған суретерді алып, оның түсіне байланысты қарындашты және ол зат қандай геометриялық пішінге ұқсайтынын тауып айтады, құрастырады	Тақ-тақ-тақ! Тақ-тақ-тақ! Тақ-тақ-тақ! Тақ-тақ-тақ! Ұшақ болып, балалар, Ұшамыз биікке, биікке. Жоғары қарай тартыламыз, Енді жерге қонамыз, Қолымызды төмен түсіреміз. Балалар бірінің артына бірі пойыз сияқты тұрады. Жұдырықтарымен айналдырады. Аяқтарының ұшына тұрып қолдарын жоғары төмен көтереді,	
Балалармен жеке жұмыс (Баланың жеке даму картасы)	қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) қайталап айтуға қалыптастыру. Торегали Асылхан	заттардың бойымен және астымен еңбектеп жүруге дағдыландыру. Данияр Алиарлан	ересектердің көрсеткен қимылдарын қайталайды (шапалақтайды, аяқтарын тарсылдатады, қолдың білектерін айналдырады). Амир Айназік	қарқынды өзгертіп жүруге және жүгіруге дағдыландыру. Айселин Медина Г	үлгі мен ауызша нұсқауға сүйеніп, тапсырмаларды орындауға үйрету. Амина Асылхан
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау. Ретімен киіну(ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау.				
Серуен	№1 кешен бойынша серуенді бекіту	№2 кешен бойынша серуенді бекіту	№3 кешен бойынша серуенді бекіту	№4 кешен бойынша серуенді бекіту	№5 кешен бойынша серуенді бекіту
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен шешу, өлеңдерді, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, санау және т. б. (көркем сөз, ойын әрекеті)				
Кешкі ас	Кешкі ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау <i>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі)</i> балалардың тамаққа назарын аудару, мәдени тамақтануға тарту <i>(сөйлеуді дамыту)</i>				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ,үстел үсті ойыны,бейнелеу әрекеті, кітап қарау басқа әрекеттер)	Топта балалрдың арасында достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындары ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. (пазлдар,т.б)				
	Еркін ойындар.	Күз туралы тақпақ айту	Кесілген суреттерді бір тұтасқа жинау ойындары (2-3 бөлік)	Ұяшықтарға пішіндерді салу ойындары.	Еркін ойындар
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгіме, баланың тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап беру, кеңестер беру.				

Тексерілді:



Тәрбиелеу- білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: **№37 «Бәйтерек» бөбекжай-бақшасы**

Топ: **«Балапан» кіші топ**

Балалардың жасы: **2 жас**

Жоспардың құрылу кезеңі: **20-24 Қараша айы 2023 оқу жылы**

Күнтәртібі	Дүйсенбі 20.11.2023	Сейсенбі 21.11.2023	Сәрсенбі 22.11.2023	Бейсенбі 23.11.2023	Жұма 24.11.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүтінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен денсаулық, күнделікті үй режимі, тәрбие, даму және оның жетістіктері туралы әңгімелер, баланың тамаққа тәбеті, жыл мезгілдеріне арналған киім туралы кеңестер. Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға күн тәртібін сақтау туралы; баланың денсаулығы мінез-құлық ережелері туралы еске салу. Отбасылық тәрбие мәселелері бойынша жеке консультациялар. Ата-аналарға кеңес: «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру» «Ересектердің көмегімен өзін ретке келтіру дағдыларын қалыптастыру» туралы ата-аналармен жеке әңгімелесу. Жеке гигиена дағдыларын қалыптастыру туралы ата-аналармен жеке әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Үшты - ұшты» Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.. Еркін ойындар. (танымдық, физикалық дағдыны дамыту)	«Амандасу әдебі» Мақсаты: Құрбыларымен «Қалың қалай досым? сұрақтары аясында диалог құра алуға машықтандыру, байланыстырып сөйлеуге үйрету. (коммуникативтік, танымдық дағдыны дамыту.)	«Біздің топ» Мақсаты: Балаларды балабақшаның топ бөлмелерімен таныстыру. (танымдық, коммуникативтік дағдыны дамыту)	Үстел үсті ойыны «Текшелер» Мақсаты: өз ойын текшелер арқылы бейнелей алуға үйрету (коммуникативтік, физикалық дағдыны дамыту)	«Кім көп сөз біледі?» Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа, дұрыс (сөйлеуге үйрету. Балалардың еркін әрекеттері (әлеуметтік, шығармашылық)
Таңертеңгі жаттығу	Қараша айына арналған таңғы жаттығу кешені №1				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту, сүлгіні іліп қою, көркем сөзді қолдану. Тамақтану (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас құралдарын дұрыс ұстау, тамақты ұқыпты ішу, сөйлеспеу, Алғыс айту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Көңілді музыканы видео арқылы тамашалап, қимылдарын бірге жасату.				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Қимылды ойын: «Ұйқыдағы аю». Мақсаты: Бірқалыпты және шашырап, берілген бағытта немесе әртүрлі қарқынмен, аяқтың ұшымен жүгіруге үйрету. үруден жүгіруге және керісінше ауысу. Ойын шарты: Топ ішіндегі бір баланы аю бетпердесін кигізіп орындыққа отырғызып	Дене шынықтыру Қимылды ойын: «Күн мен түн» Мақсаты: бірінің соңынан бірі шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіруге қалыптастыру. Шарты: Алаң ортасына көлденең сызық сызылады да, оған қарама-қарсы екі жағынан әрбір метр сайын тағы екі сызық сызылады.	Музыка Тақырыбы: «Жемістер бағында» Мақсаты: музыкаға деген сезімін ояту, қарапайым ырғақтармен би билеуді үйрету. Ән айту: «Күзгі әуен» Ойын: «Қандай жеміс жетпейді?» Ырғақтық қимыл:	Дене шынықтыру Қимылды ойын: “Допты қуып жет ” Мақсаты: бағытты өзгертіп және тоқтамай жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше ауысып жүгіруге баулу. Шарты: бұл ойынға 5-6 бала, тәрбиеші басқаруымен қатыса алады. Тәрбиеші доптарды себетке салып	ДЮ: Дидактикалық ойын: «Үй жануарлары» Мақсаты: балаларды үй жануарлары мен төлдерді ажыратуға, олардың қимылын, қалай дыбыстайтынын айтқызып, оларға қамқоршы болуға тәрбиелеу. Шарты: балаларға үй

	қояды. Балалар орманда серуендеп келе жатып, ұйқыдағы аюды көреді. Аю болса балалардың шуылынан (дыбысынан) оянып кетіп, балаларды қуа жөнеледі. Ұстап алған баланы өз мекеніне отырғызып қояды. Ойын қайта жалғаса береді. (физикалық, коммуникативтік дағдыны дамыту)	Ойыншылар саны жағынан бірдей екі топқа бөлінеді. Топтың біріне «күн», екіншісіне «түн» деп ат қойылады. Ойын жүргізуші топтың бірінің атын атайды. Мәселен: ойын жүргізуші «күн» деп дауыстаса, «түн» тобындағы ойыншыларды мәре сызығына дейін қуып барады. (физикалық, коммуникативтік, танымдық дағдыны дамыту)	«Көкөністер» биі. (шығармашылық, физикалық дағдыны дамыту)	алып, балалардың алдына домалатып жібереді. «Допты қуып жет» деген белгі бойынша, балалар допты ұстап алып тәрбиеші ұстап тұрған себетке салуы керек. (физикалық, шығармашылық, әлеуметтік дағдыны дамыту)	жануарларының суреттері таратылып беріледі. Олардың қалай аталатынын, қалай дыбыстайтынын, қалай күтуге болатынын айтқызады. Сонымен бірге олардың дене мүшелерін де ататып, үй жануарлары туралы балалардың білетін жұмбақтарын шешкізеді. (коммуникативтік, шығармашылық, әлеуметтік, физикалық дағдыны дамыту)
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтары мен спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу. Ретімен киіну(ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау				
Серуен	Ауа-райы құбылыстарын және табиғи объектілерді бақылау (қоршаған ортамен танысу, танымдық және зерттеу қызметі), әңгімелесу (сөйлеуді дамыту), ересектердің көмегімен ұйымдастырылған спорттық, қозғалмалы және ұлттық ойындар (дене белсенділігі), еңбек қызметі.				
	№6 кешен 1.Ауа – райын бақылау Мақсаты: Ауа райындағы өзгерістерді аңғаруға және айтуға үйрету. Желдің бағытын қалай білу керектігін түсіндіру. Өз ойларын толық жеткізе білуге үйрету. Сұрақтар: -Бүгін ауа райы қандай? -Жел тұрғанда дала суық болама жылы болама? 2.Еңбек: Ауладағы гүлдерге су құю. Мақсаты: Ауланы таза ұстауға үйрету. Көркем сөз: Жаңбыр, жаңбыр жау – жау, Көк беленді сау – сау. 3.Қимылды ойындар: «Кім өз жалаушасына тез жетеді?» «Қуаласпақ» Мақсаты: Икемділікке баулу. 4.Жеке жұмыс қаптарды қашықтыққа лақтыру.	№7 кешен 1.Бақылау: Күзгі жапырақтарды бақылау. Мақсаты: Мезгілге байланысты жапырақ түстерінің өзгеруін қадағалау. Сұрақтар: -Күзгі жапырақтың түсі қандай екен? 2.Еңбек: Жапырақтардан гүлшоғын жасау Мақсаты: Қол икемділігін дамыта отырып, әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге талпындыру. 3.Қимылды ойын: «Монданақ». Мақсаты: Шапшаңдыққа үйрету. Ойын барысы: Монданақ ойыны бойынша белдік-белбеу әйтпесе орамалды шиыршықтап алып дөңгелене отырады. Ортаға біреу шығады. Отырғандар тізерлеп: «Әне кетті монданақ, міне кетті	№8 кешен 1.Бақылау: Алтын күзді бақылау. Мақсаты: Күзгі алаңның назар аударып, күздің алғашқы белгілерін анықтау. Қай ағаштың жапырақтары ерте өзгеріске ұшырайтынын, түрін, түсін ажырату. Қуандырып біздерді, Мерекелі күзкелді Кел жемісті алтынкүз Кемелденсін халқымыз. Сұрақтар: -Күзде айнала қандай түске боялады? -Күздің болғанын қалай білеміз? 2.Еңбек: «Таза алаң» Мақсаты: Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау. Балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Бастаған ісін аяғына дейін тиянақты орындауға үйрету.	№9 кешен 1.Бақылау: Жәндіктерді бақылау. Мақсаты: Жәндіктермен таныстырып, олардың қысқа қалай дайындалатынын айту. Сұрақтар: -Бұл қандай жәндік? -Бұлар қайда өмір сүреді? «Қыстың қамын жаз ойла». 2.Еңбек: Біздің алаң. Мақсаты: Ауладағы жапырақтарды жинау. Балалардың еңбекке ынтасын арттырып, өздігінен еңбек ете білуге үйрету. 3.Қимылды ойын: «Итеріспек» Мақсаты: Жылдамдыққа үйрету. Ойын барысы: Ойын көгалда өткізіледі, үлкен шеңбер сызылады, ортаға екі ойыншы шығады. Егер бір аяқпен секіріп жүріп, екі баланың біреуі екінші аяғын жерге тигізбестен	№10 кешен 1.Бақылау: Күнді бақылау. Мақсаты: Күн көзінің жарығын күннен тараған сәуле (жарық) оның бүкіл табиғат үшін пайдалы қажеттілігін ашу. Сұрақтар: -Бүгін күн қандай? -Ашық па бұлтты ма? 2.Еңбек: Гүл шоғы. Мақсаты: Алаңдағы жапырақтарды жинап, олардан әдемі гүл шоғын жасау. 3.Қимылды ойын: «Таяқшадан аттап өт», «Қуаласпақ» Мақсаты: Жылдамдыққа, ептілікке баулу. 4.Жеке жұмыс қадамды алмасырып жүру. <i>(қозғалыс қызметі)</i> 5.Еркін ойындар

	<i>(қозғалыс қызметі)</i> 5.Еркін ойындар	монданақ»,-деп әндетіп, ортадағы бала сырт айнала бергенде, оны соғып қалып, орамалын қайтадан жасыра қояды. Оны жасыра алмаған ойыншы ортаға шығады. 4.Жеке жұмыс. тақпақтар, мақал-мәтелдерді бекіту <i>(коммуникативтік қызмет)</i> 5.Еркін ойындар	3.Қимылды ойын: «Жылғадан қарғып өтеміз»,«Қоян мен қасқыр». Мақсаты: Ептілікке, жылдамдыққа бірлесіп ойнауға үйрету 4.Жеке жұмыс. тақпақтар, мақал-мәтелдерді бекіту 5.Еркін ойындар	қарсыласын шеңберде итеріп шығарса жеңгені. Аяғын жерге тигізіп алса, жеңілгені.Ойын жалғаса береді. 4.Жеке жұмыс заттарды көлемі бойынша топтастыру. <i>(ойын, танымдық, коммуникативтік қызмет)</i> 5.Еркін ойындар	
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен шешуін қадағалау , топқа киетін аяқ киімдерін киюі және т. б.				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту, сүлгіні іліп қою,) Тамақтану (өз орнын отыру, дұрыс отыру, ас құралдарын дұрыс ұстау, тамақты ұқыпты ішу, сөйлеспеу, Алғыс айту)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Шалқан» ертегі	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Әлди, әлди» Музыка	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Балапаным» Музыка	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Бауырсақ» ертегі	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Балабақшада»
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Күндізгі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары, Жалпақтабандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жолмен жүру)				
	Майтабанның алдын алу. (2 минут) Мысық сияқты аяқтың ұшымен шеңбермен жүру, екі аяқпен секіру, жүру орнымызға қарай жүгіру.	Аяқ ұшымен тұру Керуеттің ұасында тұру, Өкшелерді екі жақта, аяқ ұшымен тұру. Біріміз бірге еңкейейік.	Демалу жаттығулары Жел соқты уууу уууу уууу Жапырақтар желмен ұшты шшш шшш шшшш Салқын сүмен қолымызды бетімізді жуамыз.	Балалар төсекте жатып, бастарын оңға, солға бұрады. қолды екі жаққа созу, жұдырықтап жұму.велосипед тебу. Қолтырауын болып, бір қырынан төсек үстінде аяқ қолды созу.	Тыныс алу жаттығуы: Ку - ка - ру, ку - ка - ри – ку, ку - ка - ри - ку. Табанды шынықтыру массаждары: «Балапандар серуенге шықты» шик - шик - шик.
Бесін ас	Бесін ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау <i>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі)</i> балалардың тамаққа назарын аудару, мәдени тамақтануға тарту.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, басқа әрекеттер)	"Топ болайық" қимыл жаттығуы. Мақсаты: Топта және сапта жүруге бейімдеу арқылы тақпақ жаттау. Алдымызда ұзынша, Жайылып тұр жолақша. Топ-топ басайық, Бірге жылдам барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп. <i>(физикалық, коммуникативтік дағдыны дамыту)</i>	"Саусақтар" атты мультфильмін көру. Мақсаты: Балаларды мультфильмді көріп, саусақтармен белгілі тәртіпте қимылдауға, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру. <i>(физикалық, коммуникативтік, танымдық дағдыны дамыту)</i>	Үстел-үсті ойыны: «Ойна да үйрен» Мақсаты: Балалардың түстер, геометриялық пішіндер туралы білімдерін жетілдіру, баланың тілін, ойын, танымдық қабілетін дамыту. Балалар үстел үстінде өздеріне ұнаған суретерді алып, оның түсіне байланысты қарындашты және ол зат қандай геометриялық пішінге ұқсайтынын	Қимылды ойын: «Пойыз» Ду-ду! Ду-ду! Мен жүремін, Мен жүремін!-деп шулайды, Ал вагондар зулайды. Тақ-тақ-тақ! Тақ-тақ-тақ! Тақ-тақ-тақ! Тақ-тақ-тақ! Ұшақ болып, балалар, Ұшамыз биікке, биікке. Жоғары қарай тартыламыз, Енді жерге қонамыз, Қолымызды төмен түсіреміз. Балалар бірінің артына бірі пойыз сияқты тұрады. Жұдырықтарымен	"Шарлар дөңгелекте" Мақсаты: Алақанның ортасымен ермексазды домалақтау. Түрлі түсті шарлар жасау. (мүсіндеу) <i>(физикалық, коммуникативтік, танымдық дағдыны дамыту)</i>

			тауып айтады, құрастырады <i>(шығармашылық, танымдық, әлеуметтік дағдыны дамыту)</i>	айналдырады. Алқандарымен шапалқтайды. Аяқтарының ұшына тұрып қолдарын жоғары төмен көтереді. <i>(физикалық, коммуникативтік, танымдық дағдыны дамыту)</i>	
Балалармен жеке жұмыс (Баланың жеке даму картасы)	берілген бағытта қарқынды өзгертіп жүгіруге дағдыландыру. Алиарлан Медина	қаламды тұрыс ұстай отырып, дөңгелек сызықтарды жүргізуге үйрету. Амир Димаш	Мен - алмамын, алмамын, Таңдай татар бал дәмім. Мына тәтті бал-дәмді, Дастарханға арнадым тақпақты мәнерлеп айтуға үйрету. Айсултан Б Айсултан Н	қарқынды өзгертіп жүруге және жүгіруге дағдыландыру. Димаш Алиарлан	ересектердің сөзін тыңдауды және түсінуге дағдыландыру. Айселин Амина
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау. Ретімен киіну(ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау.				
Серуен	№6 кешен бойынша серуенді бекіту	№7 кешен бойынша серуенді бекіту	№8 кешен бойынша серуенді бекіту	№9 кешен бойынша серуенді бекіту	№10 кешен бойынша серуенді бекіту
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен шешу, өлеңдерді, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, санау және т. б. (көркем сөз, ойын әрекеті)				
Кешкі ас	Кешкі ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау <i>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі)</i> балалардың тамаққа назарын аудару, мәдени тамақтануға тарту <i>(сөйлеуді дамыту)</i>				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, үстел үсті ойыны,бейнелеу әрекеті, кітап қарау басқа әрекеттер)	Топта балалардың арасында достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындары ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. (пазлдар,т.б)				
	Еркін ойындар.	Күз туралы тақпақ айту Алақай! Алақай! Шаттанды балақай! Күз түсті, дән пісті. Айтамыз алғысты.	Кесілген суреттерді бір тұтасқа жинау ойындары (2-3 бөлік)	Ұяшықтарға пішіндерді салу ойындары.	Еркін ойындар
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгіме, баланың тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап беру, кеңестер беру.				

Тексерілді:



Тәрбиелеу- білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: №37 «Бәйтерек» бөбекжай-бақшасы

Топ: «Балапан» кіші топ

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 27-01 қараша-желтоқсан айы 2023 оқу жылы

Күнтәртібі	Дүйсенбі 27.11.2023	Сейсенбі 28.11.2023	Сәрсенбі 29.11.2023	Бейсенбі 30.11.2023	Жұма 01.12.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен денсаулық, күнделікті үй режимі, тәрбие, даму және оның жетістіктері туралы әңгімелер, баланың тамаққа тәбеті, жыл мезгілдеріне арналған киім туралы кеңестер. Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға күн тәртібін сақтау туралы; баланың денсаулығы мінез-құлық ережелері туралы еске салу. Отбасылық тәрбие мәселелері бойынша жеке консультациялар. Ата-аналарға кеңес: «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру» «Ересектердің көмегімен өзін ретке келтіру дағдыларын қалыптастыру» туралы ата-аналармен жеке әңгімелесу. Жеке гигиена дағдыларын қалыптастыру туралы ата-аналармен жеке әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Мен және менің көлеңкем» Мақсаты: балалардың дене тәрбиесі мен спортқа деген қызығушылығын қалыптастыру. Еркін ойындар. (танымдық, физикалық дағдыны дамыту)	Нейрожаттығу жасау музыкамен «Қоян» Мақсаты: Саусақ моторикасын дамыту. (коммуникативтік, танымдық дағдыны дамыту.)	«Сылдырмақ» Мақсаты: Балалардың ойыншықтар жайлы түсініктерін кеңейту. Сылдырмақ жайында әңгімелету, тақпақтар айтқызу арқылы сөздік қорын байыту (танымдық, коммуникативтік дағдыны дамыту)	Үстел үсті ойыны «Текшелер» Мақсаты: өз ойын текшелер арқылы бейнелей алуға үйрету (коммуникативтік, физикалық дағдыны дамыту)	«Біздің топ» Мақсаты: Балаларды балабақшаның топ бөлмелерімен таныстыру. (әлеуметтік, шығармашылық)
Таңертеңгі жаттығу	Қараша айына арналған таңғы жаттығу кешені №1				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту, сүлгіні іліп қою, көркем сөзді қолдану. Тамақтану (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас құралдарын дұрыс ұстау, тамақты ұқыпты ішу, сөйлеспеу, Алғыс айту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Көңілді музыканы видео арқылы тамашалап, қимылдарын бірге жасату.				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Қимылды ойын: «Кеглиді көзде». Мақсаты: Балаларды мергендікке, ептілікке, белгілі бір бағытты көздей білуге үйрету. Жүруден жүгіруге және керісінше ауысу арқылы Ойлау дағдысын өалыптастыру. Шарты: Балалар екі қатарға	Дене шынықтыру Қимылды ойын: «Ақ қоян» Мақсаты: Балаларды ептілікке, жылдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарак, түбек), киіміндегі	Музыка Тақырыбы: «Түстерін дұрыс тап» Мақсаты: түстерді ажыратады. Заттарды және олармен әрекет етуді біледі, оларды суреттен таниды. Түстерңне қарай орналастыруға және түстерді атай алуға сөздік қорларындамыту.	Дене шынықтыру Қимылды ойын: «Суретті бүкте» Мақсаты: Спорт, құрал-жабдықтар бейнеленген суреттер түрлі геометриялық фигураларға кесілген. Міндеттері: балалардың дене тәрбиесі мен спортқа деген қызығушылығын	ДҰО: Дидактикалық ойын: «Біздің көңіл - күйіміз» Мақсаты: балаларды суреттегі бет- әлпет бойынша ым мен мимикаға байланысты көңіл күйді ажырата білуге үйрету. Көңіл күйді білдіретін сөздерді дұрыс айтқызу, түсі

	бөлініп тұрады, тізілген кеглиларды қолдарындағы доппен көздеп құлату керек. Әрбір бала өзінің неше кегли құлатқанын есінде сақтап отырады. Допты оң қолымен, сол қолымен де домалатуға болады. (физикалық, коммуникативтік дағдыны дамыту)	олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіруге дағдыландыру. Ойын барысы: Балалар шеңбер жасап тұрады да, ал бір бала ортада «қоян» болып отырады. Шеңбердегі балалар қол ұстасып, қоянды айнала жүріп таппақ айтады. Әй-эй кәйлек киші, Біреудің қолын үзші-дегенде, қоян болған бала таппақтағы айтылған қимылды түгел істеп, өлең бітісімен жүгіріп барып шеңберді бұзуға тырысады. Үзілген жердің оң жағындағы бала «қоян» болады. (физикалық, коммуникативтік, танымдық дағдыны дамыту)	Шарты: гүлдерге су құю түсіне сай орналастырады. Ән айту: «Түрлі түстер» Ойын: «Түстеріне қарай ажырат» (шығармашылық, физикалық дағдыны дамыту)	қалыптастыру; балаларды спортпен таныстыру; балаларға спортты тануға және атауға үйрету; қиялын, ойлауын, логикасын дамыту. Ережесі: ойнатқыш суретті бөліктерден жинайды. Жинап алғаннан кейін бала суретте не көрсетілгенін айтады (физикалық, шығармашылық, әлеуметтік дағдыны дамыту)	бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, Шарты: бет- әлпеттің мимикасына қарап, көңіл күйді білдіретін сөздерді бөліп айтады. Сөйлем құрайды, әр түрлі көңіл күйді білдіретін сәттерді салу. Күліп тұрған бала Ренжіп тұрған бала Аузын ашып тұрған бала Аузын томпайтып тұрған бала т.б суреттер (коммуникативтік, шығармашылық, әлеуметтік, физикалық дағдыны дамыту)
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтары мен спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу. Ретімен киіну(ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау				
Серуен	Ауа-райы құбылыстарын және табиғи объектілерді бақылау (қоршаған ортамен танысу, танымдық және зерттеу қызметі), әңгімелесу (сөйлеуді дамыту), ересектердің көмегімен ұйымдастырылған спорттық, қозғалмалы және ұлттық ойындар (дене белсенділігі), еңбек қызметі.				
	№11 Бақылау: 1.Тұманды бақылау. Мақсаты: Күздегі тұманды бақылау, тұманның қайдан пайда болатынын түсіндіру. 2.Еңбек: Ағаштардың түптерін қопсыту. Мақсаты: Табиғатты аялай білуге, өсімдіктерге қамқор болуға, оларды күтіп – баптауға тәрбиелеу. 3.Жеке жұмыс: Мақал-мәтел. Таза болса- табиғат, Аман болар – адамзат. Мақсаты: Мақал жаттату арқылы баланың сөздік қорын жетілдіріп, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілеттерін дамыту,	№12 Бақылау: 1.Өткінші жаңбырды бақылау. Мақсаты: Өткінші жаңбыр туралы түсінік беру. Жаңбырдың пайдасы, жаңбыр жауғанына қарап егістікті, бау бақшаны, саяжайдағы көкөніс, жеміс –жидек бәрін қолдан жауындатып суарудың пайдасын ашып түсіндіру. 2.Еңбек: Ағаш түптерін қопсыту. Мақсаты: Ағаш түптерін қопсыту арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ	№13 Бақылау: 1.Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау. Мақсаты: Күзде өлі табиғатта болатын құбылыс өсімдіктерге де әсер ететіндігін түсіндіру. 2.Еңбек: Біздің ойын алаңы Мақсаты: Ойын алаңындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау. Еңбекқорлыққа баулу. 3.Жеке жұмыс: Жел тынымсыз гүлдеп, Болып кетті тым бұзық Шуылдайды тал терек, Жапырағынжұлғызып. Мақсаты: Таппақ үйрету арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту,	№14 Бақылау: 1.Кемпірқосақты бақылау. Мақсаты: Күз ерекшеліктерін түсіндіре отырып, жаңбырдан кейін аспанда әшкейленген кемпірқосақ шығатыны туралы түсінік беру. Түстерін ажыратып айту. 2.Еңбек: Біздің аула Мақсаты: Ауладағы ағаш бұтақтарын жинау .Балаларды еңбексүйгіштікке баулу. 3.Жеке жұмыс: Жұмбақ: Алдым да әр түрінен жібек жіптің, Аспанға	№15 Бақылау: 1.Маусымдық өзгерістерді бақылау Мақсаты: Қыс басындағы табиғаттағы өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру (күн қысқарады, түн ұзарады); Қыс мезгілінің басындағы қысқа тән белгілерді көре білу және өлең жолдарынан таба білу. Бақылау барысы: Көркем сөз Желтоқсан - қыстың алғашқы айы. Қоңыр бұлт астынан күн әлсіз

	балалардың табиғат , денсаулық туралы түсініктерін тереңдету. Ойын: «Біз кішкене отбасы» Мақсаты: Үлкенді сыйлауға тәрбиелеу.Отбасы мүшелерін дұрыс атауға үйрету. 4.Қимылдық ойын: « Шымшық доп» Ойын барысы: Алаңның ортасындағы бір тағанның үстіне ұзындығы 30 см, ені 6-7 тақтайшаны қисайтып қояды.Оның төменгі жағына кішкене доп қойылады.(Доп дұрыс орналасу үшін тақтайға ойыс жасап қою қажет). 5.Еркін ойындар	арқылыбаратындығын түсіндіру. 3.Жеке жұмыс: «Еңбекпен ел көгерер, Жаңбырменжер көгерер». Мақсаты: Мақал үйрету арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру. 4.Қимылдық ойын: «Допты қуыпжет». Балаларды тез жүгіруге үйрету, шапшаңдыққа , ептілікке тәрбиелеу. 5.Еркін ойындар	тілдегі дауыс ырғағыныңмәнерлігін сезінуге үйрету.. 4.Қимылдық ойын: «Айгөлек-ау, айгөлек». Мақсаты: Қимыл-қозғалысын дамыта отырып, шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Қимылдық ойын: «Фигура жасап шық» Ойын барысы: Ойнаушылардың арасынан бастаушы таңдалынып алынады.Ол шеткірек тұрады. Балалардың қалғандары жүгіреді , бір аяғымен екінші аяғын шалыс баса (ирек жүріспен) алаң бойы секіреді 5.Еркін ойындар	әшекейлеп Кесте тіктім. (Кемпірқосақ) Мақсаты: Түстерді ажырата білу. Балалардың ой —өрісін дамыту, есте сақтау қабілетін арттыру. 4.Қимылдық ойын: «Тышқанмен мысық». Мақсаты: Балаларды ептілікке , шапшаңдыққа үйрету. Қимылдық ойын:. «Қимақ». Ойын барысы: Бұл ойынды жіп керіп , сол керілген жіпке әр түрлі ұзындықта кішкентай ойыншықтар байлап қояды.Ойын көңілді болу үшін ойыншының көзін байлап қояды 5.Еркін ойындар	сығалайды. Сондықтан да қысты «түнжыр қыс деп атайды». Күн қысқа, түн ұзақ, бұл айда күн көзі сирек көрінеді. Желтоқсанда түнде қатты аяз болады, өзендер мен көлдерде қалың мұз қатады. 2.Еңбек Ағаштар түбін қармен көму. Мақсаты: <i>тірі табиғатқа деген көмек көрсету ықыласын арттыруға тәрбиелеу.</i> 3.Қимылды ойындар: Қар лақтырып ойнау Мақсаты: затты лақтыру дағдыларын бекіту. Бір аяқпен секіру. Мақсаты: тепе-теңдікті сақтауға баулу. Жаттығу ойындары: Қозғалыстарын дамыту. Мақсаты: тепе-теңдікті сақтап қозғалыс жасағанда өз-өзін сақтандыруға үйрету. 4.Жеке жұмыс түстері бойынша топтастыр 5.Еркін ойындар
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен шешуін қадағалау , топқа киетін аяқ киімдерін киюі және т. б.				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту, сүлгіні іліп қою,) Тамақтану (өз орнын отыру, дұрыс отыру, ас құралдарын дұрыс ұстау, тамақты ұқыпты ішу, сөйлеспеу, Алғыс айту)				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Қимылды ойын: «Допты қуып жет» Мақсаты: балаларды шыдамды, сабырлы қалыпта берілген белгіні тыңдауға, тез жүгіруге, түстерін көлемін ажырата білуге баулу. Шектеулі жазықтың, көлбеу тақтайдың бойымен, доғаның, гимнастикалық скамейканың астынан еңбектеуге үйрету.	Дене шынықтыру Қимылды ойын: «Доптар мектебі» ойыны Мақсаты: Доппен ойнаудың түрлерін үйрету, екі қолмен қағып алу, қабырғаға ұру, жерге ұрып қағып алу сияқты т.б. түрлерін ойнай білу, ептілікке тәрбиелеу. Әртүрлі заттардың: арқанның астынан нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен,	Музыка Тақырыбы: «Отбасы мүшелерін ата» Мақсаты: Отбасы мүшелерін атау (ата, әже, әке, ана, іні, әпке, аға, сіңілі, қарындас, т.б.). Өз жанұясы туралы әңгімелесуге үйрету. Көрнекі құралдар: Отбасы бейнеленген әртүрлі суреттер. Түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі	Дене шынықтыру Қимылды ойын: «Арқан тарту» Мақсаты: Балаларды ұйымшылдыққа, шапшаңдыққа, шымырлыққа тәрбиелеу. Биіктігі 10 сантиметр, ауданы 50 х 50 сантиметр модульге өрмелеуге дағдыландыру. Шарты: Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен	Дидактикалық ойын: «Бұны қай кезде киеді?» Мақсаты: әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін ажырата алуға үйрету. еңбек әрекетін (жуу, суару, құю), қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу- жабу, кию-шешу, алу-салу), Шарты: суреттегі киімдерді қай мезгілде

	Шарты: бұл ойынға 5-6 бала, тәрбиеші басқаруымен қатыса алады.Тәрбиеші доптарды себетке салып алып,балалардың алдына домалатып жібереді. «Допты қуып жет»деген белгі бойынша ,балалар допты ұстап алып тәрбиеші ұстап тұрған себетке салуы керек. Құралдар: түрлі-түсті үлкен-кішілі доптар. <i>(физикалық, таным, коммуникативтік, шығармашылық дағдыны дамыту)</i>	тіземен тіреп) еңбектеуге үйрету. Шарты: балалар тәрбиешінің көрсеткен жаттығуларын орындайды. 1. Допты жоғары лақтырып екі қолмен қағып алу. 2. Допты жерге соғып екі қолмен ұстап алу. 3. Допты жерге соғып шапалақты соғып екі қолмен ұстап алу. 4. Қабырғаға допты соғып екі қолмен қағып алу. 5. Допты қабырғаға соғып ұстап алып,жерге соғып қағып алу. <i>(физикалық, коммуникативтік, танымдық дағдыны дамыту)</i>	заттарды топтастыруды, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) жауап беру арқылы оларды суреттен таниды. Ән айту: «Бармақтар отбасы» Д/о: «Бармақтар отбасын тап» Шарты: бармақтар өлен тындап балалар отбасы мүшелерін табады. <i>(шығармашылық, физикалық дағдыны дамыту)</i>	ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ арқанды өз жағына тартып, алып, кетсе сол топ жеңіске жетеді. Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екінші баланы құлатса, құламаған бала жеңіске жетед. Көрнекі құралдар: Арқан <i>(физикалық, шығармашылық, әлеуметтік дағдыны дамыту)</i>	киетіндігін айтқызу <i>(коммуникативтік, шығармашылық, әлеуметтік, физикалық дағдыны дамыту)</i>
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтары мен спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу. Ретімен киіну(ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау				
Серуен	Ауа-райы құбылыстарын және табиғи объектілерді бақылау (қоршаған ортамен танысу, танымдық және зерттеу қызметі), әңгімелесу (сөйлеуді дамыту), ересектердің көмегімен ұйымдастырылған спорттық, қозғалмалы және ұлттық ойындар (дене белсенділігі), еңбек қызметі.				
	№12 1.Тұманды бақылау. Мақсаты: Күздегі тұманды бақылау , тұманның қайдан пайда болатынын түсіндіру. 2.Еңбек: Ағаштардың түптерін қопсыту. Мақсаты: Табиғатты аялай білуге , өсімдіктерге қамқор болуға , оларды күтіп –баптауға тәрбиелеу. 3.Жеке жұмыс: Мақал-мәтел. Таза болса-табиғат, Аман болар – адамзат. Мақсаты: Мақал жаттату арқылы баланың сөздік қорын жетілдіріп, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың табиғат , денсаулық туралы түсініктерін тереңдету. 4.Ойын: «Біз кішкене отбасы» Мақсаты: Үлкенді сыйлауға тәрбиелеу.Отбасы мүшелерін дұрыс атауға үйрету. Қимылдық ойын:	№14 1.Өткінші жаңбырды бақылау. Мақсаты: Өткінші жаңбыр туралы түсінік беру. Жаңбырдың пайдасы , жаңбыр жауғанына қарап егістікті, бау бақшаны , саяжайдағы көкөніс, жеміс – жидек бәрін қолдан жауындатып суарудың пайдасын ашып түсіндіру. 2.Еңбек: Ағаш түптерін қопсыту. Мақсаты: Ағаш түптерін қопсыту арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылыбаратындығын түсіндіру. 3.Жеке жұмыс: «Еңбекпен ел көгерер, Жаңбырменжер көгерер». Мақсаты: Мақал үйрету арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру. 4.Қимылдық ойын: «Допты	№15 1.Қыстағы өсімдіктердің түсін бақылау. Мақсаты: Күзде өлі табиғатта болатын құбылыс өсімдіктерге деэсер ететіндігін түсіндіру. 2.Еңбек: Біздің ойын алаңы Мақсаты: Ойын алаңындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау.Еңбеккорлыққа баулу. 3.Жеке жұмыс: Жел тынымсыз гуілдеп, Болып кетті тым бұзық Шуылдайды тал терек, Жапырағынжұлғызып. Мақсаты: Тақпақ үйрету арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, тілдегі дауыс ырғағыныңмәнерлігін сезінуге үйрету.. 4.Қимылдық ойын: «Айгөлек-ау, айгөлек». Мақсаты: Қимыл-	№16 1.Кемпіркосақты бақылау. Мақсаты: Күз ерекшеліктерін түсіндіре отырып , жаңбырдан кейін аспанда әшкейленген кемпіркосақ шығатыны туралы түсінік беру. Түстерін ажыратып айту. 2.Еңбек: Біздің аула Мақсаты: Ауладағы ағаш бұтақтарын жинау .Балаларды еңбексүйгіштікке баулу. 3.Жеке жұмыс: Жұмбақ: Алдым да әр түрінен жібек жіптің , Аспанға әшекейлеп Кесте тіктім. (Кемпіркосақ) Мақсаты: Түстерді ажырата білу. Балалардың ой –өрісін дамыту, есте сақтау қабілетін арттыру. 4.Қимылдық ойын: «Тышқанмен мысық».	№1 1.Маусымдық өзгерістерді бақылау Мақсаты: Қыс басындағы табиғаттағы өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру (күн қысқарады, түн ұзарады); Қыс мезгілінің басындағы қысқа тән белгілерді көре білу және өлең жолдарынан таба білу. Бақылау барысы: Көркем сөз Желтоқсан - қыстың алғашқы айы. Қоңыр бұлт астынан күн әлсіз сығалайды. Сондықтан да қысты «тұнжыр қыс деп атайды». Күн қысқа, түн ұзақ, бұл айда күн көзі сирек көрінеді. Желтоқсанда түнде қатты аяз болады, өзендер мен көлдерде қалың мұз қатады.

	«Шымшық доп» Ойын барысы: Алаңның ортасындағы бір тағанның үстіне ұзындығы 30 см, ені 6-7 тактайшаны қисайтып қояды. Оның төменгі жағына кішкене доп қойылады. (Доп дұрыс орналасу үшін тактайға ойыс жасап қою қажет). 5.Еркін ойын	қуыпжет». Балаларды тез жүгіруге үйрету, шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Қимылдық ойын: «Кім тезірек?» Мақсаты: Секіргішпен секіруге үйрету, секіру қабілетін дамыту, ептілікке тәрбиелеу. 5.Еркін ойын	қозғалысын дамыта отырып, шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Қимылдық ойын: «Фигура жасап шық» Ойын барысы: Ойнаушылардың арасынан бастаушы таңдалынып алынады. Ол шеткірек тұрады. Балалардың қалғандары жүгіреді, бір аяғымен екінші аяғын шалыс баса (ирек жүріспен) алаң бойы секіреді 5.Еркін ойын	Мақсаты: Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа үйрету. Қимылдық ойын: «Қимақ». Ойын барысы: Бұл ойынды жіп керіп, сол керілген жіпке әр түрлі ұзындықта кішкентай ойыншықтар байлап қояды. Ойын көңілді болу үшін ойыншының көзін байлап қояды 5.Еркін ойын	2.Еңбек Ағаштар түбін қармен көму. <i>Мақсаты: тірі табиғатқа деген көмек көрсету ықыласын арттыруға тәрбиелеу.</i> 3.Қимылды ойындар: Қар лақтырып ойнау <i>Мақсаты:</i> затты лақтыру дағдыларын бекіту. Бір аяқпен секіру. <i>Мақсаты:</i> тепе-теңдікті сақтауға баулу. 4.Жеке жұмыс тепе-теңдікті сақтап қозғалыс жасағанда өз-өзін сақтандыруға үйрету. 5.Еркін ойын
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен шешуін қадағалау, топқа киетін аяқ киімдерін киюі және т. б.				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту, сүлгіні іліп қою,) Тамақтану (өз орнын отыру, дұрыс отыру, ас құралдарын дұрыс ұстау, тамақты ұқыпты ішу, сөйлеспеу, Алғыс айту)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Бесік жыры» музыка	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Әлди, әлди» Музыка	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Балапаным» Музыка	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Бауырсақ» ертегі	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау Ұйқын тыныш болсын балалақай әуен
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Күндізгі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары, Жалпақтабандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жолмен жүру)				
	Майтабанның алдын алу. (2 минут) Мысық сияқты аяқтың ұшымен шеңбермен жүру, екі аяқпен секіру, жүру орнымызға қарай жүгіру.	Аяқ ұшымен тұру Керуеттің ұасында тұру, Өкшелерді екі жақта, аяқ ұшымен тұру. Біріміз бірге еңкейейік.	Демалу жаттығулары Жел соқты уууу уууу уууу Жапырақтар желмен ұшты шшш шшш шшшш Салқын сумен қолымызды бетімізді жуамыз.	Балалар төсекте жатып, бастарын оңға, солға бұрады. қолды екі жаққа созу, жұдырықтап жұму.велосипед тебу. Қолтырауын болып, бір қырынан төсек үстінде аяқ қолды созу.	Тыныс алу жаттығуы: Ку - ка - ру, ку - ка - ри – ку, ку - ка - ри - ку. Табанды шынықтыру массаждары: «Балапандар серуенге шықты» шик - шик - шик.
Бесін ас	Бесін ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі) балалардың тамаққа назарын аудару, мәдени тамақтануға тарту.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, басқа әрекеттер)	«Доп» Мақсаты: сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Жүруден жүгіруге және керісінше ауысу арқылы Ойлау дағдысын өалыптастыру.	«Төлін тап» ойыны Міндеті: Үй жануарларының атын атауға, төлін сипаттауды үйрету. (<i>әлеуметтік, танымдық іс-әрекет</i>)	Сюжеттік- рөлдік ойын: «Отбасы» Міндеті: Балаларға отбасы мүшелерін атап және сыйлай білуге үйрету. (<i>қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық, іс-</i>	Саусақ ойыны: «Дені саудың жаны сау» Денсаулық туралы суреттер немесе фотосуреттер. Денсаулықты күту, адамдардың өзіне қарап жүруі туралы әңгімелеп беру.	«Қандай дыбыс шығарады?» Мақсаты: суреттер арқылы, зияткерлік қабілеттерін арттыру.

	<i>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық, іс-әрекет, қимыл іс-әрекеті.)</i>		<i>әрекет, қимыл іс-әрекеті.)</i>		
Балалармен жеке жұмыс (Баланың жеке даму картасы)	қарқынды өзгертіп жүруге және жүгіруге дағдыландыру. Әмина Темирлан	заттардың бойымен және астымен еңбектеп жүруге дағдыландыру. Ансар Амирхан	қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) қайталап айтуға қалыптастыру. Айсултан Медина	түстерді ажырату және атау. Асылхан Димаш	ересектердің көрсеткен қимылдарын қайталайды (шапалақтайды, аяқтарын тарсылдатады, қолдың білектерін айналдырады) Айсұлтан Айсултан Б Димаш
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау. Ретімен киіну(ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау.				
Серуен	Ауа-райы құбылыстарын және табиғи объектілерді бақылау (қоршаған ортамен танысу, танымдық және зерттеу әрекеті), әңгімелесу (сөйлеуді дамыту), ересектердің көмегімен ұйымдастырылған спорттық, қимылды және ұлттық ойындар (дене белсенділігі), еңбек әрекеті				
	№12 кешен бойынша серуенді бекіту	№14 кешен бойынша серуенді бекіту	№15 кешен бойынша серуенді бекіту	№16 кешен бойынша серуенді бекіту	№1 кешен бойынша серуенді бекіту
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен шешу, өлеңдерді, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, санау және т. б. (көркем сөз, ойын әрекеті)				
Кешкі ас	Кешкі ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау <i>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі)</i> балалардың тамаққа назарын аудару, мәдени тамақтануға тарту <i>(сөйлеуді дамыту)</i>				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ,үстел үсті ойыны,бейнелеу әрекеті, кітап қарау басқа әрекеттер)	Топта балалардың арасында достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындары ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. (пазлдар,т.б)				
	Әр түрлі балалар іс-әрекеті түрінде жүзеге асырылады (ойын, қозғалыс, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) 1. Қимылды ойын: «Допты қуып жет» 2. Ұлттық ойын: «Түрлі-түсті асықтар» 3.Ертегі оқу, кітап қарау 4. Үстел үсті ойыны: «Жануарлар»				
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгіме, баланың тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап беру, кеңестер беру.				

Тексерілді:



Тәрбиелеу- білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: **№37 «Бәйтерек» бөбекжай-бақшасы**
 Топ: **«Балапан» кіші топ**
 Балалардың жасы: **2 жас**
 Жоспардың құрылу кезеңі: **03-05 Қаңтар айы 2024 оқу жылы**

Күнтәртібі	Сәрсенбі 03.01.2024	Бейсенбі 04.01.2024	Жұма 05.01.2024
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу.		
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен денсаулық, күнделікті үй режимі, тәрбие, даму және оның жетістіктері туралы әңгімелер, баланың тамаққа тәбеті, жыл мезгілдеріне арналған киім туралы кеңестер.		
	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға күн тәртібін сақтау туралы; баланың денсаулығы мінез-құлық ережелері туралы еске салу. Отбасылық тәрбие мәселелері бойынша жеке консультациялар. Ата-аналарға кеңес: «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру» «Ересектердің көмегімен өзін ретке келтіру дағдыларын қалыптастыру» туралы ата-аналармен жеке әңгімелесу. Жеке гигиена дағдыларын қалыптастыру туралы ата-аналармен жеке әңгімелесу.		
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Топ-топ» Топ-топ, топ басайық, Жалаудан күн жасайық. Жаса, жаса алтын күн Жаса, жаса жарқын күн. (балалар қолдарын соғады)	Қимыл-қозғалыс ойыны: «Бақа мен тырна» Мақсаты: қозмалмалы ойындар мен жаттығулардың алғашқы түсініктері мен дағдыларын қалыптастыру. Балаларды достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.	«Шынығамыз» Шаршасандар, балалар, Қолдарыңды созыңдар. Саусақтармен ойнаңдар, Қолдарыңды сермендер. Денелерің шынықсын, Саналарың тынықсын.
Таңертеңгі жаттығу	Қаңтар айына арналған таңғы жаттығу кешені Кіріспе бөлімі: <i>Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау.</i> <i>Шеңбер бойымен марш екпінімен жүру.</i> <i>Шеңбер бойымен еркін жүру.</i> <i>Шеңбер бойы тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.</i> Б.қ.: «Келісу» <i>Аяқтары иық мәлішерінде. Қолдары артта. Басты жоғары көтеріп, төмен түсіру, «иә-иә» сөзін айту. /6 рет қайталау/</i> Б. қ.: «Балетші» <i>Қолдары белде. 1- оң аяқтың ұшын оң жаққа созамыз, бастапқы қалыпқа келу; 2- сол аяқтың ұшын солға созамыз, бастапқы қалыпқа келу. /6 рет қайталау/</i> Б.қ.: «Зырылдауық» <i>Аяқтар алысқа қойылған, қолдар бүйірде. Белді оңнан – солға, солдан – оңға қарай айналдыру. /5 рет қайталау./</i> Б.қ.: «Биік, аласа» <i>Аяқты алысқа қоямыз, қолды алдыға созамыз. Отырып «аласа» деп айту, тұру – «биік» деп айту. / 5 рет қайталау/</i> Қорытынды: Шеңбер бойы еркін жүру. «Құс» - аяқтың ұшымен бірқалыпты жеңіл жүгіру.		
Таңғы ас	Таңғы ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту, сүлгіні іліп қою, көркем сөзді қолдану. Тамақтану (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас құралдарын дұрыс ұстау, тамақты ұқыпты ішу, сөйлеспеу, Алғыс айту)		

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Көңілді музыканы видео арқылы тамашалап, қимылдарын бірге жасату.		
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Музыка Тақырыбы: «Отбасы мүшелерін ата» Мақсаты: Отбасы мүшелерін атау (ата, әже, әке, ана, іні, әпке, аға, сіңілі, қарындас, т.б.). Өз жанұясы туралы әңгімелесуге үйрету. Көрнекі құралдар: Отбасы бейнеленген әртүрлі суреттер. Түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) жауап беру арқылы оларды суреттен таниды. Ән айту: «Бармақтар отбасы» Д/о: «Бармақтар отбасын тап» Шарты: бармақтар өлен тындап балалар отбасы мүшелерін табады. <i>(шығармашылық, физикалық дағдыны дамыту)</i>	Дене шынықтыру Қимылды ойын: «Қояндар» Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Шарты: Залдың бір шетіне 5-6 үйшіктер сызылады. Олардың алдына орындықтар қойылады. Қарсы бетте күзетшінің үйі бар. Үй мен қояндар күркесі арасында ойнайтын алаңдар болады. Қояндар күркелерінде жүресінен отырады. Күзетші күркелерінен қояндарды жайылысқа шығарады. Қояндар секіреді, билейді, ойнайды. Тәрбиеші «түлкі» келіп қалар үйлеріне қайтындар дегенде үйлеріне орындық астынан еңбектей өтеді. Ойынға шыққанда да орындық астынан еңбектей шығады. Ойынға шық дегенше күркелерінде отыра береді. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. <i>(физикалық, коммуникативтік, танымдық дағдыны дамыту)</i>	ДЮ: Қимылды ойын: «Қояндар мен қасқыр» Мақсаты: Балаларды алғырлыққа, қырағылыққа, татулыққа тәрбиелеу. Ептілік қасиеттерін арттыру. Денсаулықтарын шынықтыру. Шарты: Бір бала қасқыр болады, ал қалған балалар қояндар болады. Қояндар өз үйлерінде тығылып жатады, ал қасқыр өзінің апанында жатады. Тәрбиеші: Секендеңдер қояндар, Жүгіріңдер жортыңдар- деген кезде, қояндар үйлерінен шығып секендеп ойнайды. Осы кезде қасқыр апанынан шығып қояндарды қуа жөнеледі. Ұстап алған қояндарды апанына апарады. Осылай 3-4 қоянды ұстағаннан кейін ойынды басқа бала жалғастырады. Ойын 2-3 рет ойналады. Түрлі заттардың астынан доптарды домалату, доптарды бір-біріне домалату. <i>(коммуникативтік, шығармашылық, әлеуметтік, физикалық дағдыны дамыту)</i>
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтары мен спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу. Ретімен киіну(ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау		
Серуен	Ауа-райы құбылыстарын және табиғи объектілерді бақылау (қоршаған ортамен танысу, танымдық және зерттеу қызметі), әңгімелесу (сөйлеуді дамыту), ересектердің көмегімен ұйымдастырылған спорттық, қозғалмалы және ұлттық ойындар (дене белсенділігі), еңбек қызметі.		
	№1 Бақылау 1.Маусымдық өзгерістерді бақылау Мақсаты: қыс басындағы табиғаттағы өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру. (күн қысқарады, түн ұзарады); Қыс мезгілінің басындағы қысқа тән белгілерді көре білу және өлең жолдарынан таба білу. Бақылау барысы: Желтоқсан -қыстың алғашқы айы. Қоңыр бұлт астынан күн әлсіз сығалайды. Сондықтан да қысты «түнжыр қыс деп атайды». Күн қысқа, түн ұзақ, бұл айда күн көзі сирек көрінеді. Желтоқсанда түнде қатты аяз болады, өзендер мен көлдерде қалың мұз қатады. Сұрақтар: - желтоқсан айы қай айдан соң келеді? - қараша айына қарағанда балабақша ауласында қандай өзгерістер болды? 2.Еңбек: Ағаштар түбін қармен көму. Мақсаты: тірі табиғатқа деген көмек көрсету ықыласын арттыруға тәрбиелеу.	№2 Бақылау 1.Бақшаны бақылау. Мақсаты: қыс мезгіліндегі бақшада болатын өзгерістермен таныстыру, зерттеу қызметіне деген қызығушылықтарын арттыру. Бақылау барысы: Далада қар болрайды, Ақ мамыққа орайды. Мұз болады қатады, Жып-жылтыр болып жатады. Аралайды бақшаны, Үзілмейді жақсы әні. Гүлденеді бақшалар, Жауса-жаусын ақша қар. Сұрақтар: - қыстың келуімен бақшалықта қандай өзгерістер пайда болды? (барлық жерді қар басты.) - өсімдіктер үшін қардың қандай пайдасы бар? (аяз бен желден сақтайтын «көрпе») 2.Еңбек: қардан құрлыс тұрғызу	№3 Бақылау 1.Торғайды бақылау Мақсаты: қыстап қалатын құстар жайлы білімдерін толықтыру; Қыс мезгіліндегі құстардың мінез құлықтарындағы өзгешеліктер туралы түсініктерін қалыптастыру; құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. Бақылау барысы: Шыр шыр еткен торғайды Қорғамасаң болмайды. Кіп кішкене торғайлар Ағаштарды қорғайды. Таспен атып торғайды, Ұя бұзған оңбайды. Құс өкпелеп кетеді, Бақшамызға қонбайды. Сұрақтар:

	3.Қимылды ойын: «Пингвиндер доп ойнап жүр». Мақсаты: екі аяқпен секіруді күрделілендіру, екі аяқ арасына допты қыстырып алға жылжу. 4.Жеке жұмыс: Тық-тық ұрып Шегесін қадап, Мезгілді саған Айтады санап. (сағат) (еңбек қызметі) 5.Еркін ойындар	Мақсаты: қардан әртүрлі денелер жасауға үйрету. Достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. 3.Қимылды ойын: «Қу түлкі». Мақсаты: балаларды байқампаздыққа, алғырлыққа баулу, тапсырманы дұрыс орындауларын бақылау. 4.Жеке жұмыс: Қыс қызығы тақырыбында әңгіме құрау. 5.Еркін ойындар	- біздерде жылы жаққа ұшпай қалған құстарды қалай атаймыз?(қыстап қалатын құстар) - қыстап қалатын қандай құстарды білесіңдер ? (торғай, қарға, тоқылдақ, сауысқан, кептер) 2.Еңбек: құстар қонақтайтын, жем шашатын жерді қардан тазалау . Мақсаты: еңбекке деген ықыластарын арттыру. 3.Қимылды ойын: «Нысанаға тигіз». Мақсаты: қашып бара жатқан заттың бағытын бақылау, қозғалыстың дұрыс орындалуын есептей білу. 4.Жеке жұмыс: тақпақ Аппақ аппақ ақшақар, бірін ұстап алайын...ұстадым! жоқ, ақшақар, қайдан іздеп табайын? 5.Еркін ойындар
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен шешуін қадағалау , топқа киетін аяқ киімдерін киюі және т. б.		
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту, сүлгіні іліп қою,) Тамақтану (өз орнын отыру, дұрыс отыру, ас құралдарын дұрыс ұстау, тамақты ұқыпты ішу, сөйлеспеу, Алғыс айту)		
Күндізгі ұйқы	Бесік жырын тыңдату.	Ертегі айтып беру: « Ұйқыдағы ханшайым »	Ән тыңдату. « Тыныш ырғақты музыка »
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Күндізгі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары, Жалпақтабандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жолмен жүру)		
	Демалу жаттығулары Жел соқты уууу уууу уууу Жапырақтар желмен ұшты шшшш шшшш шшшшш Салқын сумен қолымызды бетімізді жуамыз.	Балалар төсекте жатып , бастарын оңға, солға бұрады. қолды екі жаққа созу, жұдырықтап жұму.велосипед тебу. Қолтырауын болып, бір қырынан төсек үстінде аяқ қолды созу.	Тыныс алу жаттығуы: Ку - ка - ру, ку - ка - ри – ку, ку - ка - ри - ку. Табанды шынықтыру массаждары: «Балапандар серуенге шықты» шик - шик - шик.
Бесін ас	Бесін ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау (<i>мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі</i>) балалардың тамаққа назарын аудару, мәдени тамақтануға тарту.		
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, басқа әрекеттер)	Сюжеттік- рөлдік ойын: « Отбасы » Мақсаты: балаларға отбасы мүшелерін атап және сыйлай білуге үйрету.	Сюжетті-рөлдік ойын: « Шаштараз » Мақсаты: балаларды шаштарын үнемі тарап, әдемілеп жүруге үйрету.	Дидактикалық ойын: « Даусына қарай ажырат » ойыны Мақсаты: балалардың үй жануарларын даусынан тани білуін дамыту.
Балалармен жеке жұмыс (Баланың жеке даму картасы)	<i>Балалармен аралық бақылау жүргізу</i>		
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау. Ретімен киіну(ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау.		
Серуен	Ауа-райы құбылыстарын және табиғи объектілерді бақылау (қоршаған ортамен танысу, танымдық және зерттеу әрекеті), әңгімелесу (сөйлеуді дамыту), ересектердің көмегімен ұйымдастырылған спорттық, қимылды және ұлттық ойындар (дене белсенділігі), еңбек әрекеті		
	№1 кешен бойынша серуенді бекіту	№2 кешен бойынша серуенді бекіту	№3 кешен бойынша серуенді бекіту

Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен шешу, өлеңдерді, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, санау және т. б. (көркем сөз, ойын әрекеті)		
Кешкі ас	Кешкі ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі) балалардың тамаққа назарын аудару, мәдени тамақтануға тарту (сөйлеуді дамыту)		
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ,үстел үсті ойыны,бейнелеу әрекеті, кітап қарау басқа әрекеттер)	Топта балалрдың арасында достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындары ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. (пазлдар,т.б)		
	Кесілген суреттерді бір тұтасқа жинау ойындары (2-3 бөлік)	Ұяшықтарға пішіндерді салу ойындары.	Еркін ойындар
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгіме, баланың тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап беру, кеңестер беру.		

Тексерілді:



Тәрбиелеу- білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: **№37 «Бәйтерек» бөбекжай-бақшасы**

Топ: **«Балапан» кіші топ**

Балалардың жасы: **2 жас**

Жоспардың құрылу кезеңі: **08-12 қаңтар айы 2024 оқу жылы**

Күнтәртібі	Дүйсенбі 08.01.2024	Сейсенбі 09.01.2024	Сәрсенбі 10.01.2024	Бейсенбі 11.01.2024	Жұма 12.01.2024
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен денсаулық, күнделікті үй режимі, тәрбие, даму және оның жетістіктері туралы әңгімелер, баланың тамаққа тәбеті, жыл мезгілдеріне арналған киім туралы кеңестер.				
	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға күн тәртібін сақтау туралы, баланың денсаулығы мінез-құлық ережелері туралы еске салу. Отбасылық тәрбие мәселелері бойынша жеке консультациялар. Ата-аналарға кеңес: «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру» «Ересектердің көмегімен өзін ретке келтіру дағдыларын қалыптастыру» туралы ата-аналармен жеке әңгімелесу. Жеке гигиена дағдыларын қалыптастыру туралы ата-аналармен жеке әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Үстел- үсті ойыны: «Ойық ішіндегі заттарды орналастыру»	«Сәбіздерді жина» Мақсаты: ойынға деген құштарлықтарын дамыту. Сәбіздерді жинау арқылы көжектің қорегін табуға үйрету.	«Қошақаным қайда екен» әнін қойып балаларға түрлі қимылдар жасату.	«Кім шапшаң?» Мақсаты: Есту қабілетін дамыту. Балаларды дауысқа еліктіру. Сылдырмақты сылдырлатып оның қай жақтан шыққанын айтуға үйрету.	Үстел үсті ойыны «Ұқсасын тап» Мақсаты: заттарды көлемі бойынша ажырата алуға үйрету.
Таңертеңгі жаттығу	ТАҢҒЫ ЖАТТЫҒУ КЕШЕНІ №9 Қаңтар 2 апта Кіріспе бөлімі: Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау. Шеңбер бойымен марш екпінімен жүру. Шеңбер бойымен еркін жүру. Шеңбер бойы тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау. Б.қ.: «Келісу» Аяқтары иық мөлшерінде. Қолдары артта. Басты жоғары көтеріп, төмен түсіру, «иә-иә» сөзін айту. /6 рет қайталау/ Б. қ.: «Балетші» Қолдары белде. 1- оң аяқтың ұшын оң жаққа созамыз, бастапқы қалыпқа келу; 2- сол аяқтың ұшын солға созамыз, бастапқы қалыпқа келу. /6 рет қайталау/ Б.қ.: «Зырылдауық» Аяқтар алшақ қойылған, қолдар бүйірде. Белді оңнан – солға, солдан – оңға қарай айналдыру. /5 рет қайталау./ Б.қ.: «Биік, аласа» Аяқты алшақ қоямыз, қолды алдыға созамыз. Отырып «аласа» деп айту, тұру – «биік» деп айту. / 5 рет қайталау/ Қорытынды: Шеңбер бойы еркін жүру. «Құс» - аяқтың ұшымен бірқалыпты жеңіл жүгіру.				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту, сүлгіні іліп қою, көркем сөзді қолдану. Тамақтану (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас құралдарын дұрыс ұстау, тамақты ұқыпты ішу, сөйлеспеу, Алғыс айту)				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Көңілді музыканы видео арқылы тамашалап, қимылдарын бірге жасату.				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Қимылды ойын: “Поезд” Міндет: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Екі қолмен, әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта 0,5-1,5 метр арақашықтықтағы нысанаға (төмен, жоғары) лақтырууға дағдыландыру. Ойынның шарты: Тәрбиеші балаларға поезд болып ойнайық, мен паравоз боламын, ал сендер вагонсындар, пуп-пуп-пуп. Паравоз белгі бергенде поезд ақырындайды, содан кейін қатты, яғни тез жүреді. (физикалық, таным, коммуникативтік, шығармашылық, әлеуметтік дағдыны дамыту)	Дене шынықтыру Қимылды ойын: Көжектер” Міндет: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Балаларды салауатты салтына тәрбиелеу. Ойынның шарты: Балалар шеңбер жасап тұрады. Бір бала “түлкі” болады. Қалғандары көжектер секіріп билеп жүреді. Түлкі сыбырды естіп көжектерді қуады. Қаша алмай қалған көжектерді түлкі ұстап алады, ойын осылай қайталана береді. (физикалық, таным, коммуникативтік, шығармашылық, әлеуметтік дағдыны дамыту)	Музыка қимылды жаттығуы "Қолған" Міндет: Балаларды педагогтің соңынан көркем сөз жолдарының ырғағына, мазмұнына сай қимылдарды жасап, жағымды көңіл-күйге бөленуді үйрету және қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту арқылы қарындашты дұрыс ұстай алуға (үш саусақпен) үйрету. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес» екені туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Ән айту: «Саусақтар» Музыка тыңдауда әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын ажырата білуге дағдыландыру. (физикалық, таным, коммуникативтік, шығармашылық, әлеуметтік дағдыны дамыту)	Дене шынықтыру Қимылды ойын: «Сылдырмақпен сылдырлат» Міндет: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту. Шарты: 5-6 балалар алаңның бір жағында сызықтың ар жағында тұрады. Қарама-қарсы жақта орындықтарда бір бірінен арақашықтығы бірдей болып сылдырмақтар (балалардың санына сай) жатады. «1-2-3, жүгіріңдер»- деген белгі бойынша балалар сылдырмақтарға қарай жүгіреді, жоғарыға көтереді де сылдырлатады. Бірінші жетіп, сылдырлатқан бала жеңіске жетеді. Сол балалар орындарына барады, басқа ойнаушылар қатысады. (физикалық, таным, коммуникативтік, шығармашылық, әлеуметтік дағдыны дамыту)	ДҰО: "Сиқырлы сандықшалар" Міндет: Балаларға көлемі үш түрлі заттарды ажыратып, оларды бір үлкен сандықшаға жинауға үйрету арқылы қолдың ұсақ моторикасын және ойлау қабілеттерін дамыту. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруге дамыту. Түстерді ажырата алу қабілеттерін дамыту қағазбен жұмыс істеудің бірлескен қарапайым тәсілдерін құру (кию және жырту) арқылы ұсақ қол моторикасын дамыту. (физикалық, таным, коммуникативтік, шығармашылық, әлеуметтік дағдыны дамыту)
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтары мен спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу. Ретімен киіну(ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау				
Серуен	Ауа-райы құбылыстарын және табиғи объектілерді бақылау (қоршаған ортамен танысу, танымдық және зерттеу қызметі), әңгімелесу (сөйлеуді дамыту), ересектердің көмегімен ұйымдастырылған спорттық, қозғалмалы және ұлттық ойындар (дене белсенділігі), еңбек қызметі.				
	№4 1.Қардың түсуін бақылау Мақсаты: - Қардың қасиеттері туралы түсініктерін	№5 1.Ауладағы ағаштарды бақылау Мақсаты :	№6 1.Аула тазалаушы еңбегін бақылау	№8 1.Қарғаларды бақылау Мақсаты: қыстап қалатын құстар өмірімен танысуды	№9 1.Желді бақылау Мақсаты: өлі табиғат туралы білімдерін байыту; табиғат

	қалыптастыру; Қардың түсуі туралы білімдерін молайту; әдемілікке деген сезімдерін тәрбиелеу. Тәрбиеші балаларға сұрақ қояды. -Аяқ астында қар неге сықырлайды? -Айналаға қараңдаршы, қандай әсем көрністерді көріп тұрсыңдар? (айнала аппақ, қар беті тап-таза т.б.) 2.Қимылды ойын «Ыстық-суық». Мақсаты: тәрбиешінің белгісі бойынша әрекет етуге үйрету Жаттығу ойындары Қимылдарын дамыту. Мақсаты: Қарды алысқа лақтыруға үйрету. 3.Еңбек. Ересектердің көмегімен ауланы тазарту 4.Жеке жұмыс: мұз жөнінде не айтуға болады?балаға мұз суретін сәбізбен ұқсастырып сала білуге үйрету 5 Еркін ойындар	— ағаштар туралы білімдерін молайту; — ағаштардың қысқы бейнесін бақылауды жалғастыру Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды: Ағаштардың жазғы бейнесі қандай еді?? Күзде қандай болды? Қазіргі бейнесі қандай? Кімнің есінде, ағаштар жапырағын неге түсіреді? 2.Қимылды ойын: «Кім аққалаға бұрын жетеді?» Мақсаты: доға астынан еңбектеп өту 3.Еңбек: Ауладан құстар үшін алаң аршып, оған дән себу. дағдыларын жетілдіру. 4.Жеке жұмыс тақпақ Аппақ аппақ ақшақар,бірін ұстап алайын...ұстадым! жоқ,ақшақар,қайдан іздеп табайын? 5.Еркін ойындар	Мақсаты: Аула тазалаушының еңбегін бақылауды жалғастыру; Сөздік қорларын байыту; Үлкендер еңбегіне деген сүйіспеншілік және құмет сезіміне тәрбиелеу; Табиғатқа және айнала қоршаған ортаға деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Сұрақтар:. - Аула тазалаушы қыста балабақша ауласында не істейді? - Жұмыс үшін ол қандай құралдарды пайдаланады? 2.Еңбек: Аула тазалаушыға көмектесу.. Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге үйрету; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. 3.Қимылды ойын «Мысық пен тышқан». Мақсаты: Ептіліктері мен жылдамдықтарын дамыту; Әр бағытта жүгіруге жаттықтыру. 4.Жеке жұмыс Жорамал Далада қар көп болса, қамбада астық мол болады 5.Еркін ойындар	жалғастыру. Қарғалардың тіршілігін бақылау. Сұрақтар: - қыстап қалатын құсты ата? - қарға азығын қалай тауып жейді? 2.Еңбек: Ауладан құстар үшін алаң аршып, оған дән себу. Мақсаты: бірлесе еңбек етуге баулу. 3.Қимылды ойын: «Пингвиндер доп ойнап жүр». Мақсаты: екі аяқпен секіруді күрделендіру, екі аяқ арасына допты қыстырып алға жылжу. 4.Жеке жұмыс: Қыс туралы тақпақ жаттату 5.Еркін ойындар	құбылыстарына деген қызығушылықтарын қалыптастыру. Балаларға сұрақтар -Бүгін ауа райы қандай? (суық, желді, аязды) Қ -ыс мезгілінде желді қалай атайды? (боран,үскірік) 2.Қимылды ойын «ең мерген кім?». Мақсаты: Заттарды лақтыруға жаттықтыру; Көзбен мөлшерлей білулерін дамыту. 3.Жеке жұмыс «Ағаш суретін сал». Мақсаты:қар бетіне әртүрлі ағаш суретін сала білулерін бекіту. 4.Еңбек. Ересектердің көмегімен ауланы тазарту 5.Еркін ойындар
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен шешуін қадағалау , топқа киетін аяқ киімдерін киюі және т. б.				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту, сүлгіні іліп қою,) Тамақтану (өз орнын отыру, дұрыс отыру, ас құралдарын дұрыс ұстау, тамақты ұқыпты ішу, сөйлеспеу, Алғыс айту)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау: «Үлкендерді сыйлау» Әңгіме	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау: «Ана мен бала» Музыка	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау: «Үш аю» ертегі	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау: «Бала, бала, балақан» Музыка	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау: «Тыныш ырғақты музыка»
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Күндізгі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары, Жалпақтабандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жолмен жүру) <i>1.Әуенді:Музыка әуенімен әтеш бейнесіне еніп тәрбиеші кіреді: Ку-ка-ри-ку, ку-ка-ри-ку, ку-ка-ри-ку. Балапандарым кәне ұйқыдан тұрайық.</i> Түс мезгілі, түс мезгілі. Балапандар ұйқыға кірісті. Балапандар көреді түсті, Ғажайып сиқырлы әлемді. Балалар ұйқыдан оянады. Тәрбиеші: Көзімізді ашайық,				

	Бойымызды жазайық. Қолымызды созайық, Жаттығулар жасайық. 2.Жалпы жетілдіру жаттығуы: 1. Балалар төсекте жатып, бастарын оңға, солға бұрады. 2. Балалар төсекте жатып, қолды екі жаққа созу, жұдырықтап жұму. 3. Балалар төсекте жатып, велосипед тебу. Қолтырауын болып, бір қырынан төсек үстінде аяқ - қолды созу. Балалар төсекте отырып, бір - біріне қарап сәлемдесу. (дене шынықтыру, музыка, шығармашылық дағдыларын дамыту)				
Бесін ас	Бесін ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау <i>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі)</i> балалардың тамаққа назарын аудару, мәдени тамақтануға тарту.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, басқа әрекеттер)	«Вагондарға дөңгелек тандау» Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға тәрбиелеу. Түстеріне қарай ажыратуға үйрету.	«Көжектер» Мақсаты:Қағазға ересектер салған суреттке саусақпен (нуктелер) арқылы суретті толықтыруға үйрету.	«Қолғап» ертегісі. Мақсаты: шығарманы тыңдау, қуыршақ театры арқылы балалардың эстетикалық дағдыларын дамыту Кейіпкерлер туралы әңгімелеу.	Қимылды ойын: «Доптарды кім тез жинайды?» Мақсаты:ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу (Дене шынықтыру)	Қимылды ойын: «Қай қолымда көп» Мақсаты: аз және көп заттарды ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін дамыту.
Балалармен жеке жұмыс (Баланың жеке даму картасы)	Балалармен аралық бақылау жүргізу				
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау. Ретімен киіну(ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау.				
Серуен	№4 кешен бойынша серуенді бекіту	№5 кешен бойынша серуенді бекіту	№6 кешен бойынша серуенді бекіту	№8 кешен бойынша серуенді бекіту	№9 кешен бойынша серуенді бекіту
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен шешу, өлеңдерді, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, санау және т. б. (көркем сөз, ойын әрекеті)				
Кешкі ас	Кешкі ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау <i>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі)</i> балалардың тамаққа назарын аудару, мәдени тамақтануға тарту <i>(сөйлеуді дамыту)</i>				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ,үстел үсті ойыны,бейнелеу әрекеті, кітап қарау басқа әрекеттер)	Топта балалардың арасында достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындары ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. (пазлдар,т.б)				
	«Сәйкес ұяшыққа орналастыр» дидакт икалық ойын Мақсаты: ойлау қабілетін арттыру	«Мені қайтала» Мақсаты: ересектердің сөзін қайталай отырып, сөздік қорын молайту, тілін жаттықтыру.	«Қандай дыбыс шығарады?» Мақсаты: суреттер арқылы, зияткерлік қабілеттерін арттыру.	«Қызықты ойыншықтар» ойыншықтармен ойын Мақсаты: достыққа баулу.	«Мен өзім» жаттығуы Мақсаты: балалардың дұрыс киіну қабілетін қалыптастыру.
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгіме, баланың тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап беру, кеңестер беру.				

Тексерілді:



Тәрбиелеу- білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: **№37 «Бәйтерек» бөбекжай-бақшасы**

Топ: **«Балапан» кіші топ**

Балалардың жасы: **2 жас**

Жоспардың құрылу кезеңі: **15-19 қаңтар айы 2024 оқу жылы**

Күнтәртібі	Дүйсенбі 15.01.2024	Сейсенбі 16.01.2024	Сәрсенбі 17.01.2024	Бейсенбі 18.01.2024	Жұма 19.01.2024
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен денсаулық, күнделікті үй режимі, тәрбие, даму және оның жетістіктері туралы әңгімелер, баланың тамаққа тәбеті, жыл мезгілдеріне арналған киім туралы кеңестер.				
	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға күн тәртібін сақтау туралы; баланың денсаулығы мінез-құлық ережелері туралы еске салу. Отбасылық тәрбие мәселелері бойынша жеке консультациялар. Ата-аналарға кеңес: «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру» «Ересектердің көмегімен өзін ретке келтіру дағдыларын қалыптастыру» туралы ата-аналармен жеке әңгімелесу. Жеке гигиена дағдыларын қалыптастыру туралы ата-аналармен жеке әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Ұқсасын тап» Міндеті: заттардың түр түсін, пішінін ажыратуға үйрету.	«Салыстыр да, атын ата» Міндеті: түсіне қарай заттарды орналастыру.	"Телефон" ойыны Міндеті: балалардың қарым-қатынасын қалыптастыру.	"Көлеңкесін тап" Міндеті: жануарларды ажырату және атау, көлеңкесіне орналастыру.	"Менің достарым" ойыны Міндеті: суреттер арқылы білімдерін толықтыру.
Таңертеңгі жаттығу	ТАҢҒЫ ЖАТТЫҒУ КЕШЕНІ №10 қаңтар 3 апта <i>Кіріспе бөлімі:</i> <i>Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау.</i> <i>Қол бұйырде, адымдап жүру. «Түлкі» - Шеңбер бойы бүкіл табанмен қалыпты, жұмсақ жүру. Шеңбер бойы тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау</i> <i>Б.қ.: «Торғай ұшты» Аяқты ашақ қоямыз, қолымыз жанға созып құстың қанатын жасау, басты оңнан солға қарай, төмен- жоғары бұру; «Чик-чирик» деп айту. / 5 рет қайталау/</i> <i>Б.қ.: «Мотор» Аяқты ашақ, қолымызды кеуде тұсына қоямыз, қолымызды дөңгелек қозғалысқа келтіреміз. «р-р-р» деп айту. /6 рет қайталау/</i> <i>Б.қ.: «Гүлдің ашылуы» Аяқтары бірге қойылған. Отыру. Алақанды біріктіріп ұстау, орнынан тұрарда қолды жоғару созып алақанды ашу. (6- рет қайталау.)</i> <i>Б. қ.: «көңілді пингвин» Өкишелерін беттестіру арқылы пингвиннің жүрісін көрсету. Қолдары жанда пингвиннің қанатын жасау. Орнында тұрып жүру, айналып жүру. /10-15 секунд/</i> <i>Қорытынды: Шеңбер бойы маршпен жүру. «Құлыншақ» - тізені жоғары көтере жүгіру.</i>				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту, сүлгіні іліп қою, көркем сөзді қолдану. Тамақтану (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас құралдарын дұрыс ұстау, тамақты ұқыпты ішу, сөйлеспеу, Алғыс айту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Көңілді музыканы видео арқылы тамашалап, қимылдарын бірге жасату.				
Білім беру ұйымының кестесі	Дене шынықтыру Қимылды ойын:	Дене шынықтыру Қимылды ойын:	Музыка	Дене шынықтыру Қимылды ойын:	ДЮ:

бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	« Ұшты-ұшты » Міндеті: ненің ұшатынын, ненің ұшпайтынын, аңғарымпаздыққа тәрбиелейді. Шарты: Ойынды үй ішінде де сыртта да ойнауға болады. Ойынға қатысушыларға бастаушының сөзін қалт жібермей бағып отыру шарт. Ұшатын құс не зат айтылса, қолдарын жоғары көтереді де , ұшпайтын зат айтылса тырп етпей отырады. Қателескен бала айып тартып тақпақ айтады не ән салады. Екі рет жаңылса айып шарты, ұлғая түседі. Бастаушы Ойынды былай жүргізеді. Ұшты-ұшты сұңқар ұшты (қол көтереді) Ұшты-ұшты қарға ұшты (қол көтереді) Ұшты-ұшты арба ұшты Осылайша жүргізілген ойында жаңылмаған ойыншы жеңеді. Жүгіру. Бірқалыпты, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен, аяқтың ұшымен жүреді . <i>(физикалық, коммуникативтік, танымдық дағдыны дамыту)</i>	«Қояндар» Міндеті: балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Шарты: Залдың бір шетіне 5-6 үйшіктер сызылады. Олардың алдына орындықтар қойылады. Қарсы бетте күзетшінің үйі бар. Үй мен қояндар күркесі арасында ойнайтын алаңдар болады. Қояндар күркелерінде жүресінен отырады. Күзетші күркелерінен қояндарды жайылысқа шығарады. Қояндар секіреді, билейді, ойнайды. Тәрбиеші « түлкі» келіп қалар үйлеріне қайтындар дегенде үйлеріне орындық астынан еңбектей шығады. Ойынға шық дегенше күркелерінде отыра береді. белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20 метр дейін) шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру; <i>(физикалық, коммуникативтік, танымдық дағдыны дамыту)</i>	Міндеті: әуенді тыңдай білуге үйрету, ырғақтылық сезімін тәрбиелеу, созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып, қосылып ән айту Ән тыңдау: «Бесік жыры» Ән айту: «Әй-әй бөпем» (Қ.Шілдебаев) Әуенді ырғақты қимыл: «Көжекті ұстандар» Бет перде киген бала музыка әуенімен билейді. Барлық бала қоянның биіне ілесе қайталайды. Көжек биін аяқтап шеңберден қашып шығуы тиіс. Кім көжеккі ұстаса, сол биші көжек атанады. Ойын: «Шар ұшты» Шарты: Балалар шеңбер жасап шардың үлкендігін, пішінін көрсетеді. «Шар үрлейміз!»-деген бұйрыққа балалар ортаға жиналып, аузымен үрлей отырып шеңбер құрастырады. «Шар ұшты!»-дегенде музыка ырғағымен шеңбер жасап айналады. Барабан соғылғанда балалар шарды қолдарын босатып жібереді. <i>(шығармашылық, әлеуметтік, физикалық дағдыны дамыту)</i>	“Допты қуып жет ” Міндеті: балаларды шыдамды,сабырлы қалыпта берілген белгіні тыңдауға,тез жүгіруге,түсетерін көлемін ажырата білуге баулу. Шарты: бұл ойынға 5-6 бала, тәрбиеші басқаруымен қатыса алады.Тәрбиеші доптарды себетке салып алып,балалрдың алдына домалатып жібереді.»Допты қуып жет»деген белгі бойынша ,балалар допты ұстап алып тәрбиеші ұстап тұрған себетке салуы керек. бағытты өзгертіп, шашырап, 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше ауысу. <i>(физикалық, коммуникативтік, танымдық дағдыны дамыту)</i>	«Біздің көңіл - күйіміз» Міндеті: балаларды суреттегі бет- әлпет бойынша ым мен мимикаға байланысты көңіл күйді ажырата білуге үйрету. Көңіл күйді білдіретін сөздерді дұрыс айтқызу. Шарты: бет- әлпеттің мимикасына қарап, көңіл күйді білдіретін сөздерді бөліп айтады. Сөйлем құрайды, әр түрлі көңіл күйді білдіретін сәттерді салу. Күліп тұрған бала Ренжіп тұрған бала Аузын ашып тұрған бала Аузын томпайтып тұрған бала т,б суреттер. <i>(коммуникативтік, шығармашылық, әлеуметтік, физикалық дағдыны дамыту)</i>
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтары мен спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу. Ретімен киіну(ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау				
Серуен	Ауа-райы құбылыстарын және табиғи объектілерді бақылау (қоршаған ортамен танысу, танымдық және зерттеу қызметі), әңгімелесу (сөйлеуді дамыту), ересектердің көмегімен ұйымдастырылған спорттық, қозғалмалы және ұлттық ойындар (дене белсенділігі), еңбек қызметі.				
	№10 1.Көпшілік көліктерін бақылау Міндеті: көпшілік көліктері туралы білімдерін тиянақтау, жолда жүру ережелерін білу үлкендер еңбегі мен техникаға деген қызығушылыққа тәрбиелеу Сұрақтар:	№11 1.Суықторғайды бақылау Міндеті: балалардың құстар туралы білімдерін толықтыру; Салыстыру, талдау, қортынды жасай білу туралы білімдерін толықтыру. Сұрақтар:	№12 1. Боранды бақылау Міндеті: желді күнгі қардың қозғалысы туралы түсінік беру. Сұрақтар: -Қалай ойлайсындар, боран дегеніміз не? (қатты соққан желдің әсерінен ұшқан қардың бір біріне араласуы)	№13 1.Қардағы құс іздерін бақылау Міндеті: қардағы құс іздерін тани білуге үйрету. Сұрақтар: -Із дегеніміз не? (қардың үстінде қалған белгі) -Қалай ойлайсындар, мынау ненің іздері, құстың	№14 1.Жеңіл көліктерді бақылау Міндеті: автомобильдер туралы білімдерін бекіту, оларды түрлері бойынша ажырата білу, жолда жүру тәртібі туралы білімдерін кеңейту.

	-Сендер қандай көпшілікке арналған көлік түрлерін білесіңдер? -Автобустар тоқтайтын жер қалай аталады ? (аялдама 2.Еңбек: аула тазалаушыға көмектесу Міндеті: еңбекке деген оң көзқарастарын тәрбиелеу, тапсырманы жауапкершілікпен орындауға баулу. 3.Қимылды ойын: «Жүргізушілер және жаяулар». Міндеті: жолда жүру ережесін сақтауға тәрбиелеу. 4.Жеке жұмыс: Қыс туралы тақпақ жаттату 5.Еркін ойын:	-Суықторғайдың кеудесінің түсі қандай? (ашық қызыл) -Суықторғайлар жазда, көктемде, күзде қайда өмір сүреді? (қалың орман көлеңкесінде) 2.Еңбек: ойын алаңын қардан тазалау. Міндеті: еңбексүйгіштікке тәрбиелеу 3.Қимылды ойын: «Ұшты ұшты ». Міндеті: аңғарымпаздыққа, шапшаңдыққа баулу 4.Жеке жұмыс: Жаңылтпаш үйрету 5.Еркін ойындар	-Мұқият қараңдаршы қар не жағдайға ұшырап жатыр? (қарлар желдің бағытымен ұшып жатыр) 2.Еңбек: Бораннан соң ашылып қалған ағаш түптеріне қар үю. Міндеті: бірлесе еңбек етуге, ағаштарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. 3.Қимылды ойын: «Желдиірмен ». Міндет: ойын мазмұнына сай қимылдар жасау. 4.Жеке жұмыс: Тық-тық ұрып Шегесін қадап, Мезгілді саған Айтады санап. (сағат) 5.Еркін ойындар	ба, әлде жануардың ба? -Қар бетінде неліктен құс іздері қалады? (құстардың салмағынан табаны астындағы қар ұшқындары сынады) 2.Еңбек: Қардан қала тұрғызуға қар жинау. Міндеті: ұжыммен жұмыс істей білулерен қалыптастыру; 3.Қимылды ойын: «Ізбе із». Міндеті: тепе теңдікті сақтау. Алдыңғы түскен із үстіне дәл түсуге тырысу. Ептілікке баулу. 4.Жеке жұмыс заттарды көлемі бойынша топтастыру. (ойын, танымды, коммуникативтік қызмет) 5.Еркін ойындар	Сұрақтар: -Балабақша жанындағы жолдан өтетін қандай көліктерді білесіңдер? -Барлық көліктерді қандай топтарға бөлуге болады? (жеңіл, жүк, қоғамдық, арнайы көліктер) 2.Еңбек: Ауланы бірлесе отырып тазалау. Міндеті: бірлесе еңбек етуге, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу; жылдамдық пен күштерін есептей білуге үйрету. 3.Қимылды ойын: «Бағдаршам». Міндеті: белгі бойынша әрекет етуге, қимыл-қозғалыстарды дұрыс орындай білуге үйрету. 4.Жеке жұмыс: Қыс туралы тақпақ жаттату 5.Еркін ойын:
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен шешуін қадағалау , топқа киетін аяқ киімдерін киюі және т. б.				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту, сүлгіні іліп қою,) Тамақтану (өз орнын отыру, дұрыс отыру, ас құралдарын дұрыс ұстау, тамақты ұқыпты ішу, сөйлеспеу, Алғыс айту)				
	байқампаздыққа, тез ойлап, тез шешім қабылдауға үйрету. 4.Жеке жұмыс Жаңылтпаштар жаттау: Үйір, үйір үйректі, Қаз маңғаз, Үйірге кім үйретті? Маңғаз қаз. Үйір, үйір үйректі, Әр кез маңғаз, Үйірге өзім үйреттім. Қаз маңғаз. Мақсаты: сөздік қорларын байыту. Тыйым сөздер: Құс ұясын бұзба. Құсқа тас атпа. Құс жұмыртқасын сындырма. 5.Еркін ойын	әртүрлі тастарды тауып, жинау. 2.Еңбек Ұжымдық жұмыс, балабақша аумағын тазалау. Мақсаты:ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге,бастаған істі аяқтауға, біткен іске қуануға тәрбиелеу. 3.Қимылды ойын. «Бәйге». Мақсаты: нысанаға тез жетуге деген құлшыныстарын, жеңіске деген құштарлықтарын арттыру. 4.Жеке жұмыс: Жаттығу ойыны. Қозғалыстарын дамыту 5.Еркін ойын	◆ Ең үлкен бұлттар қай бұлттар? (түнерген найзағайлы бұлттар) ◆ Қандай бұлттар жаңбыр әкеледі? (түйдек бұлттар, түнерген бұлттар) ◆ Бұлттар неліктен аспанда жүреді? (оларды жел қуады) Зерттеу жұмысы Аспандағы қандай бұлттар екенін анықтау. Бір нәрсеге (өлі және тірі табиғатқа жататын) ұқсайтын бұлттарды табу. 2.Еңбек Алаңды егу жұмыстарына дайындау; коқыстарды жинау, сыпыру. Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге деген ынталарын қалыптастыру.. 3.Қимылды ойын «Қасқыр қақпан». Мақсаты: ойын ережесін түсініп, шартын сақтап ойнауға, ептілікке, алғырлыққа баулу. 4.Жеке жұмыс Халық болжамы. Ерте көктемде найзағай ойнап, күн күркіремесе, жаз құрғақ болады. 5.Еркін ойын	◆ Барынша қатты желдердің атын ата? (дауыл, құйын, бұрқасын, боран.) ◆ Әлсіз желді қалай атайды?(«самал жел» деп атайды) ◆ Желдің ізін көруге болады ма? Зерттеу жұмысы Компас арқылы желдің бағытын анықтау. Флюгердің көмегімен желдің күшін анықтау. 2.Еңбек Гүл өсіретін (клумба) алаңды дайындау Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білу дағдыларын бекіту, жұмысты бар ынтасымен орындау. 3.Қимылды ойын «Кім жылдам?». Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту. Жаттығу ойыны Бір-біріне доп лақтыру. Мақсаты: қозғалыс координацияларын дамыту. 4.Жеке жұмыс: Халық болжамы. Өрмекші бұрышқа тығылса, жел болады. 5.Еркін ойын	2.Еңбек Ауланы қоқыстан, сынған бұталардан тазалау. Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын тәрбиелеу. 3.Қимылды ойын «Қасқыр қақпан» Мақсаты: — белгі бойынша әрекет етуге үйрету; — ойын шартын сақтап ойнауға баулу; 4.Жеке жұмыс: Жаттығу ойыны. Қозғалыстарын дамыту 5.Еркін ойын
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен шешуін қадағалау , топқа киетін аяқ киімдерін киюі және т. б.				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сұрту, сүлгіні іліп қою,) Тамақтану (өз орнын отыру, дұрыс отыру, ас құралдарын дұрыс ұстау, тамақты ұқыпты ішу, сөйлеспеу, Алғыс айту)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау (<i>тыныш музыка тыңдау</i>). Ертегі оқу (<i>көркемдік қызмет</i>)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	«Шапалақ!» Балалар шеңберге тұрып, қолдарын созады. Тәрбиеші 3 дегенде барлықтары қолдарымен бірдей шапалақ соғулары тиіс. -Балалар, сендердің көңіл-күйлерің қандай? Жақсы көңіл-күйлерінді көрсетіңдерші. -Көңілді болғанда не істейміз? -Ренжігенде.. -Қорыққанда.. -Қуанғанда.. -Таң қалғанда.. Шапалақты тыңда				

	Балалар шеңбер бойымен жүреді. Жүргізуші алақанын соққанда, балалар бір аяқпен, екі рет шапалақтағанда қолдарын екі жақа созып, үш рет шапалақтағанда жүруін жалғастырады. - Қанша дыбыс естідіңдер? Жүргізуші қарындашпен бірнеше рет үстелді соғады, ал балалар естіген дыбыстарын саусақпен көрсетеді.				
Бесін ас	Бесін ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау (<i>мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі</i>) балалардың тамаққа назарын аудару, мәдени тамақтануға тарту.				
Балалардың дербес әрекеті (<i>баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағзы басқа әрекеттер</i>)	Не қалай дауыстайды? Міндеті: Құстардың сайраған дыбыстарын тыңдату арқылы әр құстың дыбысын ажырата білуге үйрету. (<i>коммуникативтік, шығармашылық дағды</i>)	«Түрлі түсті шарлар» Міндеті: балаларға дөңгелек, сопақша пішіндерді салуға жаттықтыру, оларды әдемі етіп әр түспен бояу арқылы ой - қиялын дамыту. (<i>коммуникативтік, танымдық, шығармашылық дағды</i>)	Үстел үсті ойыны «Бұл қай мезгілде болады?» Міндеті: заттарды және олармен әрекеттерді атау және оларды суреттерден тани алуға үйрету. <i>коммуникативтік, әлеуметтік дағды</i>	Дидактикалық ойын: «Көктемде не киеміз?» Міндеті: көктем мезгіліне байланысты адамдардың киім кию үлгісін көрсетіп түсіндіру. (<i>коммуникативтік, танымдық дағдылар</i>)	«Паровоз» ойыны Міндеті: балаларды қатармен жүруге үйрете отырып, өз есіміне жауап беруге, құрдастарының есімдерін есте сақтауға үйрету. (<i>коммуникативтік, физикалық дағдылар</i>)
Балалармен жеке жұмыс (Баланың жеке даму картасы)	Міндеті: қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) қайталап айтуға үйрету. Айсұлтан Медина Альтаир	түсі, көлемі, пішіні бойынша заттарды өз бетінше зерттеуге және салыстыруға дағдыландыру. Козайым Асылхан Амирхан	ересектердің көрсеткен қимылдарын жылдам әрі дұрыс қайталауға, (шапалақтауға, аяқтарын тарсылдатуға, қолдың білектерін айналдыруға) үйрету. Димаш Айзере Фариза	жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін айта алуға баулу. Мансур Амирхан	Есімін атағанда жауап беруге, өзін айнадан және фотосуреттерден тануды үйрету. Ахмедияр Асылхан
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау. Ретімен киіну(ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау.				
Серуен	№11 кешен бойынша серуенді бекіту	№13 кешен бойынша серуенді бекіту	№14 кешен бойынша серуенді бекіту	№15 кешен бойынша серуенді бекіту	№16 кешен бойынша серуенді бекіту
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен шешу, өлеңдерді, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, санау және т. б. (көркем сөз, ойын әрекеті)				
Кешкі ас	Кешкі ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау (<i>мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі</i>) балалардың тамаққа назарын аудару, мәдени тамақтануға тарту (<i>сөйлеуді дамыту</i>)				
Ата аналарға кеңес. Балалардың үйге қайтуы.	Ата- аналарға кеңес: Ауа райына байланысты киіндіру.	Ата- аналармен баланың, денсаулығы туралы сөйлесу.	Психолог пен медбикенің кеңесі Таза ауада серуендеу	Кеңес:Баланың мінез құлық ережелері.	Ата анаға баланың жетістіктері туралы әңгімелеу.

Тексерілді:



Тәрбиелеу- білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: №37 «Бәйтерек» бөбекжай-бақшасы

Топ: «Балапан» кіші топ

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 29-04 сәуір – мамыр айы 2024 оқу жылы

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 29.04.2024	Сейсенбі 30.04.2024	Бейсенбі 02.05.2024	Жұма 03.05.2024	Сенбі 04.05.2024
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу .				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен денсаулық, күнделікті үй режимі, тәрбие, даму және оның жетістіктері туралы әңгімелер, жыл мезгілдеріне арналған киім туралы кеңестер.				
	Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға күн тәртібін сақтау туралы; баланың д/с мінез-құлық ережелері туралы еске салу.	Отбасылық тәрбие мәселелері бойынша жеке консультациялар.	Жеке гигиена дағдыларын қалыптастыру туралы ата-аналармен жеке әңгімелер.	«Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру» туралы ата-аналармен жеке әңгімелесу.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Дидактикалық ойын "Дәл осындай пішінді тап" Мақсаты: Геометриялық пішіндер туралы білімдерін қалыптастыру. <i>(Танымдық, коммуникативтік дағды).</i>	«Күн бізде қонақта» Мақсаты: балаларды қабылдау: балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Ауа-райы жайлы әңгімелесу. <i>(танымдық, әлеуметтік дағды)</i>	Үстел үсті ойыны «Текшелер» Міндеті: өз ойын текшелер арқылы бейнелей алуға үйрету. <i>(танымдық, коммуникативтік дағдыны дамыту)</i>	«Түрлі түсті көбелек» Міндеті: Көбелектер туралы сурет қарау, көбелектердің түстеріне қарай көбелектерді жинау. <i>(танымдық, әлеуметтік дағды)</i>	Д.о: «Мені қайтала» Мақсаты: ересектердің сөзін қайталай отырып, сөздік қорын молайту, тілін жаттықтыру, сөздерді іс-қимылмен көрсету. <i>(коммуникативтік, физикалық дағдыны дамыту)</i>
Таңертеңгі жаттығу	ТАҢҒЫ ЖАТТЫҒУ КЕШЕНІ №16 <i>Кіріспе бөлімі:</i> <i>Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау.</i> <i>Шеңбер бойымен «аюға» ұқсап жүру.</i> <i>Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүгіру.</i> <i>Шеңбер бойымен тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау</i> <i>Б. қ.: «Айдаһардың құйрығы» Аяқтары алиақ қойылған , қолдары бүйірде, оңға - солға бұрылу, Әр бұрылған сайын «көрдім» деп айту. / 6 рет қайталау/</i> <i>Б. қ.: «Жыланның қозғалысы» Аяқ иық көлемінде, қолды жанға созу. Жыланның қимылын жасау. иықты ирелеңдете айналдыру.</i> <i>/6 рет қайталау/</i> <i>Б. қ.: «Шеңбер жасау» Аяқтары алиақ қойылған , ленталар жанда, лентаны жоғарыдан-төменге, төменнен-жоғарыға иықты айналдыра отырып шеңбер жасау. / 6 рет қайталау/</i> <i>Б. қ.: «Иықтың жүруі» Аяқ иық көлемінде, қолдар иық үстінде. Иықты артқа, алдыға қарай айналдыру. /6 рет қайталау/</i> <i>Қорытынды: Адымдап шеңбер бойы жүру.</i> <i>Шеңбер бойымен денені тік ұстап жеңіл жүгіру.</i>				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту, сүлгіні іліп қою, көркем сөзді қолдану. Тамақтану (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас құралдарын дұрыс ұстау, тамақты ұқыпты ішу, сөйлеспеу, Алғыс айту)				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалар мен педагог бірлесіп, қызығушылықтары бойынша қызмет түрін таңдайды, ойын ережелерін келісіп алады.				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Қимылды ойын: “Допты қуып жет” Міндеті: Балаларға іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Балаларды шыдамды, сабырлы қалыпта берілген белгіні тыңдауға,тез жүгіругі, түсетеріңн көлемін ажырата білуге баулу. Шарты: бұл ойынға 5-6 бала, тәрбиеші басқаруымен қатыса алады.Тәрбиеші доптарды себетке салып алып,балалрдың алдына домалатып жібереді. «Допты қуып жет»деген белгі бойынша ,балалар допты ұстап алып тәрбиеші ұстап тұрған себетке салуы керек. Дидактикалық ойын: Тақырыбы: «Не артық?» Міндеті: Балааларға кітаптардағы иллюстрацияларды қарайды, суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап бере отырып балаларды суретке, оларды топтастыруға үйрету. Шарты: үлгідегідей әр түрлі берілген суреттерден ненің артық екенін табады. Берілген суреттерді топтастырып, олардың жалпы атауын айтады. Неліктен артық екенін түсіндіреді. Жеке мен жалпы ұғым туралы түсініктерін бекітеді. <i>(физикалық,таным, коммуникативтік, танымдық дағдыны дамыту)</i>	Дене шынықтыру Қимылды ойын: «Күн мен түн» Міндеті: Балаларға таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып, тартылу. Аяқтың өкшесін алға қою. Аяқтың бақайларын қимылдату (отырып). Балалардың ойынға деген қызығушылықтарын ояту, ой-өрісін дамыту. Шарты: Алаң ортасына көлденең сызық сызылады да, оған қарама-қарсы екі жағынан әрбір метр сайын тағы екі сызық сызылады. Ойыншылар саны жағынан бірдей екі топқа бөлінеді. Топтың біріне «күн», екіншісіне «түн» деп ат қойылады. Ойын жүргізуші топтың бірінің атын атайды. Мәселен: ойын жүргізуші «күн» деп дауыстаса, «түн» тобындағы ойыншыларды мәре сызығына дейін қуып барады. Дидактикалық ойын: Тақырыбы:«Достығымыз жарасқан» "Қай зат кімдікі?" Міндеті: 1-Мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күні екенін балаларға айтып ұғындыру. Балаларды татулыққа, достыққа, елін, жерін сүйе білуге үйрету. Басқа ұлт өкілдерімен таныстырып олармен тату, достық қарым-қатынаста болуға тәрбиелеу. Шарты: мұнда балалар әжесіне, атасына, анасына, әкесіне, ағасына, апасына,	Музыка «Сиқырлы ағаш» ойыны» Міндеті: Ән айтуда әннің сөзін, сөз тіркестерін ересекпен бірге орындап, интонациясын еліктеу орындау, аспапқа бейімделуін бекіту; Балаларды музыкамен қарсы алу. Ойын: Балалардың әрқайсысына алма ағашының суреті және қиып алынған жеті алма үлестіріледі. Орындалған шығарманы тыңдап, сиқырлы ағаш бұтақтарына алмаларды дыбыс биіктігіне сәйкес орналастырады. Ағашта бейнеленген бұтақтар нота сызықтары, ал алмалар нота ретінде қолданылады. Музыка тыңдау. Ал енді сендер ән тыңдаңдар. «Балапан» әні. Дауыстарын салған балаларды мадақтау. «Шөжелер» биін таныс би қимылдарымен билету. <i>(физикалық, коммуникативтік, шығармашылық дағдыны дамыту)</i>	Дене шынықтыру Қимылды ойын: «Қоңыздар» Міндеті: Балаларға ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге үйрету. Балаларды жүгіруге, белгі бойынша қозғалысты өзгертуге үйрету. Шарты: Ойын сылдырмақпен немесе әуен ырғағының белгісімен өткізіледі. «Қоңыздар ұшты» деген белгімен балалар тұрады, сілкінеді. «Қоңыздар қонды» деген белгімен балалар отырады. Дидактикалық ойын: «Біздің көңіл - күйіміз» Міндеті: Балаларды педагогтің сөзін түсіне отырып кітаптағы суреттерді қарауға үйрету. Балаларды суреттегі бет- әлпет бойынша ым мен мимикаға байланысты көңіл күйді ажырата білуге үйрету. Көңіл күйді білдіретін сөздерді дұрыс айтқызу. Шарты: бет- әлпеттің мимикасына қарап, көңіл күйді білдіретін сөздерді бөліп айтады. Сөйлем құрайды, әр түрлі көңіл күйді білдіретін сәттерді салу. Күліп тұрған бала Ренжіп тұрған бала Аузын ашып тұрған бала Аузын томпайтып тұрған бала т,б суреттер <i>(физикалық,таным, коммуникативтік, шығармашылық дағдыны дамыту)</i>	ДҰО: Тақырыбы: «Түстер» Міндеті: Балаларға көлемі, пішіні, түсі бойынша ұқсас біртекті заттарды топтастыра алады Логикалық ойлауға үйрету. Сөйлемді дұрыс құрап айтуға, сөз дыбыстарын дұрыс айтуға, диалог түрінде сөйлеуге үйрету Шарты: : Тәрбиеші қолында түрлі түсті карточкалар. Кімде мына түстес зат бар? (тәрбиеші жасыл түсті алып көрсетеді) Кімде қандай сәйкес сурет бар?-деп сұрақ қояды. Балалар жасыл түсті заттарды көрсетіп атайды. Мысалы: шөп, жапырақ, көйлек, қияр т.б Балалар қолына түстерге сәйкес суреттер беріледі. <i>(физикалық, коммуникативтік, әлеуметтік дағдыны дамыту)</i>

		әпкесіне тиісті затты тауып сызықпен қосу керек. (физикалық, танымдық, коммуникативтік дағдыны дамыту)			
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтары мен спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу. Ретімен киіну(ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен	№17 1.Топырақты бақылау Мақсаты: торф топырағының қыртысымен таныстыру . Бақылау барысы Біздің айналамызда шалшық көп. Ал, шалшықтар торфқа (шымтезек) бай болады. Торф-бұл әрі тыңайтқыш, әрі отын.ол қатты қызған кезде тез тұтанады. Торф дымқыл, жабысқақ, көктемде ылғал кезінде ол ауыр. Ол суды нашар өткізеді, егер ылғал торф үстімен өтсең, ол аяқкиіміңе жабысып қалады. Сондықтан да бұндай соқпақпен (жолмен) жүрмеген дұрыс. Торфты атызға (жүйек) және ағаш түптеріне тыңайтқыш ретінде қосады.. Зерттеу жұмысы Торфтың құрғақ және ылғал кесектерін салыстыру. Құммен торфты салыстыру; Жер қыртысы қай жерде тез кебеді. 2.Еңбек Ағаш түптері мен атызға торф тасу. Мақсаты: торфтың пайдалы қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау. 3.Қимылды ойын «Аққу-қаздар». Мақсаты: берілген кеңістікте белгі бойынша қашқандарды қуып жету,	№18 1.Бақбақ гүлін бақылау Мақсаты: бақбақ гүлі туралы білімдерін тиянақтау (гүлдеудің алғашқы кезеңіне көңіл аудару); — табиғатты қорғау және сақтауға деген ынталары мен іскерліктерін қалыптастыру; — емдік өсімдіктер туралы білімдерін тиянақтау. Бақылау барысы Көркем сөз. Аппақ, аппақ бақбақтар, Үлбіреген бақбақтар, Құдды киіз ақ үйлер. Парашюттен аумайды. Төнеді кеп жан-жақтан, Сәл-пәл самал жел соқса Тамашалап сәбилер. Ақ ұлпалар заулайды. Кәдімгі бақбақ көктемнің тұңғышы. Халық оны «Жер күні», «денсаулық эликсирі» деп атайды. Бақбақ көп жылдық шөптес өсімдік. Олар көбінесе үлкен жүргінші жол бойында, егістікте, шабындықта, жаңа тыңая бастаған жерлерде өседі. Бақбақтың гүлді сабақтары жапырақсыз, ең ұшында бір ірі гүл табақшасы болады. Бақбақ басын күн қызуына қарай бұрады. Күн батқан кезде гүл жапырақтары жабылып қалады, ал, таңертең күн сәулесімен бірге ашылады. Бақбақ-тың гүл оралғысы екі қабат. Сәуір айынан қыр-күйек айына дейін гүлдейді. Гүл жарып болған кезде	№19 1.Жәндіктерді бақылау Мақсаты: «Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау; — Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету. Бақылау барысы Тәрбиеші жұмбақтар жасырады: - Гүлдің нәрін жинайды, Адамға бал сыйлайды. Еңбекқорды аялайды, Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара) - Қанды сорып сүліктей, Ызындап кеп шағады. Бұл қандай бүлік дой? (маса) - Ызындап ән салып, Жұп-жұқа қанаты. Тәттіге тамсанып, Қоқысқа қонады. Бұл не? (шыбын) - Құжынаған жұмыскер, Бірлескенде тым іскер. (құмырсқа) - Тор тоқуға шебер-ақ, Бірақ киім тікпейді. Өнері де өнер-ақ, Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші) Тәрбиеші сұрақтары. ♦ Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер) ♦ Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? (көбелек, құрт т.б) ♦ Қандай жәндік гүлдерді тозандандырады? (аралар)	№20 1.«Ауа – райын бақылау Мақсаты:Көктем мезгілінің аяғына қарай өлі табиғаттағы болатын құбылыстар туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру. Бақылау барысы Көркем сөз. А.Меңдібай Мамыр айы келгенде, Дала гүлге толады. Жайнап барлық атырап, Қызық-думан болады. Бақшамызда біз екен, Гүл шоқтары гүлдейді. Жапырақтар сыбдырлап, «Қандай көркем, көр»-дейді. Тәрбиеші аулаға ерте көктем көрнісі бейнеленген сурет алып шығып, балалармен әңгіме өткізеді. ♦ Балалар, қараңдаршы, мына суретте жылдың қай мезгілі суреттелген?(көктем). ♦ Ал, сендер суреттен не көріп тұрсыңдар? (қар еріп жатыр,жер су болып жатыр, балалар құстарға ұя жасап жатыр) ♦ Қар неліктен ериді, адамдар неліктен жеңіл киінеді? (күн жылығандықтан) ♦ Ал, көктемнің бұл мезгілін қалай атаймыз? (ерте көктем) ♦ Ерте көктем мен қазіргі мамыр айындағы табиғат көнісінде, ауа-райында өзгешелік бар ма? Қандай? (балалар жауабы тыңдалады) ♦ Қазір аспан көрнісі қандай? (ашық көк)	№21 1. Гүлзарды бақылау Мақсаты: — Көктемгі гүлзар туралы түсініктерін кеңейту; — Өсімдіктерді күту, суғару іскерліктерін тиянақтау; — Табиғатты сүйеге, әсемдігін сезінуге тәрбиелеу. Бақылау барысы Тәрбиеші сұрақтар қойып, әңгімелесу жүргізеді ♦ Қандай үй гүлдерін білесіңдер? ♦ Қандай дала гүлдерін білесіңдер? ♦ Олардың қандай айырмашылығы бар? ♦ Сендерге қандай гүлдер ұнайды? Неге? ♦ Сендердің үйлерінде гүл бар ма? Қандай? ♦ Оларды қалай күтесіңдер? ♦ Гүлді отырғызбас бұрын не істеу керек? ♦ Біздің гүлзарға отырғызуға арнап топта өсіріп жатырған гүлдеріміз қалай аталады? ♦ Гүлдер жақсы өсіп, гүлдеуі үшін не істеуіміз керек? ♦ Осы кезде бізге гүлді неге аулаға отырғызуға болмайды?

	ойын шартын сақтау. Жаттығу ойыны Секіргіш жіппен жаттығу ойындары. Мақсаты: секіргіш жіпті алға, кері айналдыра отырып секіруге үйрету. 4.Жеке жұмыс: Мақал-мәтел: Жері байдың-елі бай. Қара жерге де, қамқорлық керек. 5.Еркін ойын	гүлдері ұлпа үлпілдек «парашюттерге» ай-налады. Бақбақтың барлық бөлігі, әсіресе сабағы сүт сымаққа бай. Бақбақ дәрілік өсімдік. Дәрі жасау үшін бақбақтың тамырын, гүлін, жапырағын пайдаланады. Бақбақтан жасалған дәрілер тәбетті ашуға, ас қорытуға, қан қысымын түсіруге, қатты ісіктерді басуға, ыстықты түсіруге тағы басқа көптеген ауруларды емдеуге пайдаланады. Бақбақты ең қажет дәрілік өсімдік ретінде сақтап, қорғау керек. Балаларға сұрақтар. ♦ Бақбақ гүлінің түрі қандай?? ♦ Ол жылдың қай мезгілінде әдемі болып көрінеді? ♦ Бақбақтың қандай лақап аттары бар? ♦ Бақбақты неге дәрілік өсімдік дейміз? Зерттеу жұмыс: Бақбақтың сабағын кесіп, сүт сияқты сұйықты қарау. 2.Еңбек. Гүл егілген алаң айналасын тазалау. Мақсаты: Үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу. 3.Қимылды ойын «Өз гүлінді тап». Мақсаты: — түстерді айыра білуге, белгі бойынша әрекет етуге үйрету. 4.Жеке жұмыс: Жаттығу ойыны. Қозғалыстарын дамыту 5.Еркін ойын	♦ Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады) ♦ Жәндіктер қайда тіршілік етеді? (бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.) ♦ Қандай жәндіктердің пайдасы бар? (ара, жібек құрты, құмырсқа). ♦ Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырсқа) ♦ Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды) Зерттеу жұмысы Қанқызын тауып, оның атын атау.Құмырсқалар «соқпағын» табу, бақылау. 2.Еңбек: Алаңды қоқыстардан тазалау. Мақсаты: үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу. 3.Қимылды ойын «Аюлар мен аралар». Мақсаты: кеңістікте жүкіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу. Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту. 4.Жеке жұмыс: Мақсаты: жүкіру техникаларын жақсарту. 5.Еркін ойын	♦ Ағаштар бейнесі қандай болды? (барлық ағаштар жапырағы жайқалып, жап-жасыл болып тұр). ♦ Қыста қар жауған кезде ауа температурасы қандай еді? ♦ Жаңбыр қандай температурада жауады? ♦ Көктемнің соңғы айында табиғатта қандай өзгерістер болды?(күн шуағы молайды, гүлдер шықты, шөптер өсті, ағаштар жасыл жапыраққа малынды). 2.Еңбек Кішкентайлар алаңын қоқыстардан тазалауға көмектесу. Мақсаты: кішкентайларға көмектесу, еңбекке деген құлшыныстарын арттыру. 3.Қимылды ойын «Үшінші артық». Мақсаты: ойын ережесін сақтап ойнауға, аңғарымпаздыққа баулу. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру. Жаттығу ойыны Қимылдарын дамыту. Мақсаты: — Допты берілген бағытқа қарай оң және сол қолмен лақтыруға жаттықтыру; — Қозғалыс координацияларын сақтау; 4.Жеке жұмыс: Мақал-мәтел - Сәуір айы-су айы, Мамыр айы-гүл айы. 5.Еркін ойын	♦ Неге кейбір гүлдер көпжылдық, кейбіл гүлдер бір жылдық деп аталады? 2.Еңбек Гүл егетін алаңда жұмыс (тазалау, қопсыту). Мақсаты: — Бірлесе жұмыс істей білу іскерліктерін тиянақтау; — Гүлдердің өсуі туралы білімдерін қалыптастыру. 3.Қимылды ойын «Қай топ тез жиналады?». Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру. Жаттығу ойыны «Құлап қалма». Мақсаты: бөрене үстімен жүруге жаттықтыру. 4.Жеке жұмыс: Мақал-мәтел: - Өр гүлдің иісі әр басқа. - Гүл-араға, бал-балаға. - Қызыл гүл көзге алыстан шалынар. 5.Еркін ойын
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен шешуін қадағалау , топқа киетін аяқ киімдерін киюі және т. б.				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту, сүлгіні іліп қою,) Тамақтану (өз орнын отыру, дұрыс отыру, ас құралдарын дұрыс ұстау, тамақты ұқыпты ішу, сөйлеспеу, Алғыс айту)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау (<i>тыныш музыка тыңдау</i>). Ертегі оқу (<i>көркемдік қызмет</i>)				

Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	«Шапалақ!» Балалар шеңберге тұрып, қолдарын созады. Тәрбиеші 3 дегенде барлықтары қолдарымен бірдей шапалақ соғулары тиіс. -Балалар, сендердің көңіл-күйлерің қандай? Жақсы көңіл-күйлеріңді көрсетіндерші. -Көңілді болғанда не істейміз? -Ренжігенде.. -Қорыққанда.. -Қуанғанда.. -Таң қалғанда.. Шапалақты тыңда Балалар шеңбер бойымен жүреді. Жүргізуші алақанын соққанда, балалар бір аяқпен, екі рет шапалақтағанда қолдарын екі жақа созып, үш рет шапалақтағанда жүруін жалғастырады. - Қанша дыбыс естідіңдер? Жүргізуші қарындашпен бірнеше рет үстелді соғады, ал балалар естіген дыбыстарын саусақпен көрсетеді.				
Бесін ас	Бесін ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі) балалардың тамаққа назарын аудару, мәдени тамақтануға тарту.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқаәрекеттер)	«Доп» Міндеті: сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Қарындашты дұрыс ұстауға үйрету (шығармашылық дағды)	дидактикалық ойын «Қақпақты ашып жап» Міндеті: бір-бірімен байланысты тура және кері әрекеттерді орындату. (физикалық,таным дағдылар)	дидактикалық ойын «Сәйкес ұяшыққа орналастыр» Міндеті: ойлау қабілетін арттыру. (физикалық,таным дағдылар)	Ойын «Кімнің заттары?» (Достарының заттарын анықтау) Міндеті:Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаика және т.б. (физикалық,таным дағдылар)	Түстерді анықта?» Мақсаты: Балаларды түстерді анықтай білулеріне жаттықтыру. (физикалық,таным, шығармашылық дағдылар.)
Балалармен жеке жұмыс (Баланың жеке даму картасы)	Әр түрлі бағытта қарқынды өзгертіп жүруді, жүгіруді үйрету Фариза, Тамирлан	Заттарды және олармен әрекет етуді білуді, оларды суреттен тануды үйрету. Асылхан, Амирхан, Амина	Балалармен қорытынды бақылау жүргізу		
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау. Ретімен киіну(ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау.				
Серуен	№17 кешен бойынша серуенді бекіту	№18 кешен бойынша серуенді бекіту	№19 кешен бойынша серуенді бекіту	№20 кешен бойынша серуенді бекіту	№21 кешен бойынша серуенді бекіту
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен шешу, өлеңдерді, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, санау және т. б. (көркем сөз, ойын әрекеті)				
Кешкі ас	Кешкі ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі) балалардың тамаққа назарын аудару, мәдени тамақтануға тарту (сөйлеуді дамыту)				
Ата аналарға кеңес. Балалардың үйге қайтуы.	Ата- аналарға кеңес: Ауа райына байланысты киіндіру.	Ата- аналармен баланың, денсаулығы туралы сөйлесу.	Психолог пен медбикенің кеңесі Таза ауада серуендеу	Кеңес:Баланың мінез құлық ережелері.	Ата анаға баланың жетістіктері туралы әңгімелеу.

Тексерілді:



Тәрбиелеу- білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: **№37 «Бәйтерек» бөбекжай-бақшасы**
 Топ: **«Балапан» кіші топ**
 Балалардың жасы: **2 жас**
 Жоспардың құрылу кезеңі: **06-10 мамыр айы 2024 оқу жылы**

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 06.05.2024	Жұма 10.05.2024
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу .	
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен денсаулық, күнделікті үй режимі, тәрбие, даму және оның жетістіктері туралы әңгімелер, жыл мезгілдеріне арналған киім туралы кеңестер.	
	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға күн тәртібін сақтау туралы; баланың д/с мінез-құлық ережелері туралы еске салу.	Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Дидактикалықойын "Дәл осындай пішінді тап" Мақсаты: Геометриялық пішіндер туралы білімдерін қалыптастыру. <i>(Танымдық,коммуникативтік дағды).</i>	«Даусына қарай ажырат» ойыны Міндеті: балалардың үй жануарларын даусынан тани білуін дамыту. <i>(коммуникативтік, әлеуметтік дағдыны дамыту</i>
Таңертеңгі жаттығу	ТАҢҒЫ ЖАТТЫҒУ КЕШЕНІ №17 Мамыр 1-2 апта <i>Кіріспе бөлімі:</i> <i>Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау.</i> <i>Шеңбер бойымен денені тік ұстап, адымдап жүру.</i> <i>Шеңбер бойымен жай жүру .</i> <i>Шеңбер бойымен тұру. /шеңберге тұрарда себеттен бір орамалдан алу/ Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.</i> <i>Б.қ.: «Көбелек ұшты» Аяқтар алишақ қойылған, орамал бүйірде. басты оңнан – солға, солдан - оңға қарай айналдыру. /6 рет қайталау/</i> <i>Б.қ.: «Жыланның қимылы» Аяқтары иық мөлшерінде. Денені тік ұстау. Ленга төменде. Басты оңға бұрып, иекті иыққа түсіру және иекпен доға жасап басты ақырын көтеру және төмен түсіріп - көтеру. Әр қимылда «т-с-с-с-с» деп айту. Сол жақ иыққа да осылай жасалады. /6-рет қайталау./</i> <i>Б. қ.: «Көңілді орамал» Аяқ иық көлемінде, орамал иықта, иықты артқа –алдыға, төмен –жоғары қозғау. /6 рет қайталау/</i> <i>Б. қ.: «Суда жүзу» Аяқтары алишақ қойылған , жалаушалар жанға созу. Иықты қозғап, суда жүзу қимылын жасау. / 6 рет қайталау/</i> <i>Қорытынды: Маришпен шеңбер бойы жүру. /орамалды себетке салу/ Адымдап жүру.</i>	
Таңғы ас	Таңғы ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сұрту, сүлгіні іліп қою, көркем сөзді қолдану. Тамақтану (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас құралдарын дұрыс ұстау, тамақты ұқыпты ішу, сөйлеспеу, Алғыс айту)	
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалар мен педагог бірлесіп, қызығушылықтары бойынша қызмет түрін таңдайды, ойын ережелерін келісіп алады.	
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырыл-ған іс-әрекет	Дене шынықтыру Қимылды ойын: “ Кеглиді көзде ” Міндеті: Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға үйрету. Балаларды мергендікке,ептілікке,белгілі бір бағытты көздей білуге	ДЮ: Тақырыбы: «Дұрыс, дұрыс емес» Міндеті: Дұрыс», «дұрыс емес», «қауіпті» түсініктерімен, серуенде және сумен, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерімен (лас суды ішпеу, құмды шашпау, тастарды лақтырмау) таныстыру,

	үйрету. Шарты: Балалар екі қатарға бөлініп тұрады,тізілген кеглиларды қолдарындағы доппен көздеп құлату керек. Әрбір бала өзінің неше кегли құлатқанын есінде сақтап отырады.Допты оң қолымен , сол қолымен де домалатуға болады. Дидактикалық ойын: Тақырыбы: «Түрлі түсті шар» Міндеті: көлемі, пішіні, түсі бойынша ұқсас біртекті заттарды топтастыра алады. Құрылыс материалдарының (текшелер, кірпіштер) негізгі пішінін ажыратып оларды құрастыра ауға үйрету. Балалар түстерді ажырата алады. Шарты: Тәрбиеші балаларға шарды таратады да,өзі бір түсті атайды. Орнында отырған бала тез орнынан тұрып , ортаға жүгіріп шығуы тиіс. <i>(физикалық,таным, коммуникативтік, танымдық дағдыны дамыту)</i>	өсімдіктер мен жануарларға сүйіспеншіліктаныту және қамқорлық жасау. Құстарға деген қамқорлық сезімдерін ояту, оларды күтіп баптауға тәрбиелеу. Шарты: суретке қарап құстарға деген қарым-қатынастың қайсысы дұрыс, қайсысы дұрыс емес екенін айтады, себебін түсіндіреді. <i>(физикалық, коммуникативтік, әлеуметтік дағдыны дамыту)</i>
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтары мен спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу. Ретімен киіну(ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау <i>(өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)</i>	
Серуен	№22 1.Құмырсқаларды бақылау Мақсаты:Құмырсқалар туралы білімдерін тиянақтау; Зерттеу жұмысына деген қызығушылықтарын арттыру. Бақылау барысы Көркем сөз «Құмырсқа» Г. Өкеев Құжынаған құмырсқа, Ұйымшыл-ақ өздері. Шығады ерте жұмысқа, Жүкпен қайтып қашықтан, Нелер шебер табылып, Илеуіне асыққан. Жасайды илеу жабылып. Бәрі еңбекпен шынығар, Жылт-жылт етіп көздері, Ісін тындырып тынығар. Балаларға сұрақтар ♦ Құмырсқалардың адамдарға және орманға қандай пайдасы бар? (зиянда жәндіктерді құртады ♦ Орманның қандай тұрғыны құмырсқа мен оның көбелектерін (личинкаларын) жеуге құмар? (аю мен тоқылдақ) ♦ Құмырсқасыз жер болмайды. Құмырсқаларды «ағаш дәрігерлері» деп те атайды. Олар ағаштарды зиянды жәндіктерден қорғайды. Құмырсқалар өте еңбекқор, олар өздерінен бірнеше есе үлкен нәрселерді илеулеріне сүйретіп тасиды. Құмырсқалардың илеуінің тесігі төбесінде болады. Құмырсқалар өз илеуінен ешқашан адаспайды. Неліктен деп ойлайсыңдар. Құмырсқалар өз илеулерін иіскеп жүріп иісінен табады. Әр илеу өз құмырсқаларынан басқа құмырсқаларды қалса, оны жабылып шағып тастайды. Әр илеудің өз иісі болады. Құмырсқалар тек қана ағаштардағы құрттардықұртып қана қоймайды, олар құстарға да көмектеседі. Құстар құмырсқаның илеуінің үстіне канатын жайып отырады, құмырсқалар оларды үстеріндегі биттер мен бүргелерден тазалайды. Құмырсқалардан бөлініп шыққан өткір қышқыл иістен көпке дейін құстарға бит, бүргелер жоламайды. Құмырсқаның қышқылынан дәрідәрмектер де жасайды. Құмырсқалар залалсыз, дәрменсіз жәндік болғандықтан оларға тиіспеуіміз керек.	№23 1.Кемпірқосақты бақылау Мақсаты: өлі табиғаттың бір бөлігі ретінде кемпірқосақ туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру. Бақылау барысы Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады. - Жарқылдан соң жаңағы, Суға бөкті бар алап. Көкте түрлі жолақты, Өрнек тұрды ғаламат. (кемпірқосақ) - Жаңбыр жуды жерімді, Көкте өрмек керілді. (кемпірқосақ) Жаңбыр жауып, күннің көзі көрініп тұрған мезгілде аспаннан кемпірқосақты байқауға болады. Ол жаңбыр тамшылары арасынан күннің сәулесі өткен уақытта көрінеді. Жаңбыр тамшылары неғұрлым үлкен болса, кемпірқосақ соғұрлым анық көрінеді. Кемпірқосақта жеті түс бар: қызыл, қызғылт, сары, жасыл, көгілдір, көк, күлгін. Бұлар барлық уақытта осы бір ретпен орналасады. Балаларға сұрақтар: ♦ Кемпірқосақ қай уақытта пайда болады ? ♦ Ол қай уақытта жоғалады? ♦ Кемпірқосақ қандай құбылыс, қалай пайда болады? Тәрбиеші балаларға тапсырма береді. Асфальт бетіне түрлі-түсті борлармен кемпірқосақтың суретін салу. 2.Еңбек: Балабақша ауласын қоқыстан тазалау. Мақсаты: аула тазалаушыға көмек беру, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу. 3.Қимылды ойын «Қасқыр қақпан». Мақсаты: Ойын шартының дұрыс орындалуын бақылау, ойын кезінде байқампаз болуға баулу. Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту. Мақсаты: арқасымен алға қарай жүруге жаттықтыру. 4.Жеке жұмыс: Халық болжамы. Кемпірқосақ кешке көрінсе, ертесіне күн ашық болады 5.Еркін ойын

	♦ Құмырсқалардың қандай пайдасы бар? ♦ Олар өз илеулерін қайда салады? ♦қане біздің құмырсқалар қалай жұмыс істеп жүр екен, қарайықшы! (олар өздінің ізімен, бірінен соң бірі илеулеріне қарай ағылуда) Зерттеу қызметіҚұмырсқалардың бір жолына құм, бір жолына қант себу. Олардың қалай әрекет ететінін бақылау. 2.Еңбек Ойын алаңын тазалау. Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білулерін жалғастыру. 3.Қимылды ойын «Итеріспек». Мақсаты:Белгілі бір кеңістікте жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру; 4.Жеке жұмыс: аяқ киімдерін оң киюлерін үйрету 5.Еркін ойын	
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен шешуін қадағалау , топқа киетін аяқ киімдерін киюі және т. б.	
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту, сүлгіні іліп қою,) Тамақтану (өз орнын отыру, дұрыс отыру, ас құралдарын дұрыс ұстау, тамақты ұқыпты ішу, сөйлеспеу, Алғыс айту)	
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау (<i>тыныш музыка тыңдау</i>). Ертегі оқу (<i>көркемдік қызмет</i>)	
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	«Шапалақ!» Балалар шеңберге тұрып, қолдарын созады. Тәрбиеші 3 дегенде барлықтары қолдарымен бірдей шапалақ соғулары тиіс. -Балалар, сендердің көңіл-күйлерің қандай? Жаксы көңіл-күйлерінді көрсетіндерші. -Көңілді болғанда не істейміз? -Ренжігенде.. -Қорыққанда.. -Қуанғанда.. -Таң қалғанда.. Шапалақты тыңда Балалар шеңбер бойымен жүреді. Жүргізуші алақанын соққанда, балалар бір аяқпен, екі рет шапалақтағанда қолдарын екі жақа созып, үш рет шапалақтағанда жүруін жалғастырады. - Қанша дыбыс естідіңдер? Жүргізуші қарындашпен бірнеше рет үстелді соғады, ал балалар естіген дыбыстарын саусақпен көрсетеді.	
Бесін ас	Бесін ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау (<i>мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі</i>) балалардың тамаққа назарын аудару, мәдени тамақтануға тарту.	
Балалардың дербес әрекеті (<i>баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер</i>)	Ү/ү ойын: «Түсін тап!» Міндеті: ойыншықтардың түсін атай отырып, қысқышпен өз ыдысына салу. (<i>танымдық, коммуникативтік дағдыны дамыту</i>)	Не қалай дыбыстайды? Мақсаты: Құстардың сайраған дыбыстарын тыңдату арқылы әр құстың дыбысын ажырата білуге үйрету. (<i>әлеуметтік , коммуникативтік дағдыны дамыту</i>)
Балалармен жеке жұмыс (Баланың жеке даму картасы)	<i>Балалармен қорытынды бақылау жүргізу</i>	
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау. Ретімен киіну(ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау.	
Серуен	№22 кешен бойынша серуенді бекіту	№23 кешен бойынша серуенді бекіту
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен шешу, өлеңдерді, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, санау және т. б. (көркем сөз, ойын әрекеті)	

Кешкі ас	Кешкі ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау <i>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі)</i> балалардың тамаққа назарын аудару, мәдени тамақтануға тарту <i>(сөйлеуді дамыту)</i>	
Ата аналарға кеңес. Балалардың үйге қайтуы.	Ата- аналарға кеңес: Ауа райына байланысты киіндіру.	Ата- аналармен баланың, денсаулығы туралы сөйлесу.

Тексерілді:



Тәрбиелеу- білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: **№37 «Бәйтерек» бөбекжай-бақшасы**
 Топ: **«Балапан» кіші топ**
 Балалардың жасы: **2 жас**
 Жоспардың құрылу кезеңі: **13-17 мамыр айы 2024 оқу жылы**

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 13.05.2024	Сейсенбі 14.05.2024	Сәрсенбі 15.05.2024	Бейсенбі 16.05.2024	Жұма 17.05.2024
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу .				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен денсаулық, күнделікті үй режимі, тәрбие, даму және оның жетістіктері туралы әңгімелер, жыл мезгілдеріне арналған киім туралы кеңестер.				
	Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға күн тәртібін сақтау туралы; баланың д/с мінез-құлық ережелері туралы еске салу.	Жеке гигиена дағдыларын қалыптастыру туралы ата-аналармен жеке әңгімелер.	Отбасылық тәрбие мәселелері бойынша жеке консультациялар.	«Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру» туралы ата-аналармен жеке әңгімелесу.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Үстел үсті ойыны «Текшелер» Міндеті: өз ойын текшелер арқылы бейнелей алуға үйрету. (танымдық, коммуникативтік дағдыны дамыту)	Д.о: «Күнді құрастыр» Міндеті: күн туралы түсінік беру, күннің түсін, пішінін айта отырып, шуағын құрастыру. (коммуникативтік, физикалық, танымдық дағдыны дамыту)	"Сакқұлақ" дидактикалық ойыны Мақсаты: Есту қабілетін дамыту, сөздік қорларын толықтыру. шығармашылы дағды).	Үстел үсті ойыны «Ұқсасын тап» Міндеті: заттарды көлемі бойынша ажырата алуға үйрету. (таным, коммуникативтік дағды)	«Түрлі түсті көбелек» Міндеті: Көбелектер туралы сурет қарау, көбелектердің түстеріне қарай көбелектерді жинау. (танымдық, әлеуметтік дағды)
Таңертеңгі жаттығу	ТАҢҒЫ ЖАТТЫҒУ КЕШЕНІ №17 Мамыр 3-4 апта Кіріспе бөлімі: Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау. Шеңбер бойымен денені тік ұстап, адымдап жүру. Шеңбер бойымен тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау. Б.қ.: «Жел соқты» Аяқтар алишақ қойылған, қолдар жоғарыда, оңнан - солға, солдан- оңға иілу. /6 рет қайталау./ Б.қ.: «Су тасу» Аяқты алишақ қоямыз, жұдырықты түйіп, қолды жанға қою. Оң және сол иықты кезек жоғары көтеру. / 5 рет қайталау/ Б.қ.: «Шапалақ» Аяқтарын алишақ, қолды жанға созу. Секіріп аяқты біріктіру. Қолды жоғары созып, шапалақтау. «Шапалақ» деп айту. /6 рет қайталау./ Б.қ.: «Үлкен- кіші» Аяқты алишақ қоямыз, қолды жанымызда, отырамыз «кіші» деп айту, тұру «үлкен» деп айту. / 6 рет қайталау/ Қорытынды: Шеңбер бойы еркін жүру. Маршпен жүру.				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту, сүлгіні іліп қою, көркем сөзді қолдану.				

	Тамақтану (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас құралдарын дұрыс ұстау, тамақты ұқыпты ішу, сөйлеспеу, Алғыс айту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалар мен педагог бірлесіп, қызығушылықтары бойынша қызмет түрін таңдайды, ойын ережелерін келісіп алады.				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Қимылды ойын: “Допты қуып жет” Міндеті: Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу. балаларды шыдамды, сабырлы қалыпта берілген белгіні тыңдауға,тез жүгіругі, түстеріңн көлемін ажырата білуге баулу. Шарты: бұл ойынға 5-6 бала, тәрбиеші басқаруымен қатыса алады.Тәрбиеші доптарды себетке салып алып,балалрдың алдына домалатып жібереді». Допты қуып жет»деген белгі бойынша ,балалар допты ұстап алып тәрбиеші ұстап тұрған себетке салуы керек. Дидактикалық ойын: Тақырыбы: «Түрлі түсті шар» Міндеті: Балаларға көлемі, пішіні, түсі бойынша ұқсас біртекті заттарды топтастыра алады. Балалар түстерді ажырата алады. Шарты: Тәрбиеші балаларға шарды таратады да,өзі бір түсті атайды. Орнында отырған бала тез орнынан тұрып , ортаға жүгіріп шығуы тиіс. <i>(физикалық,таным, коммуникативтік, танымдық дағдыны дамыту)</i>	Дене шынықтыру Қимылды ойын: «Күн мен түн» Міндеті: Балаларға жыл бойы медицина қызметкерінің жетекшілігімен балалардың денсаулығы мен жергілікті жағдайлар ескеріліп, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Балалардың ойынға деген қызығушылықтарын ояту, ой-өрісін дамыту. Шарты: Алаң ортасына көлденең сызық сызылады да, оған карама-қарсы екі жағынан әрбір метр сайын тағы екі сызық сызылады. Ойыншылар саны жағынан бірдей екі топқа бөлінеді. Топтың біріне «күн», екіншісіне «түн» деп ат қойылады. Ойын жүргізуші топтың бірінің атын атайды. Мәселен: ойын жүргізуші «күн» деп дауыстаса, «түн» тобындағы ойыншыларды мәре сызығына дейін қуып барады. Дидактикалық ойын: Тақырыбы: «Біреу және көп» Міндеті: Балаларға түрлі балалар әрекеттерінде көз бен қол үйлесімділігін, қолдардың ұсақ моторикасын дамыту. «Біреу және көп» ұғымын ажырата алуға үйрету. Шарты: Тәрбиеші балалардан заттардың арасынан бір және көп заттарды табуды өтінеді. Мысалы: сағат біреу- сиыр	Музыка Ән тыңдау: «Көктем әні» Міндеті: Әуен ырғағын тыңдап, кейіпкерлерді ойындар арқылы тану, әннің сөзін анық айтуын дамыту, ән, музыка арқылы көктем көріністерін сезіне білуге, көктем құбылыстарын ажырата білуге үйрету. Ән тыңдау: «Көктем әні» Оразбекова Н.М Ән айту: «Әке» «Ана» деп сөйлей алаламыз» Әуенді ырғақты қимыл: «Бұл не?» Оразбекова Н.М Ойын: «Гүл жинау» Шарты: Музыка ойналғанда балалар серуенге шығып, шеңбер бойы айналып ақырын жүре бастайды. Ортада шашылған әр түрлі гүлдерді себетке жинайды. <i>(физикалық, коммуникативтік, шығармашылық дағдыны дамыту)</i>	Дене шынықтыру Қимылды ойын: «Өз үйінді тап» Міндеті: Балаларға ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу. түстерді ажыратуға жаттықтыру, қабылдауын дамыту, ойынның ережесін сақтауға үйрету. Қажетті құралдар: түрлі-түсті дөңгелектер Ойын барысы: Балаларға түрлі-түсті дөңгелектер таратып, түстерін атау. Белгі бойынша балалар дөңгелектерінің түсі бойынша үлкен шеңберлер жасап өз үйлерін жылдам тауып, тұра қалу. Дидактикалық ойын: «Өзім және отбасым» Міндеті: кітаптағы суреттерді қарау, олардың мазмұны бойынша сұрақ-жауаптар құрастыру, көлемі бойынша шағын өлеңдер мен тақпақтар жаттауды бекіту. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату ойындарда кейіпкерлердің бейнелерін қарапайым түрде бере алады отбасы мүшелерін таниды, қадірлейді..Ойын шарты: суреттер бойынша әнгіме жүргізу. Отбасындағы ата мен әже, ата - баба болып келеді, әкең мен шешен, ата - ана. Ал әпке, аға, ата - ана, балалар отбасының мүшелері болады. <i>(физикалық,таным, коммуникативтік,</i>	ДҰО: Тақырыбы: «Түсі бойынша жина» Міндеті: Балаларға көлемі, пішіні, түсі бойынша ұқсас біртекті заттарды топтастыра алады. дөңгелек, ұзын пішіндерге ұқсас заттарды бейнелейді; қағаздың қасиеттерін біледі. Түстерді ажырата білуге, оларды таңдап алу, топтастыруға үйрету. Шарты:. Көбелектерді түсі бойыншабірнеше топтастырып жинайды.Тәрбиеші қандай түсті атаса, сол түске сәйкес көбелектерді көрсетеді. <i>(физикалық, коммуникативтік, танымдық, әлеуметтік, шығармашылық дағдыны дамыту)</i>

		көп; бір аквариум-көп балық (физикалық, танымдық, коммуникативтік дағдыны дамыту)		шығармашылық дағдыны дамыту)	
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтары мен спорттық керек-жарактарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу. Ретімен киіну(ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (<i>өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту</i>)				
